

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



ДАҢҚТЫ
50
ЖЫЛ

Қазақстан
КОММУНИСТІ

8

АВГУСТ

1970

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және СЯСИА ЖУРНАЛЫ

8 АВГУСТ 1970

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді

КПСС-ТІҢ КЕЗЕКТІ XXIV СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

**КПСС Орталық Комитеті Пленумының
1970 жылғы 13 июльде қабылдаған қаулысы**

1. КПСС-тің кезекті XXIV съезі 1971 жылғы мартта шақырылсын.

2. Съездің мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1) КПСС Орталық Комитетінің есепті баяндамасы — баяндамашы КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. БРЕЖНЕВ жолдас.

2) КПСС Орталық Тексеру комиссиясының есепті баяндамасы — баяндамашы Тексеру комиссиясының председателі Г. Ф. СИЗОВ жолдас.

3) КПСС XXIV съезінің СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1971—1975 жылдарға арналған бесжылдық жоспары жөніндегі Директивалары — баяндамашы СССР Министрлер Советінің Председателі А. Н. КОСЫГИН жолдас.

4) Партияның орталық органдарын сайлау.

3. КПСС XXIV съезіне өкілдіктің мынадай нормасы белгіленсін: партияның 2900 мүшесінен шешуші дауыспен бір делегат және партия мүшелігіне 2900 кандидаттан кеңесші дауыспен бір делегат.

4. КПСС XXIV съезіне делегаттар партияның Уставына сәйкес облыстық, өлкелік партия конференцияларында және одақтас республикалар Компартияларының съездерінде жабық (жасырын) дауыс беру жолымен сайланады. Украина, Белоруссия, Өзбекстан және Қазақстан Компартияларынан КПСС съезіне делегаттар облыстық партия конференцияларында сайланады.

Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, ішкі және шекара әскерлерінің партия ұйымдарында есепте тұрған коммунистер КПСС XXIV съезіне делегаттарды облыстық, өлкелік партия конференцияларында немесе одақтас республикалар Компартияларының съездерінде тиісті территориялық партия ұйымдарымен бірге сайлайды.

Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотының шет елдерде жүрген бөлімдерінің партия ұйымдарында есепте тұрған коммунистер КПСС XXIV съезіне делегаттарды тиісті әскер құрамаларының партия конференцияларында сайлайды.


ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

1970 жылғы 28 июльде Алматыда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің кезекті пленумы болды.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. ҚОНАЕВ жолдас «КПСС Орталық Комитетінің 1970 жылғы июль Пленумының қорытындылары және республика партия ұйымының міндеттері» туралы баяндама жасады.

Пленум КПСС Орталық Комитетінің 1970 жылғы июль Пленумының шешімдерін тұтасымен және толық мақұлдап, бұл шешімдерді бұлжытпай басшылыққа алу және орындау жөнінде қаулы қабылдады.

Орталық Комитеттің пленумы партия, совет және ауыл шаруашылығы органдарының КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерін іс жүзіне асыру жөніндегі нақты міндеттерін белгіледі, республиканың коммунистерін, комсомолецтерін, колхозшыларын, совхоз жұмысшыларын, мамандарын, өнеркәсіп орындарының, құрылыс ұйымдарының жұмысшыларын және республиканың барлық еңбекшілерін ауыл шаруашылығы өндірісін одан әрі өрге бастыру жолындағы, партияның XXIV съезін және Қазақ ССР-нің 50 жылдығын лайықты табыспен қарсы алу жолындағы күресті белсене өрістетуге, астық, ет, ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін өндіруді және мемлекетке сатуды биылдың өзінде-ақ едәуір молайтуды қамтамасыз етуге шақырды.





**«Қырғыз * Автономиялы Советтік
Социалистік Республикасын құру туралы»
ВЦИК пен Халық Комиссарлары Советінің
Декреті**

26 август 1920 ж.

Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі Совнаркомның 1919 жылғы 10 июльдегі декретіне қосымша (Заңдар жинағы, 1919 ж., № 36, ст. 354) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. РСФСР-дің бір бөлегі ретінде Қырғыз Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы құрылсын, оның құрамына бұрынғы әкімшілік шекаралары бойынша мына облыстар енгізілсін:

а) Құрамында Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері бар Семей облысы;

б) Құрамында Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері және Омбы уезінің бір бөлегі бар Ақмола облысы;

ЕСКЕРТУ: Омбы уезінің қырғыз және Сибирь бөлектерін дәл анықтау Қырғыз Революциялық Комитеті мен Сибирь Революциялық Комитетінің келісімі бойынша жүзеге асырылады;

в) Құрамында Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездері бар Торғай облысы;

г) Құрамында Орал, Ілбішін, Темір және Гурьев уездері бар Орал облысы;

д) Закаспий облысының Маңқыстау уезі: осы облыстың Красноводск уезінің 4-ші және 5-ші Адай болыстары;

е) Астрахань губерниясынан: Синеморск, Бөкей ордасы болыстары, 1-ші және 2-ші Приморск округіне шектес жатқан қазынаның бұрынғы кесімді пайдалануда болған жерлері. Теңіз жағалауы мен Сафронов, Ганюшкин және Николаев болыстарын алатын болсақ, ол шаруашылық жағынан өзге, барлық қарым-қатынастары жағынан, Қырғыз Революциялық Комитетінің қарауында қалады. Астрахань атқару комитеті жанынан тұрғын халқы аралас облыстардың өзара қарым-қатынасын жан-жақты реттеп отыру үшін Астрахань атқару комитеті мен Қырғыз Революциялық Комитетінің өкілдерінен комиссия құрылсын.

2. Қазір Түркстан республикасының құрамына еніп отырған Қырғыз территориясын Қырғыз Республикасының құрамына қосу осы облыстар халықтарының өз тілектері бойынша жүзеге асырылады.

3. Автономиялы Қырғыз Советтік Социалистік Республикасының басқару органдары депутаттардың жергілікті Советтері, Қырғыз Советтік Социалистік Республикасының Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі болып табылады.**

Бүкілроссиялық Орталық
Атқару Комитетінің Председателі:

Халық Комиссарлары
Советінің Председателі:

* 1925 жылғы апрельге дейін республикамыз Қырғыз (Киргиз) АССР-і деп аталып келген болатын. Ал 1925 жылғы 19 апрельде Қазақ АССР-і Советтерінің V съезі қазақ халқының тарихи атын қалпына келтіру және Қырғыз АССР-ін Қазақ АССР-і деп атау туралы қаулы қабылдады.

** Декрет үзінді күйінде жарияланып отыр.



ҚАЗАҚ ССР МЕН ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНА 50 ЖЫЛ



МЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БЕРЕКЕЛІ БОЛСЫН

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛ шын мәнісінде даңқты жыл, ұлы мерекелер жылы болды. Бүкіл совет халқы, барша прогресшіл адамзат дүниеде теңдесі жоқ кемеңгер көсеміміз, асқан ойшыл Владимир Ильич Лениннің туғанына жүз жыл толуын тасқындаған шабытпен, шексіз қуанышпен атап өтті. Бұдан кейін іле-шала Жеңіс күнін мейрамдадық. Енді Қазақстан еңбекшілері Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының елу жылдығын тойлап отыр. Бұл мерекелердің бәрі бір-бірімен сабақтас, өзара тығыз байланысты.

1970 жылғы 19 июньде республикалық газеттерде саяси маңызы ерекше документ — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің республика еңбекшілерінің осы даңқты мерекесі жайындағы қаулысы жарияланды. Бұл қаулыда Қазақстан еңбекшілерінің жарты ғасыр ішінде жүріп өткен жолы, қаһармандық күресі мен жеңістерінің тарихы суреттелген, жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, советтік интеллигенцияның ерен еңбегімен жасалған келелі өзгерістер, қол жеткен таңғажайып табыстар бейнеленген.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының дүние жүзілік-тарихи жеңісі нәтижесінде, В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясының жетекшілігімен қазақ халқы ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, әлеуметтік және ұлттық бостандық алды. Советтік Қазақстан тарихи қысқа мерзім ішінде қуатты индустриясы, механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығы, алдыңғы қатарлы мәдениеті бар гүлденген республикаға айналды. Республикамыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетудегі, жаңа социалистік тұрмыс орнатудағы бұл жеңістер лениндік идеялардың нақты жүзеге асқанын, Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының толық салтанат құрғанын паш етеді.

✓ Қазақ халқының тұңғыш рет өз мемлекетіне ие болуы В. И. Лениннің аталық қамқорлығының арқасы, қазақ совет автономиясын құру жолында Коммунистік партия мен Совет үкіметі қиын-қыстау кезеңде-ақ жүргізген қыруар әзірлік жұмысының нәтижесі. Бұл жерде қазақ мемлекеттігінің қалай пайда болғанын қысқаша еске салып өткен жөн. 1919 жылғы июльде В. И. Ленин қол қойған декрет бойынша Қырғыз (қазақ) өлкесін басқаратын Революциялық Комитет ұйымдастырылды, содан бір жыл өткеннен кейін, 1920 жылғы 26 августа «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру туралы» лениндік декретке қол қойылды. Бұл күн Қазақ ССР-інің туған күні ретінде тарих-

ка еді. 1920 жылғы 4 октябрьде ашылған Қазақстан Советтерінің Бірінші Құрылтай съезі Россия Федерациясының құрамында Қазақ АССР-інің құрылғанын жариялап, «ҚАССР еңбекшілер праволарының декларациясын» қабылдады.

Қазақстандағы партия ұйымдарын топтастыру жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті 1920 жылғы апрельде құрған облыстық бюро үлкен роль атқарды. 1921 жылғы июньде болып өткен Бірінші Қазақстан облыстық партия конференциясы жергілікті партия ұйымдарын біртұтас облыстық ұйым етіп біріктірді. Мұны өзі Қазақстан Коммунистік партиясының тарихындағы аса маңызды кезең болды. Республика партия ұйымы еңбекшілерді социализм орнату жөніндегі лениндік программаны жүзеге асыруға жұмылдырды.

Қаулыда атап көрсетілгеніндей, Қазақстан партия ұйымы еңбекшілерді интернационализм мен халықтар достығы рухында тынбастан тәрбиелей отырып, ұлтшыл уклонистерге, троцкистер мен оңшыл оппортунистерге қарсы батыл күрес жүргізді, Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын және социализм орнатуға бағытталған сара жолын бұрма-лаған барлық антипартиялық топтарды әшкерелеп, талқандады.

Қазақстанның экономикалық және мәдени мешеулігін жою, оның капиталистік даму сатысынан аттап өтіп, социализмге аяқ басуын камтамасыз ету жолындағы күрес кезеңдерінің бәрінде де Қазақстан партия ұйымы лениндік Коммунистік партияның айбынды да сенімді отряды болды және болып та отыр.

Советтерді жан-жақты нығайту, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу, ірі шонжар бай-феодалдардың мал-мүлкін конфискациялау және басқа әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасау арқылы ауылдағы патриархтық-феодалдық қатынастардың тамырына балта шабылды.

Қазақстанда индустрияландыру ісін жүзеге асыруда Коммунистік партия ұдайы басшылық жасап, қамқорлық көрсетіп отырды. Совет мемлекеті Қазақстанның табиғат байлықтарын игеруге қыруар қаржы бөлді. Бұл істе еліміздің барлық халықтары, ең алдымен ұлы орыс халқы қазақ халқына шынайы достық бейілімен, жанашырлық сезімімен туысқандық жәрдемін берді. Осының нәтижесінде алғашқы бесжылдықтар ішінде Түркстан — Сибирь темір жолы, Қарағанды шахталары, Балқаш мыс қорыту және Шымкент қорғасын заводтары, Ақтөбе химия комбинаты мен Семей ет-консерв комбинаты, Кенді Алтайдың бірқатар кәсіпорындары, Ембі мұнай кәсіпшіліктері іске қосылды. Қазақстан үздік техникамен жабдықталған, көп салалы өнеркәсібі бар индустриялы-аграрлы республикаға айналды.

Республикада өнеркәсіп ошақтарының құрылуымен қатар қазақ еңбекшілері өндіріске кеңінен қатыстырылып отырды, жұмысшы табы мен ғылыми-техникалық интеллигенцияның ұлттық кадрлары өсіп жетілді. Бұл іске еліміздегі өнеркәсіп орталықтарының, ең алдымен Москва, Ленинград, Донбасс, Харьков, Баку, Свердлов жұмысшыларының, инженерлері мен техниктерінің қызу ат салысқанын ерекше атап өту керек. Қаулыда айтылғандай, «Қазақстанда совет жұмысшы табының ұлттық отрядының қалыптасып дамуы, оның қоғамдағы жетекшілік ролінің нығаюы социализм құрылысының аса маңызды қорытындыларының бірі болды».

Қазақстан партия ұйымы ауыл шаруашылығын социализм арнасына салу жөніндегі лениндік идеяларды жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізді. Коммунистік партияның жетекші нұсқауларын қолдана отырып, Совет мемлекеті мен жұмысшы табының жан-жақты көмегіне, алғашқы совхоздар мен колхоздардың тәжірибесіне сүйене отырып, республика коммунистері осы үлкен істің үдесінен шыға білді. Коллективтендіру барысында Қазақстанда бір миллионнан астам ауыл-село кедейлері мен орташалары колхоздарға кіріп, социализм жолына түсті. Жаппай коллективтендіру негізінде бай-кулактар тап ретінде құртылып, адамды адамның қанаушылығы мәңгі-бақи жойылды, ауыл шаруашы-

лығында социалистік өндірістік қатынастар орнықты. Коллективтендірумен қатар көшпенділер мен жартылай көшпенділердің түпкілікті қоныстандырылуы нәтижесінде қазақ шаруасының тұрмыс салты мен тіршілік жағдайы мықтап өзгерді.

Ұлы Лениннің өсиеті бойынша Қазақстанда мәдени революция жүзеге асырылды. Мұның өзі тамаша жемістерін берді: халықтың сауатсыздығы жойылып, жалпы білім беретін көптеген мектептер, мәдени-ағарту мекемелері, жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындары ашылды, ғылым, әдебиет, өнер қарыштап өркендеді, сөйтіп қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті жасалды.

Елімізде социализмнің жеңіп шығуы Қазақстан партия ұйымдарының сұрапыл қиын жағдайда, шиеленіскен тап күресінің от-жалынында жеткен табыстарын баянды етіп, республикамыздың экономикасы мен мәдениетін бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өркендете беру үшін кең өріс ашты. Социализмнің жеңіп шығуы нәтижесінде халықтың әлеуметтік құрамында түбегейлі өзгерістер болды, совет қоғамының моральдық-саяси бірлігі нығайды.

1936 жылғы декабрьде қабылданған СССР-дің жаңа Конституциясы социализм жеңістерін, совет қоғамының саяси, экономикалық және мәдени тіршілігінде болған өзгерістерді заң жүзінде баянды етті. Қазақ автономиялы республикасы одақтас республика болып қайта құрылды. Қазақстан Советтерінің оныншы Төтенше съезі 1937 жылғы мартта Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясын қабылдады. Қазақ республикасы терезесі тең одақтас республика ретінде тікелей СССР-дің құрамына кірді. Сонымен қатар өлкелік партия ұйымы Қазақстан Коммунистік партиясы болып қайта құрылды. 1937 жылғы июньде Қазақстан Компартиясының бірінші съезі болды.

Советтің қоғамдық және мемлекеттік құрылысының мызғымас беріктігі, халықтардың достығы мен моральдық-саяси бірлігінің құдіретті күші талай-талай тар жол, тайғақ кешулерде, әсіресе Ұлы Отан соғысының от-жалынында қатал сыннан өтті. Дүние жүзінде марксизм-ленинизм идеологиясына, совет идеологиясына төтеп бере аларлық ешқандай күш жоқ екендігі жалпы әлемге айдан анық танылды.

Соғыстан кейінгі жылдары Совет елі халық шаруашылығын қысқа мерзім ішінде қалпына келтіріп қана қоймай, жедел қарқынмен ілгері дамыта білді. Қазақстанда Қарағанды металлургия заводы, Өскемен су электр станциясы, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Ақтөбе хром қоспалары заводы, Семей және Шымкент цемент заводтары сияқты ірі өнеркәсіп орындарының құрылысы кең өріс алды.

Қазақстанда кен алқапта тың және тыңайған жерлердің игерілуі қаһармандық еңбек дастаны ретінде тарихқа еніп, ел аузындағы аңызға айналды. КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметі бұған ерекше көңіл бөліп, республикамызға мол қаржы, қыруар техника мен құрал-жабдық берді. Тың эпопеясына туысқан халықтар түгел ат салысты. Тың және тыңайған жерлерді игерудегі үздік жетістіктері үшін, елімізде жаңадан ірі астық базасын жасап, астық өндіруді едәуір арттырғаны үшін Қазақ ССР-іне Ленин ордені берілді.

Қазіргі кезде Қазақстан еңбекшілері КПСС XXIII съезінің және Орталық Комитет Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыра отырып, шаруашылық пен мәдениет құрылысының барлық салаларында тамаша табыстарға жетті. Партияның шешімдеріне сәйкес елімізде жүргізіліп отырған экономикалық реформа, бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанда да игілікті нәтижелерін беруде. Қазір республикадағы өнеркәсіп орындарының дені жаңа система бойынша жұмыс істейді. Бұлар өткізілетін барлық өнімнің 88 процентін өндіреді. Экономикалық реформа тұсында өндірістің тиімділігін барынша арттыру, бұл үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін кеңінен пайдалану қазір ең басты міндеттердің бірі болып отыр.

Индустриялы Қазақстанның бейнесі жылдан жылға өзгеруде. Соңғы жылдары түсті және қара металлургия, электр энергетикасы, мұнай өндіру, химия, машина жасау, металл өңдеу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі өте-өте шапшаң өркендеді. Бұқтырма су электр станциясы, Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Шымкент фосфор тұздары заводы, Жамбыл қос суперфосфат заводы, Павлодар алюминий және трактор заводтары сияқты өнеркәсіп алыптары пайда болды, Қарағанды металлургия заводында жаңа қуаттар іске қосылды, атап айтқанда бүкіл елімізде теңдесі жоқ екі бірдей конвертор цехтарының болат бере бастауы айта қаларлық жаңалық болып отыр.

Қазіргі уақытта Советтік Қазақстан алуан түрлі өнеркәсіп өнімдері мен халық тұтынатын заттарды мол өндіреді, бұлардың дені революцияға дейін, тіпті алғашқы бесжылдықтарға дейін атымен болған емес. Ал біздің республикада осы күні өндірілетін өнеркәсіп өнімінің аумағын алатын болсақ, ол 1913 жылғыдан 132 есе, 1940 жылғыдан 17 есе асып түсті. Өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі жағынан Қазақстан көптеген капиталистік елдерден анағұрлым озып кетті.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде нақты шаралар белгілеп, дәйектілікпен жүзеге асыруда. Қазақстанда астық пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде көп жұмыс істелді. Совхоздар мен колхоздардың экономикасы нығайтылды. Осы бесжылдықтың төрт жылы ішінде Қазақстан мемлекетке 47,8 миллион тонна астық, 4 миллион тоннаға жуық ет, 6,7 миллион тонна сүт және басқа көптеген өнімдер берді.

Халықтың материалдық әл-ауқаты барған сайын жақсара түсуде. Оны мына мысалдардан-ақ айқын көруге болады. 1969 жылдың ішінде ғана республика еңбеккерлері қоғамдық тұтыну қорынан халыққа білім беру, медициналық қызмет көрсету ісіне және басқа қажеттерге үш миллиард сомнан астам қаржы алды; 1970 жылғы 1 январьда балалар бақшалары мен яслилерінде 543,3 мың бала, күні ұзартылған мектептер мен группаларда және мектеп-интернаттарда 363 мың шәкірт болды.

Бізде халыққа тегін медициналық жәрдем көрсететін көптеген ауруханалар, емханалар, санаторийлер бар. Революциядан бұрын Қазақстанда небәрі 244 дәрігер және 393 орта білімді медицина қызметкері болған, ал қазір 26,9 мың дәрігер, 97,4 мың фельдшер мен медсестра бар.

Республикада тұрғын үй құрылысы кең өріс алған. Тек 1959—1969 жылдардың ішінде ғана қалалар мен селоларда 56,9 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Марксизм-ленинизмнің жеңімпаз идеяларынан рухани нәр алған, лениншіл коммунистер партиясы мәпелеп өсірген совет адамының бейнесі мен сипаты бүтіндей өзгеріп, коммунизм ісіне жан-тәнімен берілген саналы да зерделі жаңа адам, жалынды патриот, айбынды интернационалист өсіп жетілді. Қазақстан партия ұйымы республика еңбекшілерін коммунизм орнату жолындағы таңғажайып ерлік істерге бастап келеді. Қазақстан Коммунистік партиясының қатарында 1920 жылдың орта шенінде небәрі 17 мыңдай адам болған еді, қазір ол 565 мың мүшесі бар іргесі тас-түйін берік ұйымға, КПСС-тің айбынды отрядтарының біріне айналып отыр. Ол өзінің ұйымдастырушылық және жетекшілік жұмысында қалың бұқараның белсенділігі мен ынта-жігеріне, Советтерге, кәсіподақтарға, комсомолға сүйенеді.

Қазақстан коммунистері қазіргі кезде бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы бұқаралық күреске басшылық етуде. Осы бесжылдықтың өткен төрт жылы ішінде өнеркәсіп өнімін өндіру 42,6 процент артты. Ауыл шаруашылығында сол мерзім ішінде одан бұрынғы төрт жылғымен салыстырғанда астық 37 процент, ет 14 процент және сүт 26 процент көп өндірілді.

Елімізде коммунизм орнату ісіне елеулі үлес қосқаны үшін республиканың 15 облысына Ленин ордені берілді, жұмысшы табының, шаруа-

лардың, интеллигенцияның 190 мың таңдаулы өкілі ордендермен, медальдармен наградталды, 1365 адам Социалистік Еңбек Ері деген атаққа ие болды.

Республика еңбекшілері В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуы құрметіне қабылдаған социалистік міндеттемелерін халық шаруашылығының барлық тарауларында абыроймен орындап шықты. Қазақстанның 114 өнеркәсіп орны, құрылыс және транспорт ұйымдары, совхоздары мен колхоздары КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советінің және ВЦСПС-тің Лениндік Мерекелік Құрмет Грамоталарымен наградталды, 500 өндіріс коллективіне Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының, Қазақ ССР Министрлер Советінің және Кәсіподақтар Советінің Мерекелік Құрмет Грамоталары берілді.

Республика еңбекшілерінің тамаша табыстары — Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының салтанат құруының нәтижесі, КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің ұдайы қамқорлық жасауының арқасы, елімізді мекендеген халықтардың шынайы достығы мен туысқандық ынтымағының игі жемістері. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысында атап көрсетілгеніндей, қазақ халқы республиканың экономикасы мен мәдениетін өркендетуге ұдайы қамқорлық жасап, баға жетпес көмек көрсеткені үшін партиямыздың лениндік Орталық Комитетіне, Совет үкіметіне, ұлы орыс халқына, еліміздің барлық туысқан халықтарына шын жүректен алғыс айтады.

Шынында да қазақ халқының, республикамыздың барлық еңбекшілерінің жарты ғасыр ішінде шыққан биігі, жеткен дәрежесі таңдануға да, сүйсінуге де, мақтан етуге де татиды. Бірақ атқарылған іске, орындалған міндетке қанағат етіп, тоқмейілділікке салыну совет адамдарының дәстүріне лайық емес. Өйткені адамзаттың сәулетті болашағы — коммунизмге барар жолымызда әлі де асқар асулар көп. Елімізде коммунизм орнату, экономика мен мәдениетті өркендету жөніндегі басты міндеттер КПСС Программасында, партияның тарихи документтерінде айқын белгіленген.

КПСС XXIII съезінің және партия Орталық Комитетінің 1969 жылғы декабрь Пленумының шешімдеріне сәйкес өндіріс резервтерін жақсылап пайдалану және үнем тәртібін күшейту жаңа экономикалық реформаның өзегі болып отыр. Қазіргі кезде республика партия ұйымдарының, өндіріс коллективтерінің күш-жігері электр қуатын, отынды, қара және түсті металдарды, тыңайтқыштарды, химия өнеркәсібінің өнімдерін, машина жасау өнеркәсібінің бұйымдарын, киім-кешек, тағам заттарын, мәдени-тұрмыс және үй тіршілігі қажеттерін өтейтін товарларды барған сайын мол өндіруге, бір сөзбен айтқанда қоғамдық өндірістің тиімділігін ұдайы арттыра беруге жұмсалуда. Осыған орай әрбір кәсіпорында материалдық қорлар мен жұмыс уақытын мейлінше қатаң үнемдеу, өндіріс қуаттары мен негізгі қорларды жақсылап пайдалану ерекше маңыз алып отыр.

Күрделі құрылыс саласында партия және совет ұйымдары халық шаруашылық жоспары бойынша бөлінген қаржының толық игерілуін, тұрғын үйлер, мектептер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, ауруханалар, емханалар және басқа мәдениет-тұрмыс жайларын салу қарқынының тездетілуін көздеуге тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің 1970 жылғы июль Пленумы Л. И. Брежнев жолдастың баяндамасы бойынша «Партияның ауыл шаруашылығы саласындағы кезекті міндеттері» жөнінде қаулы қабылдап, келешекте жүзеге асырылатын шаралардың келелі программасын белгіледі.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күресте қол жеткен табыстардың нәтижесінде еңбекшілердің тұрмыс жағдайы мықтап жақсарды, сонымен бірге халықтың талап-тілегі де барған сайын өсе түсуде. Еліміздің азық-түлік жөніндегі қажеттерін то-

лық қанағаттандыру мүмкіндігі тұрғысынан алғанда ауыл шаруашылық өндірісінің қазіргі дәрежесін жеткілікті деп санауға болмайды. Сондықтан да егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін бұрынғыдан анағұрлым мол өндіру қажет болып отыр. Пленум былай деп атап көрсетті: «Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын барынша нығайту негізінде ауыл шаруашылығын неғұрлым жедел өркендету — таяу уақыттың ішіндегі ең басты және бірінші кезектегі міндеттердің бірі. Жер мен техниканы пайдалану ісін жақсарту, колхоздар мен совхоздарда қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігін едәуір өсіріп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын кемітуді көздеу қажет».

Барлық ауыл шаруашылық дақылдарының түсімділігін арттыру жолында бүкіл халықтық күрес ұйымдастырып, астық, мақта, қызылша, күнбағыс, овощ пен жеміс, картоп және басқа өнімдер өндіру мөлшерін үздіксіз өсіре беру егіншілік саласындағы аса маңызды міндет болып отыр. Осыған орай әрбір колхоз бен совхозда егіншілік мәдениетін көтеру, жер қыртысының құнарлылығын арттыру, өте-мөте шығымды тұқым сорттарын енгізу, ауыспалы егісті игеру, егіннің ысырабын жою жөнінде нақты шаралар белгілеп, дәйектілікпен жүзеге асырып отыру керек.

Пленум астық өндіруді арттыру бұрынғыша өзекті проблема болып отырғанын атап көрсете келіп, келесі бесжылдықта астықтың жалпы орташа жылдық түсімін 195 миллион тоннаға жеткізу қажет деп тапты. Келесі бесжылдықта елімізде жоспар бойынша мемлекетке жыл сайын 60 миллион тонна астық сатылып отыруы керек, сонымен қатар жоспардан тыс кем дегенде 35 процент астық көтеріңкі баға бойынша сатып алынады, яғни оның негізгі сатып алу бағасына 50 процент үстеме нарық қосылады. Қазақстанның 1971—1975 жылдары мемлекетке сататын астығының жыл сайынғы тиянақты жоспары 10 миллион 600 мың тонна мөлшерінде белгіленді. Келесі бесжылдықта егіншіліктің мақта, қант қызылшасы, күнбағыс, зығыр талшығы, овощ, картоп, жеміс, жидек, жүзім, шай сияқты өнімдері де бұрынғыдан едәуір көп дайындалуға тиіс. Барлық өнімдер бойынша мемлекеттік дайындау жоспарларын дер кезінде толық орындап отыру және жоспардан тысқары өнім сатуға белсене ат салысу — колхоздар мен совхоздардың ардақты борышы.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің таяуда болып өткен XIV пленумы әр облыс бойынша жана бесжылдықта жыл сайын өндірілуге және мемлекетке сатылуға тиісті астық мөлшерін белгіледі. Бұл ретте облыстардың әрқайсысының астық өндірісінде жеткен дәрежесі мен жер-климат жағдайлары еске алынды.

Мал шаруашылығы саласында малдың өнімділігін арттыруға, оның жемшөп базасын барынша дамытып, нығайтуға, фермалардың құрылысын тездетуге, мал шаруашылығын техникамен жарактандыруға, шошқа еті мен сүт өндіретін, ірі қара малды бордақылап семіртетін ірі өнеркәсіп комплекстерін жасауға пленумда ерекше назар аударылды.

Жана бесжылдықтың аяқ шенінде Қазақстанда өндірілетін ет мөлшері 1 900 мың тоннаға, сүт 4 370 мың тоннаға, жұмыртқа 2 миллиард 400 миллионға жеткізілуі керек. Ал бесжылдықтың аяғында сатып алынатын мал мен күс еті 1 443 мың тонна, сүт 1 850 мың тонна, жұмыртқа 1 150 миллион, жүн 117 мың тонна мөлшерінде белгіленді.

Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын мықтап нығайту жөнінде Коммунистік партия мен Совет үкіметі үлкен қамқорлық жасап отыр. Мәселен, алдағы бес жыл ішінде біздің республикамыз мемлекеттен 142 мың трактор, 70 мың автомобиль, 120 мың трактор тіркемесін, 90 мың егін жинайтын комбайн және басқа көптеген техника алады. Жана бесжылдықта еліміздің ауыл шаруашылығының мұқтажын өтеу үшін мемлекет тарапынан 77,6 миллиард сом күрделі қаржы бөлінгелі отыр, мұның ішінде 45,9 миллиард сом құрылыс-монтаж жұмысына арналмақ. Сонымен қатар бесжылдық жоспарда колхоздардың 43 мил-

лиард сомдық күрделі қаржысына қажетті мөлшерде материалдық-техникалық қор бөлінетіндігі көрсетіледі. Бесжылдықтың аяғында өндірілетін минералдық тыңайтқыш мөлшері 90 миллион тоннаға жеткізіледі, оның сапасы едәуір жақсартылады.

Ауыл шаруашылық өндірісін мейлінше интенсивті және іргелі ету үшін жерді мелиорациялаудың маңызы ерекше. Алдағы бесжылдықта жаңадан үш миллион гектар суармалы жер іске қосылады, ылғалы тым көп аудандарда 5 миллион гектар көлемінде мелиорация жүйелері салынады, кем дегенде 8 миллион гектар жерде шабындықтар мен жайылымдар мүлде жақсартылады, сонымен қатар қазіргі мелиорация жүйелері қайта құрылады.

Өндірісті механикаландыру еңбек өнімділігін арттырып, өнімінің өзіндік құнын кемітудің негізі екенін атап көрсете келіп, КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы жаңа бесжылдықта ауыл шаруашылық машиналарын, транспорт құрал-жабдықтары мен запас бөлшектерді бұрынғыдан да көп шығару, ауыл шаруашылығын электрлендіру қарқынын күшейте түсу қажет деп тапты. Сонымен қатар Пленум колхоздар мен совхоздарды механизатор кадрлармен қамтамасыз ету, ауыл-селодағы көрнекті тұлға болып отырған механизаторға мұқият көңіл бөліп, оған барынша жақсы жағдай жасау міндетін алға қойды.

Пленум тәртіпті күшейту, тапсырылған іске әркімнің жауапкершілігін арттыру, совет заңдарын қатаң сақтау қажеттігіне барлық партия ұйымдарының, партия мен мемлекет кадрларының назарын аударды. Жер туралы Заңды, колхоздың жаңа Уставын бұлжытпай орындап отыру — ауыл-село еңбеккерлерінің ең ардақты борышы.

КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумының шешімдері ауыл шаруашылығын өрге бастыру жолындағы жаңа кезең болмақ. Бұл шешімдер егіншілік пен мал шаруашылығын интенсификациялауға бағытталған. Мұның мәнісі — резервтер мен мүмкіндіктерді барынша толық пайдалану, қаржы мен еңбекті, құрал-жабдықтарды мейлінше үнемдеп жұмсау негізінде әрбір гектар жерден, әрбір мал басынан өнімді неғұрлым көп алу деген сөз.

Пленумда жасаған баяндамасында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас былай деді: «Біз белгілейтін барлық шаралар, күмән жоқ, колхоз құрылысы мен совхоздарды одан әрі нығайтуға қызмет етеді. Жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту үшін бұл шаралардың принциптік маңызы болады, бұлар коммунистік қоғам құрылысының ісіне көмектеседі».

Бүкіл совет халқы, оның ішінде Қазақстан еңбекшілері де июль Пленумының шешімдерін қызу қарсы алып, бірауыздан мақұлдап отыр. Республика партия ұйымдары барлық коммунистер мен комсомолецтерді, жұмысшылар мен шаруаларды, ғалымдар мен мамандарды осы тарихи шешімдерді жүзеге асыруға, ауыл шаруашылығын жаңа белеске көтеруге жұмылдыруы керек. Биылғы егінді төкпей-шашпай жинап алу, биылғы төлді аман өсіріп, малдың саны мен өнімділігін арттыра түсу, ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекетке сату жөніндегі жоспарлар мен міндеттемелерді толық орындап шығу коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы ұлы аттанысқа қосылған елеулі үлес болмақ.

В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуы және Қазақ ССР мен Қазақстан Компартиясының елу жылдығы құрметіндегі жарыста қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, республика еңбекшілерінің партиямыздың 1971 жылғы март айында болатын кезекті XXIV съезін келелі жаңа жеңістермен қарсы алатыны күмәпсіз.

КОММУНИЗМ ОРНАТУШЫЛАР САПЫНДА

С. НИЯЗБЕКОВ.

*Қазақ ССР Жоғарғы Советі
Президиумының председатели*

ҚАЗАҚ СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ құрылғанына 50 жыл толып отыр. Бұл — қазақ халқының, еліміздің барлық халықтарының үлкен мерекесі. Біз бұл мерекені Коммунистік партияның ұйымдастырушысы әрі көсемі, жұмысшылар мен шаруалардың бүкіл дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетінің негізін қалаушы және басшысы В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған салтанаттың жалғасы деп білеміз.

Қазақ ССР-нің 50 жылдығын республика еңбекшілері Қазақстанның экономика мен мәдениет саласындағы қол жеткен зор табыстарды, ежелгі қазақ жеріндегі Совет өкіметі жылдарында жүзеге асырылған тамаша істер мен өзгерістерді мақтана әрі қуана қорытындылай отырып қарсы алуда.

Біздің Отанымыздың туысқан халықтарының берік топтасқан, біртұтас семьясында өмір сүріп, еңбек етіп отырғанын, бүкіл совет адамдарымен бір сапта жарқын болашаққа — коммунизм жеңісіне қарышты қадам жасап келе жатқанын қазақ халқы бақыт тұтады.

Еліміздің барлық халықтары сияқты, қазақ халқының тарихында да Ұлы Октябрь социалистік революциясы бетбұрыс кезең болды. Патша өкіметінің отарлық-ұлт саясаты, орыс помещиктері мен буржуазиясының саясаты қазақтарды әрдайым көшпелі-малшылар, Орталық Россияның өнеркәсіп орындары үшін тегін мал өсірушілер, ет және мал шаруашылығы шикізатын беріп жабдықтаушылар ретінде қалдыруға тікелей бағытталды. Патша үкіметі мен қазақ ауылындағы қанаушы билеп-төстеуші шонжарларының халыққа қас бүкіл саясаты Қазақстанның өндіргіш күштерін өркендетпей, әдейі тежеумен келді. «Үстем елдің игілігі үшін қырғыздар мәңгі бақи көшпелі тайпа күйінде қалып, мемлекетке киіз, тон май, жүн мен басқа да шикізат өнімдерін жеткізіп тұруға тиісті» деп санады патша үкіметі.

Бір жағынан, феодалдар мен байлардың, екінші жағынан, патша отаршыларының ауыр езгісіне түскен еңбекші қазақ бұқарасы құрып бітуге қалды. Тек Ұлы Октябрь ғана қазақ халқын құлдықтан құтқарды, даланың ежелгі халқын өз есімімен атап, оның ұлттық мемлекеттігін қалыптастырды.

«Россия халықтары праволарының Декларациясында» баяндалған принциптерге сәйкес және қазақ халқының тілегіне орай 1920 жылғы 26 августа Қазақ АССР-ін құру туралы В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған Декрет жарияланды. Азаттық алған дала өңірінің еңбекшілері бұл документті шаттана қарсы алды. 1920 жылғы 4 октябрьде Қазақ АССР-і Советтерінің бірінші Құрылтай съезі ашылып, онда «Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының еңбекшілері праволарының Декларациясы» қабылданды.

Индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатының ойдағыдай жүзеге асырылуы елімізді социализм жеңісіне жет-

к. кізді және соның негізінде халықтардың туысқандық берік ынтымағы қалыптасты. Ал мұның өзі алға жана тарихи міндет — Советтік Конституцияға сәйкес Қазақ АССР-ін одақтық республика етіп қайта құру міндетін қойды. Сөйтіп Қазақ ССР-і суверенді советтік мемлекетке айналды. 1937 жылғы 27 мартта Советтердің Бүкіл қазақстандық Төтенше X съезі республиканың жаңа Конституциясын бекітті.

Жаңа Советтік Қазақстанның мемлекеттік өмірі осылай қалыптасып, қазақ халқының бақытты өмірі осылай басталды.

Коммунистік партияның басшылығымен, лениндік ұлт саясатының туы астында, еліміздің туысқан халықтарының, ең алдымен ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегінің арқасында Совет өкіметі жылдарында шабытты еңбек еткен қазақ халқы республика өмірінің күллі саяси, шаруашылық және мәдениет саласында ғажайып табыстарға жетті.

Қазақстанның экономикалық бейнесі танымастай болып өзгерді. Революцияға дейін ұлан-ғайыр алқапта санаулы ғана қаласымақтар болды, өнеркәсіп сілемінен патша және шетел жыртықшыларының шағын рудниктері мен қарапайым кәсіпорындары ғана болатын-ды. Отаршылар ел байлығын қорқауша жұлмалап тонады, ал халық қайыршылық пен мешеулікте өмір сүрді.

Революцияға дейінгі Қазақстан Россияның өнеркәсіп өнімінің 0,3 проценттей мөлшерін ғана өндірді. Қойнауы қазынаға лық толған бай өлкеге таға, керосин, ақыр аяғы шегеге дейін сырттан тасылушы еді.

Ал елді индустрияландырудың алғашқы жылдарында-ақ республикада Балқаш мыс қорыту және Шымкент қорғасын заводтары, Ақтөбе химия комбинаты, Орал — Ембі ауданында жаңа мұнай кәсіпшіліктері, Алтай рудниктері қатарға қосылды. Түркстан — Сибирь магистралін салу мен Қарағанды көмір бассейнін қайта құру жұмыстары аяқталды, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кең жүйесі, бірсыпыра су және жылу электр станциялары пайда болды.

Қазақ халқының феодализмнен тікелей социализмге өтуінде республиканы индустрияландырумен қатар В. И. Лениннің кооператив жоспары негізінде елдің ауыл шаруашылығын түбірінен қайта құру шешуші роль атқарды. Жеке меншік шаруашылықтарды коллективтендіру ісі, көшіп-қонып жүрген қазақтарды отырықшыландыру, оларды тек мал өсірумен ғана емес, егіншілікпен де шұғылдануға дағдыландыру шараларымен тығыз ұштастыра жүргізілді. Мұның өзі қазақ ауылының экономикасы мен тұрмысын социалистік жолмен қайта құруда, қазақ ұлтының тағдырында аса маңызды роль атқарды.

Алғашқы бесжылдықтар тұсында мәдениет саласында да маңызы өте зор күрделі міндеттер жүзеге асырылды.

Қазақстан бүгінде шырқай өркендеген индустриялы-аграрлы республика. Ол — ел өнеркәсібінің түсті металлургия, көмір жөніндегі аса ірі базасына айналды, өнеркәсіп өнімдерін өндіру жөнінен СССР-де үшінші орынға шықты. Қазір Қазақстандағы өнеркәсіп орындарының саны 23 мыңнан асып түседі, соның екі мыңнан артығы индустрия алыштары.

Республикамыз бүкіл елді тұтас алғанда қорғасын өндіру жөнінен бірінші орында, мыс қорытудан — екінші, және көмір қазу мен электр қуатын өндіру жөнінен үшінші орында келеді. Электр қуатын өндіру, көмір қазу, болат балқыту, темір рудасы мен шикізаттың басқа да маңызды түрлерін өндіру бойынша Қазақстан бірсыпыра дамыған капиталистік елдерден әлде қайда озық келеді. Осы тұста қазір республикада өндірілетін темір рудасы мен көмірдің көлемі 1913 жылы бүкіл Россия империясында өндірілгеннен екі есе асып түсетінін айта кету керек.

Советтік Қазақстан бүгінде өз өнімін дүние жүзінің 70-тен аса еліне, оның ішінде АҚШ пен Англияға, Франция мен Бельгияға, Канада мен Жапонияға жөнелтіп отырады.

Біздің өнеркәсібіміздің өркендеу қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, бесжылдықтың өткен төрт жылындағы өнеркәсіп өндірісі-

нің өсу көлемі 42,6 процент болды. Бұл көрсеткішке республиканың бірсыпыра кәсіпорындарын жоспарлау мен материалдық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшіру, өндіріске ғылым мен техниканың озық жетістіктерін енгізіп, автоматтандырудың электрон-есеп техникасының, еңбекті және басқару аппаратын жаңаша ұйымдастырудың бай мүмкіншіліктерін ұтымды пайдаланудың арқасында қол жетті.

Әсіресе бүкіл халық шаруашылығындағы техникалық прогресті қамтамасыз ететін өнеркәсіп салалары жедел қарқынмен дамып келеді. Атап айтқанда бұл—өнеркәсіптің электр энергетикасы, мұнай өндіруші, химия мен мұнай-химия, машина жасау мен металл өңдеу салалары. Мысалы, төрт жыл ішінде электр энергиясын өндіру 60 процент, мұнай өндіру бес есе, көмір қазу — 25 процент, кара металл прокаты — 5,5 есе, минералдық тыңайтқыштар — 45 процент, мақта-мата кездемесі — 2,6 есе, трикотаж бұйымдарын шығару 81 процент ұлғайды. Республикада бұрын өндірілмеген өнімнің жаңа түрлері шығарыла бастады.

Соңғы төрт жылда Қазақстанда жаңадан төрт жүзге жуық өнеркәсіп орындары мен цехтар салынып, іске қосылды. Осылардың арасында ерекше атап өтерлік бірігеі жездесетін кәсіпорындар да бар. Бұлардың қатарында кара металлургия шикізатын өндіруші Одақтағы алыптардың бірі — Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты бар.

Совет өкіметі жылдарында республиканың ауыл шаруашылығында да алып өзгерістер жасалды. Қазір Қазақстан — алуан салалы, жоғары механикаландырылған ірі ауыл шаруашылық өндірісі бар өлке, үлесіне Совет Одағындағы бүкіл егістіктің 20 проценті тиген елдің аса маңызды астықты өңірі. Біздің ауыл шаруашылығы өндірісіміздің қарқын-қуатын мына деректер айқын сипаттайды. Егістік жер көлемі революцияға дейінгі төрт миллионның орнына 32 миллион гектарға жетті, жыл сайын 20 миллион тонна дерлік астық өндіріледі, отар-отар қой мен табын-табын сиыр сан миллиондап саналады.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жылма-жыл артып келеді. Бесжылдықтың төрт жылында совхоздар мен колхоздар мемлекетке 4 002,6 мың тонна ет, 6 712,2 мың тонна сүт, 386 972 тонна жүн, 1 807 612 мың жұмыртқа тапсырды, мұның өзі жоспардағы мөлшерден едәуір асып түседі. Бесжылдықтың соңғы жылында республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлері мемлекетке 1 200 мың тонна ет, 1 600 мың тоннадан аса сүт, 100 мың тонна жүн, 600 миллион жұмыртқа тапсырғалы отыр. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлері КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдеріне сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырудың жаңа белестерін белгілеуде. Пленум КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың «Партиямыздың ауыл шаруашылығы саласындағы кезекті міндеттері туралы» баяндамасын талқылап, ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық саласын онан әрі нығайтып, еліміздің халқын жоғары сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған нақтылы шаралар белгілегені көпке мәлім.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIV пленумы КПСС Орталық Комитетінің июль (1970 ж.) Пленумының қаулысын толық мақұлдап, оның шешімдерін бұлжытпай басшылыққа алу және іс жүзіне асыру жөнінде шешім қабылдады.

Алдағы бесжылдықта Қазақстан бойынша жылына орта есеппен 24 миллион тонна астық немесе үстіміздегі бесжылдықтың төрт жылындағы жыл сайын өндірілген астықтан 20 процент артық өндірілуге тиісті деп белгіленді. Мұның өзінде бесжылдықтың әрбір жылында 10 миллион 600 мың тонна мөлшерінде астық сатып алудың тиянақты жоспары белгіленді. Ал күріш дайындауды арттыру ерекше атап көрсетілді. Яғни күріш сатып алу 1971 жылғы 200 мың тоннадан 1975 жылы 320 мың тоннаға дейін жеткізілуге тиісті.

Республикада мал шаруашылығы өнімдерін арттырудың жаңа көтеріңкі межесі белгіленді. Атап айтқанда ет өндірудің жылдық мөлшері

республикада 1 900 мың тонна, сүт өндіруді 4 370 мың тоннаға, жұмыртқаны 2 миллиард 400 миллионға жеткізу ұйғарылды. Бесжылдықтың соңында мал және құс етін сатып алу мөлшері 1 443 мың тонна, сүт — 1 850 мың тонна, жұмыртқа 1 150 миллион және жүн — 117 мың тонна болуға тиісті. Сонымен бірге КПСС Орталық Комитеті Пленумының шешіміне орай бесжылдық тұсында әрбір шаруашылық астық, мал шаруашылығы өнімін сатып алу жоспарын кемінде 8—10 процент асыра орындауды қамтамасыз етуге тиісті. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы республиканың коммунистері мен комсомолецтерін, колхозшыларын, совхоз жұмысшыларын, мамандарды, өнеркәсіп орындарының құрылыс ұйымдарының қызметкерлерін және барлық еңбекшілерді ауыл шаруашылығы өндірісін оған әрі өрге бастыру жөнінде КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы белгілеген шараларды жүзеге асыру жолында, партияның XXIV съезін лайықты қарсы алу жолында белсенді күресті өрістетуге шақырады.

Социализмнің, КПСС басшылыққа алған лениндік ұлт саясатының көркейтіп, өзгертуші өміршең ұлы күші Қазақстандағы мәдениет революция саласындағы жеңісінен айқын көрініп отыр. Көсегесі көгерген қазақ халқының мәдениет саласындағы жетістігін де революцияға дейінгі дәрежемен салыстыру мүмкін емес, өйткені ол кезде, В. И. Ленин айтқандай, бұқара оқу, ағарту және білім жөнінде шын мәнісінде жұрдай тоналған болатын.

Октябрь — ұлтымыздың рухани өмірінің гүлдену бастамасы. Совет өкіметі жылдарында халықтың мәдени дәрежесін көтеріп, ғылымды өркендету жөнінде Қазақстан тек Шығыс елдерін ғана емес, сонымен қатар неғұрлым жоғары дамыған капиталистік мемлекеттердің өзін қуып жетіп, басып озды. Республиканың 43 жоғары оқу орны мен 187 арнаулы орта оқу орнында қазір 400 мыңнан аса жігіттер мен қыздар оқиды. Жалпы білім беретін 10 мыңнан аса мектепте қазір 3 миллионнан аса бала оқып жүр. Бұл революцияға дейінгіден 29 есе артық. Ал жоғары кластар (5—10) оқушыларының саны Ұлы Октябрыға дейінгіден 330 есе асып түседі.

Бүгінде халық шаруашылығының алуан саласы мен мәдениет қызметінде 635 мың жоғары және орта білімді маман еңбек етуде, бұл революцияға дейінгі бүкіл Россиядағыдан төрт еседей дерлік артық.

Советтік құрылысқа дейін ешбір баспа немесе полиграфия өнеркәсібі болмаған өлкеде бүгін 370 газет пен журнал шығып тұрады, жыл сайын мыңнан аса тақырыппен кітап шығаратын ірі-ірі 5 баспа жұмыс істейді. Кітапханалар саны жүз есе көбейсе, кітап қоры бір мың есе ұлғайды.

Ғылым бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен өркендеді. Егер бұдан елу жыл бұрын Қазақстанда бірде-бір ғылыми мекеме болмаса, қазір 160 ғылыми-зерттеу мекемесі мен жоғары оқу орнының кафедраларында жиырма мыңнан аса ғалымдар қызмет істейді. 235 ғылым докторы мен 3 255 кандидаттың қатарында 64 доктор және 1 000 ға жуық кандидат — қазақ.

Жүзден аса ғылыми-зерттеу мекемелерін біріктіріп отырған Ғылым академиясы республикадағы ғылыми ой-пікірдің орталығына айналды. Ғылыми мекемелерінің шеңбері, ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі және маңыздылығы жөнінен одақтас республикалар академияларының арасындағы аса ірілерінің бірінен саналады.

Қазақстанның ғылымын қалыптастырып, дамыта түсуде академик Қ. Сәтбаев елеулі роль атқарды. Ал оның ғылыми еңбектері советтік геология ғылымын байытып, дамытуға едәуір септігін тигізді. Совет ғылымын дамытуға үлес қосқан Қазақстанның көптеген ғалымдарының есімдері республикадан тысқары жерде әйгілі болып отыр.

Республикамыздың денсаулық сақтау саласындағы қол жеткен табыстары да қомақты. Революцияға дейін Қазақстанның емханалары мен медицина қызметкерлері жоқтың қасы еді. 60—80 мың адамға бір дәрігерден ғана келетін және оның қызметінің қамту шеңбері жүздеген кило-

метр болушы еді. Облыстардың кейбіреуінде туған баладан өлім-жітім саны асып түсіп жатты. «Өлім-жітім саны қазір АҚШ, Англия, Франция, Италиядағыдан әлде қайда төмен. 1913 жылы бүкіл Россияда қанша дәрігер болса, бүгінде республикада сонша дәрігер қызмет етеді.

Ұлы Октябрьден кейін қалыптасқан қазақтың түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті Совет өкіметі жылдарында бұрын болып көрмеген дәрежеде өркендеп гүлдене түсті. Тұңғыш театрды өнерге бұқара арасынан келген өнерпаздар 1926 жылы құрған болатын. Орыс сахнасы шеберлерінің көмегі арқасында сол театр қазақ мәдениетінің іргелі шаңырағына, ұлттық театр кадрларын даярлау дүкеніне айналды. Бүгінде республикада 23 театр, 15 филармония бар, бұларда 1 085 артист өнер көрсетеді. Солардың қатарында 12 СССР халық артисі, Қазақ ССР-нің 59 халық артисі және 145 еңбегі сіңген артисі бар. Оның сыртында 60 халық театрында мыңдаған әуесқойлар жұмысшы мен қызметкер, колхозшы артистер өнер айдынында құлаш сермеуде. Республиканың опера және балет, драма театрларының сахналарында Қазақстан драматургтары мен композиторларының туындыларымен қатар орыс және әлем классиктерінің пьесалары мен опералары, совет әдебиетінің, СССР-дің туысқан халықтары өнерінің озық туындылары қойылып келеді.

Революциядан кейін қазақ халқы тек ұлттық опера мен балетті ғана емес, сонымен қатар симфониялық және камералық музыканы, живописьті де қалыптастырып, өркендетті. Республика композиторлары А. Жұбанов пен Е. Брусиловскийдің, М. Төлебаев пен Л. Хамидидің, Г. Жұбанова мен басқалардың шығармаларын халық сүйіп тындап, орынды мақтаныш етеді. Республика артистерінің, композиторлары мен суретшілерінің есімдері елімізде ғана емес, шетелдерде де әйгілі болып отыр.

Совет өкіметі жылдарында қазақ әдебиеті шырқау шыңға өрледі. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов революциялық соны серпінді шабыттана жырлады, лепіндік идеялардың жалынды жаршысы бола білді. Әуезовтың «Абай» романы совет және әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған үздік мұра. Ол дүние жүзі халықтарының 29 тіліне аударылып, үш миллиондай дана болып басылып шықты. Қазақтың С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, Ғ. Мүсірепов және басқа жазушылары совет әдебиетінің мақтанышына айналды. Олардың туындылары да ондаған тілге аударылған.

Республиканың шаруашылық және мәдени құрылысының барлық кезеңдерінде Советтер маңызды роль атқарды. Мұның өзі заңды нәрсе. Өйткені біздің елімізде социалистік демократия неғұрлым толық және ең алдымен Советтер қызметінде айқын бейнеленеді. Оның себебі Советтер халық билігінің органы ғана емес, сонымен бірге еңбекші бұқараның мемлекетті және шаруашылықты басқаруға кеңінен қатыстыру органы болып саналады.

Коммунистік партия Советтердің ролін арттырып, олардың шаруашылық және әлеуметтік-мәдени құрылысқа басшылық қызметін барған сайын кеңейту жолында үзбей қамқорлық жасап келеді. Бұл бағыт КПСС XXIII съезінің шешімдерінде, Орталық Комитеттің социалистік демократияны жетілдіріп, Советтер жұмысын жақсартуға бағытталған бірсыпыра қаулыларында айқын баяндалды.

Қазақстанда қазір еңбекшілер депутаттарының 16 облыстық, 181 аудандық, 79 қалалық, 2069 поселкелік және селолық Советтері, қалаларда 10 аудандық Советтер қызмет істейді. Олар жұмысын экономиканы, мәдениетті, ағарту жұмыстарын жетілдіріп, денсаулық сақтау, халықтың әл-ауқатын онан әрі жақсарту жолындағы күреске бағыттауда. Еңбекшілер депутаттарының Советтері республика партия ұйымдарының басшылығымен қала мен село еңбеккерлерін өндірістік жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындау жолындағы күреске жұмылдыруда елеулі роль атқарып отыр. Жергілікті Советтер өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің мәселелеріне, жергілікті өнер-

кәсіпті дамытуға, мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайтуға, халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартуға ерекше назар аударуда. Бұл күндері олар КПСС-тің XXIV съезін лайықты қарсы алу жолындағы жарысқа басшылық етуге жұмылды.

Партияның қамқорлығы арқасында соңғы уақытта жергілікті Советтер өз жұмысын едәуір жандандырды. Советтердің сессияларына депутаттар белсене қатысып, іскерлік көрсетіп жүргенін атаған абзал. Онда сайлаушылардың мүддесіне сәйкес көкейтесті мәселелер қаралады.


Советтер кәсіпорындардың, совхоздар мен колхоздардың экономикасына терең үңіліп, өндіріс қуаттарын, жерді, шикізат, отын қорларын ұтымды пайдалануға ат салысуда. Мұның өзіне олар жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесін, шаруашылық есепті кеңінен енгізіп, өндірістің тиімділігін арттыру, товардың түр-түрін молайтып, сапасын жақсарту және өзіндік құнын кеміту мәселелеріне ерекше назар аударатын болды. Осы көкейтесті мәселелер еңбекшілер депутаттары Советтерінің сессиялары мен атқару комитеттері мәжілістерінің күн тәртібіне жиі-жиі қойыла бастады.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының экономика саласындағы қол жеткен табыстары, ғылым мен мәдениеттің шарықтай гүлденуі, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатының жақсаруы — мұның бәрі КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің ұлттық республикаларды өркендету жөніндегі күнбе-күнгі зор қамқорлығының нәтижесі, бұл — барлық туысқан халықтардың, алдымен ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегінің ұлы жемісі.

Туған республикасының 50 жылдық мүшелі мерекесін салтанатты түрде тойлай отырып, Қазақстан еңбекшілері өздерінің идеялық-саяси мызғымас бірлігін паш етуде, елді жана өмірдің сәулетшісі В. И. Ленин нұсқаған жолмен сенімді бастап отырған Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да бетер тығыз топтаса түсуде. Олар шаруашылық пен мәдени құрылысқа көрсеткен орасан зор қалтқысыз көмегі үшін КПСС Орталық Комитетіне, Совет үкіметіне, көп ұлтты социалистік Отанымыздың барлық халықтарына ыстық ықыласы мен шын пейілді алғысын арнайды.

Қазақ социалистік ұлтының социалистік құрылыс жағдайында қалыптасып, жан-жақты өркен жайғанын, оның суверенитеті нығайып, СССР-дің барлық халықтарымен тығыз ынтымақ және өзара көмек дәстүрі орнағанын біз мақтаныш сезіммен атап өтеміз. Республикамыздың жерінде жүзден аса ұлттың өкілдері жарасты өмір құрып, шабытты еңбек етуде. Олар өмірлік ортақ мүдде төңірегіне топтасып, ортақ нысанаға — коммунизмге кадам басуда.

КПСС XXIII съезінің шешімдерінде атап көрсетілгеніндей, «Совет Одағы халықтарының біртұтас туысқан семьяға бірігуі — Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ұлы жеңісі». Өздерінің интернационалдық борышын айқын сезіне отырып, Қазақстан еңбекшілері халықтардың туысқандық достығын, олардың бірлігі мен ынтымағын нығайта түсу үшін қолынан келгенін аямайды. Олар мұны Советтік Отанымыздың жеңімпаздығы мен қуатының қайнар көзі деп біледі.



КПСС-тің АЙБЫНДЫ ОТРЯДЫ

С. ИМАШЕВ,

Қазақстан Компартиясы Орталық
Комитетінің секретары

Қазақстан еңбекшілері совет халықтарының біртұтас туысқандық семьясында Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының елу жылдығын атап өтуде. Бұл даңқты мереке Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуын тойлаудан және КПСС XXIV съезіне әзірленуден туған зор саяси, еңбек өрлеуі жағдайында өтіп жатыр. Бүкіл совет халқы сияқты, Қазақстан еңбекшілері де КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың лениндік мерекеге арналған салтанатты мәжілісте және КПСС Орталық Комитетінің июль (1970 ж.) Пленумында жасаған баяндамаларында тұжырымдалған, партия мен халықты коммунизмнің жаңа творчестволық жеңістеріне жігерлендіретін қағидалар мен қорытындыларды асқан зор шабытпен қарсы алды.

Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының құрылу тарихы Коммунистік партияны ұйымдастырушы, Совет мемлекетінің негізін қалаушы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі әрі ұстазы Владимир Ильич Лениннің есімімен тығыз байланысты. КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің ұдайы әкелік қамқорлығы, күллі совет халықтарының, ең алдымен ұлы орыс халқының туысқандық көмегі арқасында Қазақстан тарихи қысқа мерзім ішінде патшалық Россияның мешеу шеткері аймағынан қуатты индустриясы, механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығы, озық мәдениеті бар советтік социалистік республикаға айналды.

Көп ұлтты Советтік Қазақстанның өндіргіш күштерді және рухани өмірді өркендетудегі орасан зор табыстарына Совет Одағы Коммунистік партиясының және күрес пен жеңістің жарты ғасырлық даңқты жолынан өткен оның айбынды отряды — Қазақстан Коммунистік партиясының басшылығымен жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың және интеллигенцияның қажырлы еңбегі арқасында қол жетті.

Қазақстанның партия ұйымдары жалпы россиялық жұмысшы және революциялық қозғалысының өсуімен, жаңа тұрпатты партияның тууымен және нығаюымен тығыз байланыста, оның құрамдас әрі ажыратқысыз бөлігі ретінде қалыптасып нығайды. Тұңғыш маркстік, социал-демократиялық топтар мен ұйымдардың пайда болуы, Ленин шығармаларының таралуы, большевиктердің белсенді қызметі, орыс, қазақ жұмысшыларының бірлесіп қимыл жасауы Қазақстанда революциялық қозғалыстың дамуына орасан зор ықпал жасады.

Петроград, Москва, Иваново-Вознесенск және басқа өнеркәсіп орталықтары жұмысшыларының революциялық қимыл әрекетінің, сондай-ақ Омбы, Саратов, Орынбор, Ташкент социал-демократиялық ұйымдары қызметінің әсерімен Қазақстан большевиктері Петропавл мен Қазалы темір жолшыларының, Спасск мен Успенск рудниктері жұмысшыларының, Риддер мен Екібастұз кеншілерінің күресін басқарды. Бүкіл елді қамтыған 1905—1907 жылдардағы революция, В. И. Ленин атап көрсеткендей, «Россияның барлық ұлттарының жұмысшыларын» біріктірді (Шығармалар, 20-том, 224-бет).

Ұлы Октябрь социалистік революциясына әзірлену дәуірінде В. И. Лениннің Апрель тезистерінің, Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясы, РСДРП(б) VI съезі қаулыларының ықпалымен Қазақстанда дербес большевиктік ұйымдар құрылды. Уақытша үкіметтің халыққа қарсы саяса-

тын, эсерлердің, меньшевиктер мен буржуазияшыл ұлтшылдардың сатқындығын әшкерелей отырып, Қазақстан большевиктері өздерінің саны аздығына қарамастан, еңбекшілер бұқарасын партия жағына тарту жөнінде қыруар жұмыс жүргізді. 1917 жылдың аяғында 30 ға жуық большевиктік ұйым, топ және жеке алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен шаруалар РСДРП(б) Орталық Комитетімен тұрақты байланыс орнатты. Петроград жұмысшылары мен солдаттарының қарулы көтерілісі жеңгеннен кейін іле-шала Қазақстан еңбекшілері Совет өкіметін орнату және нығайту күресіне аттанды. Бұл күрестің барысында Ә. Әйтиев, Т. Бокин, П. Виноградов, Ә. Жанкелдин, О. Жандосов, А. Иманов, Ә. Майкотов, М. Масапчи, Н. Монин, П. Парамонов, А. Розыбакиев, Т. Рысқұлов, П. Салов, С. Сейфуллин, К. Сутюшев, Я. Ушанов, С. Царев, А. Червяков сияқты халық бұқарасының сыннан өткен жетекшілері көзге түсті.

Еңбекшілерді Коммунистік партияның төңірегіне топтастыруда, Совет өкіметінің әлеуметтік-экономикалық шараларын жүзеге асыруда жергілікті партия ұйымдарына 1919 жылы октябрьде Владимир Ильич Лениннің инициативасымен құрылған, ВЦИК пен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Түрккомиссиясы баға жетпес көмек көрсетті. Оның құрамына партияның көрнекті қайраткерлері В. В. Куйбышев, Я. Э. Рудзутак, М. В. Фрунзе, Ш. З. Элиава және басқалары кірген болатын.

Партия ұйымдарын біріктіріп, Қазақстанда саяси жұмысты күшейту үшін партияның Орталық Комитеті 1920 жылғы 30 апрельде РКП(б) Қырғыз (Қазақ) облыстық бюросын құрды. Ол жергілікті партия ұйымдарын нығайту, қазақ советтік мемлекеттігін құруды аяқтау жөніндегі жұмысқа басшылық етті.

1921 жылғы июньде өткізілген Бірінші Қазақстандық партия конференциясы Қазақстан Коммунистік партиясының тарихындағы үлкен белес болды. Ол жергілікті партия ұйымдарын демократиялық централизм мен пролетарлық интернационализмнің мызғымас принциптері негізінде құрылған біртұтас облыстық ұйымға біріктірді. РКП(б) X және XII съездерінің шешімдерін басшылыққа алып, Қазақстан партия ұйымдары еңбекшілердің бар күш-жігерін қазақ халқының іс жүзіндегі экономикалық және мәдени теңсіздігін жоюға, аса маңызды әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыруға бағыттады.

Партияның Орталық Комитеті республика партия ұйымын нығайтуға, маркстік-лениндік теорияны Қазақстан жағдайында творчестволықпен қолдануға қабілеті бар ұлттық партия-совет кадрларын тәрбиелеуге үнемі қамқорлық жасап отырды. 1922 жылғы апрельде РКП(б) Орталық Комитетінің Қырғыз (Қазақ) бюросы құрылды. Қазақ халқының орта ғасырлықтан социализмге шапшаң өтуінде, республиканың экономикасы мен мәдениетін дамытуда, қазақ социалистік ұлтын қалыптастыруда тең праволы және суверенді республикалардың ерікті одағы — СССР-дің құрылуы өте-мөте маңызды болды.

«Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының 50 жылдығы туралы» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысында көрсетілгеніндей, еңбекшілерді интернационализм мен халықтар достығы рухында үнемі тәрбиелей отырып, Қазақстанның партия ұйымы ұлтшыл-уклонистерге қарсы, троцкистерге, оңшыл оппортунистерге қарсы батыл күрес жүргізді, лениндік ұлт саясатын бұрмалаған, социализм құрылысының лениндік жоспарын жүзеге асыруға бөгет жасаған барлық антипартиялық топтарды әшкерелеп, талқандады.

Қазақстанның партия ұйымдары елді индустрияландыруды көздеген партияның сара жолын жүзеге асыруда дәйектілікпен күрес жүргізіп келді. Түркстан — Сибирь темір жолын, Қарағанды көмір шахталарын, Балқаш мыс қорыту, Шымкент қорғасын заводтарын, Ақтөбе химия комбинатын, рудалы Алтайдың кәсіпорындарын және Ембінің мұнай кәсіпшіліктерін салып іске қосу — осының бәрі республика партия ұйымдарының тарихындағы жарқын беттер болды. Партияның Орталық Комитетінің басшылығымен,

еліміздің ірі индустриялы орталықтарының партия ұйымдары мен кәсіпорындар коллективтерінің жан-жақты қамқорлық көмегіне сүйене отырып, Қазақстанның партия ұйымдары республикада өндіргіш күштерді дамыту, техникалық интеллигенция кадрларын даярлап өсіру, ұлттық жұмысшы табын қалыптастыру жөнінде орасан зор жұмыс тындырды.

Қазақ өлкелік партия комитеті, Қазақстан жергілікті партия ұйымдары батрактар мен кедейлерге саяси тәрбие беріп, ұйымдастыру, олардың төңірегіне орташа шаруаларды топтастыру жөнінде, жаппай коллективтендіру негізінде кулактар мен байларды тап ретінде жою жөнінде практикалық үлкен жұмыс жүргізді. Республиканың ауыл-селосындағы еңбекші шаруалар арасында 20,5 мың коммунист жұмыс істеді. Партияның Орталық Комитеті жергілікті партия ұйымдарына көмек көрсету мақсатында өнеркәсіп орталықтарынан тәжірибесі мол көптеген партия қызметкерлері мен коммунистерді жіберді. Олар ауыл шаруашылығын коллективтендіру жолында кездескен қиыншылықтарды жоюға, сондай-ақ коллективтендіру ісін жүзеге асыру кезінде жіберілген қателіктерді түзетуге көмектесті.

Партияның Орталық Комитетінің басшылығы арқасында Қазақстанның партия ұйымдары мәдени революцияны жүзеге асыру жөнінде, қалың еңбекшілер бұқарасын саясатқа қатыстыру, білімге, мәдени байлыққа келту үшін қажетті жағдайлар жасау жөнінде шын мәнінде қыруар жұмыс атқарды. Толып жатқан мектептер, мәдени-ағарту мекемелері ашылды, театрлар, жоғары және орта арнаулы оқу орындары ұйымдастырылды. Мыңдаған қазақ жігіттері мен қыздары Россия Федерациясының, Украинаның, Белоруссияның, Өзбекстанның және басқа туысқан республикалардың жоғары оқу орындарына оқуға жіберіліп отырды.

Мәдени революцияның жеңісі түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің жайнап гүлденуін қамтамасыз етті. Қазақ халқы ғылым мен мәдениеттің биік шыңына көтерілді. Мәдениет қайраткерлеріне мейлінше көңіл бөлініп, қамқорлық жасалуы, халық арасынан шыққан таланттардың мәпеленіп өсірілуі, социалистік мәдениеттің партиялылығы мен халықтығы жөніндегі лениндік принциптің дәйектілікпен қолданылуы тамаша нәтиже берді.

Социалистік құрылыстың барысында республика партия ұйымдарының елеулі қиыншылықтарды жеңуіне тура келді, бұл қиыншылықтар өлкенің өткендегі экономикалық және мәдени мешеулігіне, әлеуметтік-экономикалық қайта құрылыстардың орасан зор көлемде жүргізілуіне, талқандалған контрреволюцияшыл Алашорда мен ұлтшыл-уклонистер қалдықтарының аласұра қарсылық көрсетуіне байланысты болды. Партияның Орталық Комитеті Қазақстан партия ұйымдарының осы қиыншылықтардың барлығын жеңуіне көмектесті.

Социализмнің ұлы жеңістері, совет қоғамының саяси және экономикалық өміріндегі түбегейлі өзгерістер, ұлт мәселесінің шын мәнінде демократиялық сипатта шешілуі СССР-дің 1936 жылғы декабрьде қабылданған жаңа Конституциясында заң жүзінде баянды етілді. Осы Конституцияға сәйкес Қазақ АССР-і одақтас республика болып қайта құрылды. Бұған байланысты ВКП(б) Орталық Комитетінің шешімі бойынша Қазақстанның өлкелік партия ұйымы Қазақстан Коммунистік партиясы болып қайта құрылды. Қазақстан Компартиясының 1937 жылғы июньде болған бірінші съезі Қазақстан Коммунистік партиясының құрылуын ұйымдық жағынан қалыптастырды.

Қазақстан партия ұйымының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызметі оның саяси есейгендігінің, жауынгерлік қабілеті күштілігінің айқын сипаттамасы болды. Бұған мынаны айтсақ та жеткілікті: Отан соғысының майдандарында қазақстандық 82 мың коммунист, яғни бүкіл республика партия ұйымы құрамының үштен екі бөлегі шайқасты. Қазақстанда соғыс жылдары партиямыздың қатарына 130 мың адам кірді.

Соғыстан кейінгі жылдарда республика жұмысшыларының, колхозшылары мен интеллигенциясының саяси және еңбек өрлеуін басқара отырып,

Қазақстан Коммунистік партиясы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, Өскемен су электр станциясының, Ақтөбе хром қосындылары заводының, Семей, Шымкент цемент заводтарының және басқа да көптеген ірі өнеркәсіп орындарының іске қосылуын қамтамасыз етті.

Әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты республиканың облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің, село бастауыш партия ұйымдарының жұмысы жаңадан түсті. Партияның Орталық Комитетінің, барлық туысқан республикалардың көмегі арқасында Қазақстанның еңбекшілері мен партия ұйымдары бұрын қаңырап бос жатқан жерді ауыл шаруашылығының қажетіне жаратты. Соның нәтижесінде Қазақстан еліміздегі негізгі астықты аймақтардың біріне айналды. Бұған соңғы он бес жылда республиканың мемлекетке 149,5 миллион тонна астық тапсырғанын, ал тың игеруге жұмсалған қаржының толық өтелгенін айтсақ та жеткілікті. Тың игеру ісі совет халқының ерен ерлік еңбегінің символы, интернационалдық тәрбиенің шынайы мектебі болды.

Соңғы жылдары біздің республикамыз экономика мен мәдениетті өркендету, еңбекшілердің әл-ауқатын онан әрі жақсарту беру жолында елеулі табыстарға жетті. КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1964 ж.) Пленумы, партиямыздың XXIII съезі партиялық басшылықтың лениндік нормалары мен принциптерін толық қалпына келтірді, субъективизмді батыл айыптады, еліміздің экономикалық және саяси өмірін одан әрі дамытуға қолайлы жағдай жасады. Партияның XXIII съезі мен КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының шешімдерін орындай отырып, Қазақстанның партия ұйымдары мен еңбекшілері коммунистік құрылыстың алып программасын ойдағыдай жүзеге асырып келеді.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь (1965 ж.) Пленумының шешімдері негізінде Қазақстан партия ұйымдары экономикалық реформаны жүзеге асырып келеді. Жоспарлаудың және экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне өнеркәсіп орындарының басым көпшілігі көшті. Қазіргі кезде өткізілетін өнім көлемінің 88 проценті солардың үлесінде. Соңғы жылдары қара және түсті металлургия, электроэнергетика, мұнай өндіретін, химия, машина жасайтын, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, халық шаруашылығының басқа да салалары шапшаң қарқынмен дамуда.

Қазақстанның Коммунистік партиясы, республика еңбекшілері партияның XXIII съезінің және КПСС Орталық Комитеті март (1965 ж.) Пленумының шешімдерін орындай отырып, астық өндіруге және мал шаруашылығы өнімдерін онан әрі көбейтуге, егіннің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға, суармалы егіншілікті ұлғайтуға ерекше көңіл бөлуде. Қазіргі кезде Қазақстанда 1 593 совхоз бар. Олар астықты, етті, сүтті, жүнді, қаракөнді, мақтаны, қант қызылшасын және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріп, мемлекетке сатуда көрнекті орын алып отыр. Үстіміздегі бесжылдықтың төрт жылы ішінде Қазақстан Отанымызға 47,8 миллион тонна астық, 4 миллион тоннадай ет, 6,7 миллион тонна сүт және басқа көптеген өнімдер берді.

Қазақстан партия ұйымдары жалпы білім беретін мектептердің, мәдени-ағарту мекемелерінің, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының қызметін жақсартуда және оны одан әрі дамытуда, кітап басып шығару ісін және полиграфия өнеркәсібін, ғылымды, әдебиетті және өнерді дамытуда ұланғайыр іс тындырды. Соңғы төрт жыл ішінде республика орта мектептеріне 488 мектеп қосылды. Оның 143-і қазақ орта мектебі. Жоғары оқу орындарында студенттер 155 түрлі мамандық бойынша оқытылып даярлануда. Тек соңғы он жылда ғана Қазақстанда 17 жоғары оқу орны ұйымдастырылды. Ғылым академиясында, ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелерінде, республиканың жоғары оқу орындарында 25,3 мың ғылыми қызметкер еңбек етеді.

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде партия ұйымдарына жазушылардың, журналистердің, суретшілердің, композиторлардың, кинематографистердің, сахна шеберлерінің үлкен тобы зор қолғабыс көрсетуде. Қазіргі кезде қазақ совет әдебиеті мен қазақ өнері әдеби және музыкалық ша-

ғын туындылардан бастап, көлемді шығармаларға дейінгі барлық жанрда өркен жайған. К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің, дүние жүзі және совет әдебиеті классиктерінің шығармалары қазақ тілінде көптеген тиражбен басылып келеді. В. И. Ленин шығармаларының орысша төртінші рет басылған 45 томының қазақ тілінде жарыққа шығуы республика партия ұйымдарының идеялық-саяси өміріндегі аса зор оқиға болды.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда 12 газет шығып тұрды, оның небәрі екеуі ғана қазақ тілінде болатын. Қазір республикада қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, корей тілдерінде республикалық, облыстық, қалалық, аудандық және көп тиражды 354 газет шығады. Олардың жалпы тиражы 4 миллион 56 мың дана. Ал орталық газеттер мен журналдарды қосқанда Қазақстан еңбекшілері 1960 жылғы 5 миллионның орнына биыл 15 миллион 651 мың дана әртүрлі газет, журнал алып тұрады.

Жергілікті партия ұйымдары қызметінің басты бағытының бірі — еңбекшілердің әл-ауқатын барған сайын арттыра түсу, олардың тұрғын үй және тұрмыс жағдайын жақсарту беру. 1960—1969 жылдар ішінде Қазақ ССР-нің ұлттық табысы екі есеге жуық көбейді. Бүкіл еліміздегі секілді жұмысшылар мен шаруалардың пақты табыстары едәуір өсті, екі демалысы бар бес күндік жұмыс аптасына көшу аяқталды, колхозшылардың еңбегіне кепілді ақы төлеу енгізілді. Тек 1959—1969 жылдар ішінде ғана Қазақстанның қалалары мен селоларында жалпы көлемі 56,9 миллион шаршы метрлік тұрғын үй салынды.

Партия жүргізген тәрбие жұмысының аса маңызды нәтижесі — жаңа адамның — коммунизмнің қажырлы құрылысшысының, жалынды патриоттың және интернационалистің — өсіп-жетілуі. Өздерінің тал бойында жоғары идеялылықты, ұйымшылдықты, рухани байлықты, моральдық тазалықты, тәні саулықты қабыстыруды қамтитын адамдарды коммунистік рухта тәрбиелеудің жаңа міндеттерін шешуге қолайлы жағдайлар жасалған. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары еңбекшілерді интернационалдық рухта тәрбиелеуде жан-жақты нысаналы жұмыс жүргізіп келеді.

КПСС Орталық Комитеті декабрь (1969 ж.) Пленумының директиваларын жүзеге асыра отырып, республиканың партия ұйымдары еңбекшілердің күш-жігерін бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға, өндірістің тиімділігін арттыруға және техникалық прогресті шапшаңдатуға, ішкі ресурстарды неғұрлым толық пайдалануға және үнем тәртібін күшейтуге жұмылдыруда. Үстіміздегі бесжылдықтың төрт жылы ішінде өнеркәсіп өнімінің мөлшері 42,6 процент өсті.

Осы мерзім ішінде ауыл шаруашылығының орташа жылдық жалпы өнімі осының алдындағы төрт жылмен салыстырғанда 22 процент артты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің соңғы пленумында атап көрсетілгеніндей, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарында жалпы өнім өте-мөте көп өсті. Мұның үстіне республикада астық өндіру жылына 20,3 миллион тоннаға жетті. Ет өндірудің орташа жылдық мөлшері 14 процент, сүт — 26 процент, жүн — 15 процент, жұмыртқа — 32 процент молайды. Егер 1960 жылы республикада мал, құс етін дайындау 650 мың тонна болса, ал биыл ол 1 миллион 200 мың тоннаға жетпек. Сөйтіп Қазақстан товарлы астық пен ет өндіретін аса ірі алқапқа айналып отыр.

Республика партия ұйымдары еңбекшілердің лениндік мереке құрметіндегі социалистік жарысын кең өрістете отырып, міндеттемелердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етті. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіндегі жарыста қол жеткен тамаша табыстары үшін республиканың 114 өнеркәсіп орны, құрылыс және транспорт ұйымдары, совхоздары мен колхоздары, ғылыми және мәдени мекемелері КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советінің және ВЦСПС-тің Лениндік Мерекелік Құрмет Грамоталарымен наградталды.

СССР Жоғарғы Советінің таяуда өткен сайлауы совет халқының жоғары саяси саналылығы мен патриотизмін, СССР халықтарының бауырмал достығының ұлы күшін, еңбекшілердің Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне берік топтасқандығын тағы да айқын бейнелеп берді.

Республика партия ұйымдары В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік кезінде жинақталған тәжірибені пайдалана отырып, саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуде. Бұл жұмыстар негізінен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты мәжілістің, КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1969 ж.) және июль (1970 ж.) Пленумдарының материалдарын насихаттауға, марксизм-ленинизмнің өміршең идеялары мен КПСС-тің лениндік ұлт саясатының салтанатын паш етуге, еңбекшілердің советтік патриотизм мен халықтар достығы сезімін күшейтіп, оларды еңбекке, социалистік меншікке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеуге, әр қызметкердің өзіне жүктелген міндетке жауапкершілігін күшейтуге бағытталып отыр. КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС пен ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Халық шаруашылығында өндіріс резервтерін пайдалануды жақсарту және үнем тәртібін күшейту туралы» Хатында қойылған мәселелер облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары жұмыстарының арқауына айналуға.

КПСС XXIV съезін, Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының елу жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кең дамытқан республика еңбекшілері еңбек вахтасын шабыттана өрістетіп, жаңа кәсіпорындар мен цехтарды мерзімінен бұрын қатарға қосу, өнім сапасын жақсарту жөнінде, егін орағын және басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай атқару жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдауда.

Республиканың өнеркәсібі бірінші жарты жылдық жоспарын 103,3 процент орындады. Мерекелік социалистік міндеттемелерін орындауда түсті металлургия мен энергетиканың, құрылыс материалдары, өнеркәсібі мен ет, сүт және ағаш өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары елеулі табыстарға ие болды. Қазақстан Магниткасында екінші конвертор іске қосылды, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатында қосымша қуаттар, Ермак ферросплав заводының екінші кезегі, тағы басқа бірсыпыра объектілер іске қосылды.

Республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлері мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен мемлекетке сатуды арттыруда тамаша табыстарға жетті. Республика бойынша ет, сүт, жұмыртқа, жүн сатудың жарты жылдық жоспары 1970 жылғы 1 июльге артығымен орындалды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының 50 жылдығы туралы» қаулысында бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау жолына күш-жігерді барынша жұмылдыру қажеттігі ерекше атап көрсетілген. Өнеркәсіп саласында партия ұйымдарының алдында электр қуатын, отынды, қара және түсті металдарды, тыңайтқыштарды, химия өнеркәсібінің өнімдерін, киім-кешекті, аяқ киімді, мәдени-тұрмыстық және үй шаруашылығы товарларын, тағы басқа өнімдер өндіруді үздіксіз ұлғайту, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру міндеті тұр.

КПСС Орталық Комитеті июль (1970 ж.) Пленумының шешімдерімен жігерленген Қазақстан еңбекшілері бесжылдықтың соңғы жылында ауыл шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жетеді, сөйтіп егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді онан әрі молайтады, 1970-ші мерекелі жылы әрбір колхоз бен совхоздың мемлекеттік жоспар мен тапсырмаларды толық және асыра орындап шығуын қамтамасыз етеді. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың «Партияның ауыл шаруашылығы саласындағы кезекті міндеттері туралы» июль Пленумында жасаған баяндамасында ауыл шаруашылығы өндірісін одан әрі едәуір өркендету жөніндегі аса зор саяси міндетті жүзеге асырудан қазір ешкімнің шет қалуға правосы жоқ деп атап көрсетілді.

Өнеркәсіп орындарының, құрылыс пен транспорттың партия ұйымдары ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне зор көмек көрсетіп отыр. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш және Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаттары коллективтерінің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қамқорлыққа алып, оларға көмек көрсету жөніндегі бастамасын мақұлдады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің таяуда болып өткен пленумы КПСС Орталық Комитетінің 1970 жылғы июль Пленумының қорытындыларын және республика партия ұйымының міндеттерін талқылай келіп, республикада ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетудің нақтылы программасын белгіледі.

Коммунистік құрылыс кезеңінде совет қоғамының жетекші әрі бағыт сілтеуші күші — Совет Одағы Коммунистік партиясының ролі одан сайын арта түседі. Қазақстан Коммунистік партиясы — КПСС-тің ажырамас құрамды бөлегі, жауынгер отряды. Қазір оның қатарында 570 мың коммунист бар, соның 212 мыңы жұмысшы. Республика коммунистерінің 74 проценті материалдық игілік өндіріс саласында еңбек етеді.

Қазақстан Коммунистік партиясы совет халықтарының қалыптасқан достығы мен туысқандығын айқын бейнелейді. Ол өз қатарында жүзге жуық ұлттар мен шағын халықтардың өкілдерін біріктіріп отыр. Республика партия ұйымының құрамында әйелдер санының үздіксіз көбеюі Қазақстан әйелдерінің еңбекке, саяси және қоғамдық өмірге белсене араласып отырғанын көрсетеді. Егер 1922 жылы небары 1 456 әйел коммунист болса, қазір олардың саны 107 мыңға жетті. Республика коммунистерінің жалпы білім дәрежесі де түбегейлі өзгерді.

Соңғы жылдары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының ролі мен белсенділігін арттыруға, кадрларды идеялық жағынан шынықтыруға бағытталған ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстардың стилі мен әдістерін жетілдіру жөнінде едәуір іс тындырды. Маркстік-лениндік теорияны насихаттау күшейтіліп, оның өзі өмірмен, коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз ұштастырылуда. Партия оқуы жүйесінде 703 мың коммунистер мен партияда жоқтар оқиды, ал партиялық насихаттың бұқаралық түрімен миллионнан аса адам қамтылып отыр. Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде баспасөздің, радио мен телевизияның ролі арта түсуде.

Қазақстан Компартиясы еңбекшілер депутаттары Советтерінің, кәсіподақтар мен комсомолдың, басқа да бұқаралық ұйымдардың коммунистік құрылыстағы ролін арттыру жөнінде үзбей қамқорлық жасап келеді.

Қазақстанның коммунистері, республиканың барлық еңбекшілері партиямыздың кезекті XXIV съезін шақыру жөніндегі КПСС Орталық Комитеті Пленумының шешімін зор ықыласпен қарсы алды. Съезд партияның коммунистік құрылысқа басшылық жасау жөніндегі сан салалы қызметін, Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын қорытындылайды, КПСС Программасын жүзеге асыру жолындағы күресті өрістету болашағы мен нақтылы міндеттерін белгілейді. Партия өз съезіне қуаты кемеліне келіп, мызғымастай берік топтасқан жағдайда, ерік пен қимылдың құдіретті бірлігі жағдайында келе жатыр. Бүкіл совет халқы сияқты Қазақстанның коммунистері мен барлық еңбекшілері де КПСС XXIV съезін лайықты қарсы алуға әзірленуде.



Жаңарған ел, жайнаған дала

СӘБИТ МҰҚАНОВ

«Елу жылда ел жаңа» дейді қазақ мақалы. Рас сөз. Адамзаттың мыңдаған жылға созылған тарихына көз тіксек, жеке ғасырлар немесе олардың бөлшектері қоғамның өркендеу жолына өз үлесін қосып отырған.

Бірақ жаңалықтың жаңалығы бар. Советтік Отанның тарихи аз жылда қалай қарқындап өскені бұрынғы өсулермен ешбір салыстыруға келмейді. Соның айқын бір куәсі — елу жасқа толуын тойлап отырған Советтік Қазақстан.

«Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының 50 жылдығы туралы» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысындағы мына жолдарды оқып көрейікші.

«Қазақ халқы әлеуметтік және ұлттық азаттығына Ұлы Октябрь социалистік революциясының арқасында жетті. Октябрь революциясына дейін Қазақстан патшалық Россияның артта қалған шеткері аймақтарының бірі еді. Табиғаттың ұшан-теңіз байлығына және халықтың аса мол дарынды талантына ие болған кең байтақ өлке шынына келгенде қайыршылық пен жаппай дерлік сауатсыздық жайлаған өлке болды. Совет өкіметі қазақ халқының экономика мен мәдениетті көркейтуіне, жаңа, бақытты тұрмыс орнатуына кең өріс ашты. Коммунистік партияның басшылығымен Қазақстан тарихи қысқа мерзім ішінде қуатты индустриясы, механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығы, алдыңғы қатарлы мәдениеті бар гүлденген Советтік Социалистік Республикаға айналды».

Менің бақытым — осы республиканың туған күнінен бастап бүгінге дейін оның қалай өсіп келе жатқанын көзімнен өткеріп, шамам келгенше, білімім жеткенше оның келелі істеріне белсене араласуымда. Ұлы тойымыздың қуанышында осы көргендердің кешегісі мен бүгінгісін салыстыра отырып, туған халқымның тағдырындағы келелі өзгерістерді шолсам, артықшылығы болмас деп ойлаймын.

Мен қазіргі Солтүстік Қазақстан облысында туып-өскен адаммын. Бұл өлкеге Совет өкіметі 1919 жылдың күзінен бастап орнады. Сол күзде бұрынғы Ақмола губерниясының Петропавл уезіндегі Қызылжар қаласында мұғалімдердің бірінші мәслихаты өткізілді. Азын-аулақ бала оқытқан сауатым бар еді, сондықтан мәслихатқа мен де қатыстым. Мәслихатта айтылған сөздерді тындап отырсам, жиналған жұрттың ой-сана-сы әрқилы сияқты. Олардың ішінде дәурені өткен қанаушы таптың жырттысын жыртатындар да, еңбекші бұқараның қамын көздеушілер де бар екен. Соңғыларының саны бастапқыларынан әлдеқайда көп тәрізді.

Советтік құрылысқа ниеті түзулер көбірек болғанмен, олардың арасында Коммунистік партияның мүшелері бірен-саран ғана екен. Мәслихаттың үстінде және одан кейін Коммунистік партияның, Совет өкіметінің саясатын қолдайтын біраз мұғалім партияға тілектестігін білдіріп, оның қатарына өтті. Бұлардың, әсіресе қазақ мұғалімдерінің біразының саяси сауаты төмен еді. Бірақ соны біле, көре тұра уездік партия комитеті оларға ауыл арасында саяси, шаруашылық, мәдени жұмыс жүргізу

міндетін жүктеді. Аштық, жалаңаштық, советтік құрылысқа қарсылық күшті кезде жас коммунистер партия жүктеген міндеттерді ойдағыдай атқарып шықты.

Қысым көрген қанаушы тап Совет өкіметінің шараларына қарсылық білдіріп, 1921 жылдың жөктемінде көтеріліс жасады да, Солтүстік Қазақстандағы аз ғана коммунистің көбін жойып жіберді. Бірақ бәрібір коммунистердің болашағын жоя алған жоқ. Олардың саны жылдан жылға көбейе түсті, тәжірибесі, білімі молая түсті.

Бірнеше ұрпақтан құралатын коммунистердің революцияны жасаудағы, социалистік құрылысты басқарудағы еңбегі орасан. Нелер ауыртпалықты көтермеді олар? Нелер қиыншылықтарды жеңбеді? Қазақстанда Совет өкіметін орнатып, нығайтуда қисапсыз көп еңбек сіңірген қазақ большевиктері Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов, Сәкен Сейфуллин, Абдолла Асылбеков, Тоқаш Бокин, Ораз Жандосов, Нығмет Нұрмақов, Әбілқайыр Досов, тағы солар сияқты ерлердің есімдерін бүгінгі ұрпақ та, болашақтағы ұрпақ та әрдайым аса зор құрметпен еске алады. Пролетариат ақыны Владимир Маяковскийдің тілімен айтқанда, әр ұлттан шыққан коммунистердің бәрін қоссақ, тұтас бір дене, тұтас бір қуат, тұтас бір қимыл болып шығады. Осы тұтастықтың Советтік Отанның 53 жылдық, Қазақ ССР-інің 50 жылдық өмірінде атқарған қызметтеріне бақсақ, Октябрь революциясынан кейін адамзаттың қиялында ертегі болып келген ғажайыптардың нақты өмірде жүзеге асқанын көреміз. Сол қаһармандық ерлік нәтижесінде революциядан бұрынғы дәуірде экономика мен мәдениет жағынан Европа мемлекеттерінің соңында жүрген Россия тарихи қысқа мерзім ішінде оларды басып озып, алдына шықты. Советтік Отанның терезесі тең отауының бірі Қазақстан да азиялық және африкалық мемлекеттер былай тұрсын, европалық елдердің де көбінің алдына түсті.

Осы өсудің кейбір бұтақтары қалай өрбіп, қалай жеміс бергенін оқушы көпшіліктің көзіне елестете кеткен артық болмас. Мысалы, Қазақстанның ғана емес, бүкіл еліміздің зор мақтанышының бірінен саналатын, дүние жүзінде теңдесі аз Жезқазған мыс кенін алайық. Мен оны 1928 жылы алғаш көргенімде ірге тасы жаңа ғана қаланып жатыр екен. Сол кен орны аз жылда марқайып, жұрт қайран қаларлық белеске жетті. Түсті металл қорытатын заводтарымыздың бәрі де осындай. Ал солардың бәрі Ұлы Отан соғысы кезінде жауға атылған оқтың жүзден тоқсанын бергені айдай әлемге аян.

Қарағанды көмір ошағын 1934 жылдың жазында көрдім. Ол кездегі сиқы өте нашар еді: жұмысшылардың көпшілігі белесті жоталардың етегінен қазылған жер үйлерде тұратын. Қаланың көшелері лас, жолдары кедір-бұдыр, су түтіктері жоқ, электр қуаты әлсіз, жарығы көмескі еді. Шахталар керосин шамдармен жұмыс атқаратын. Көмір қазуда қолданған құралы қайла ғана.

Бұның алдында мен Байқоңыр шахталарында да болған едім. Ондағы қабаты жұқа көмірді кеншілер қырынан жатып, тар жерде қазушы еді. Сонымен салыстырғанда маған Қарағандының нашар халде дейтін шахталарының өзі тамаша сияқтанып көрінетін.

Қарағандының қазіргі бейнесі түгелімен өзгеріп, осы атауға қосылатын бірнеше қаланың бәрі де сәулетті биік үйлерден тұрады. Олар да, шахталар да электр нұрына бөленген. Қалалардың көшелері асфальттанған, жағалауына жайқала сәулет ағаштары өскен. Шахтада көмір өндіру процесі ең жаңа техникамен қаруланған!..

Қазақстан даласында жаңадан орнаған сәнді, сәулетті қалалар жалғыз Қарағанды емес. Оларға Кентауды, Шевченконы, Балқашты, Теміртауды қоссақ, бәрі жиналып қазақтың бұрынғы құлазып жататын иен даласына ерекше көрік береді.

Немесе өзіме білім жолын ашқан Қызылжарды алайық. Революциядан бұрынғы заманда бұл Сибирьдегі саудагерлер қаласының бірі бола-

тын. Советтік құрылыстың алғашқы кезінде, ашаршылық, жұт, жау көп болған жылдарда бұл қаланы да күтімі болмай, өте жүдеп, шарбақтарындағы және тротуарларындағы тақтайлары түгелімен отқа жағылған. Көшелерінде электр шамы болмағандықтан түнгі мезгілдерде қаланы қараңғылық басып, ұры-қары көп жүретін еді. Кейбір шет көшелері көң-қырдан ыбырсып жататын.

Қазіргі Петропавл кереметтей өзгерді. Оның кейбір көшелеріне салынған зәулім үйлер, әсіресе Ленин көшесінің бойындағы зәулім үйлер, ерекше көз тартады. Қалада жұмыс істейтін «Бір» және «Екі» номерлі электр станциялары облыстағы 89 мың үйді, жаңа өнеркәсіп орындарын түгелімен қамтамасыз етіп отыр.

Жаңарған ескі қалаларды айтқанда, республикамыздың астанасы Алматыға соқпай өте алмаймыз. Мен бұл қаланы ең алғаш 1930 жылы көрдім. Ондағы сиқы казак-орыстардың үлкендеу станицаларының біреуіне ұқсайтын. Екі қатарлы үйлер кемде кем болатын. Көп көшелерінде теңкиген тастар жатып, көлікті кісіге жету қиын еді. Әр үйдің қақпасына ілінген керосин шамдарының жарығы қою қараңғылықты жеңе алмай, жолын білмеген кісі адасып кететін. Қала тұрғындары суды көшеде ағып жататын лай арықтардан ішетін. Магазин, асхана, мейманхана сияқты қоғамдық орындар өте сирек болатын.

Қазіргі Алматының көлемі бұрынғысынан әлденеше рет өсті. Көшелерінде архитектуралық сымбаты әдемі үйлер тізілді. Бүгінгі Алматының көп көшесінде алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бір қабатты биік үйлер самсап тұр. Көшелері — сәулет, аулалары — жеміс ағаштарына бұрын да бөленген Алматы соңғы жылдары тіпті жасылданып, дүние жүзіндегі ең сұлу қалалардың біріне айналды. Кейінгі жылдары салынған жаңа үйлердің көбінің астыңғы қабаты — магазин. Оларда толған өндірістік бұйымдар.

Жаңарған ел, жайнаған дала жайын сөз қылғанда, туған өлкем Солтүстік Қазақстанды айтпай тұра алмаймын. Оның көлі де, шөлі де көп өлке. Көп шөлдің бірі — кейін жиырмадан астам тың совхозы орналасқан Жаманшұбар жайлауы. Советтік дәуірге дейін ондағы судың тапшылығы қандай болғанын мен талай шығармаларымда, әсіресе «Өмір мектебінде» сипаттағанмын. Оларды бұл мақалада қайталаудың қажеті жоқ.

1961 жылдан бастап осы шөл даланы жағалап өтетін жалғыз өзен Есілдің «Аютас» аталатын тұсында су қоймасын жасау ісі қолға алынды. Мемлекеттік орындардың және тұрғын халықтың күш-жігері арқасында «Аютас» тұсында «Тың теңізі» аталатын су қоймасы жасалды. Ол манайындағы ауыл-селоларға жыл сайын миллиард текше метрге жақын суды түтіктермен жеткізеді. Осы мол судан Жаманшұбар жайлауының орта тұсына, біздің ауылдың ескі мекеніне орнаған Докучаев атындағы совхоз да пайдаланады. Совхоздың «Дос» аталатын көлінің жағасындағы бір бөлімшесінде менің немере апам Нұртаза қызы Рабиға тұрады. Осы арадан ұзатылған ол, көп жылдар бойына әлде не себептермен қоныс аударып жүріп, ақырында «Досқа» келіп тоқыраған. Бұл мекенінен енді сүйресек кетер түрі жоқ...

— Неге кетеміз? — дейді ол сөйлескенде, — бұрын біздің ауылдың адамдары нан іздеп қаңғыратын. Себебі, алпыс үйлі ауылда ат тоқымындай жерге дән себетін жан жоқ-ты. Әлі барлар ұнды алыстағы орыс селоларынан әкелетін. Әлі жоқтар ірімшік пен құртты қорек ететін. Онысы да жоқтар ылғи тоқжарау, олқы құрсақ, ашпа-жалап боп күнелтетін.

— Қазір қарашы! — дейді Рабиға шат жүзбен төңірегіне құлашын кең сілтеп. — Осы өлкеде дән себілмеген от орнындай жер бар ма? Жалғыз біздің Докашайдың өзі 25 мың гектар егін сеуіп, жыл сайын тау-тау астық жинайды.

— Береке астықта екен, — деп шалкиды Рабиға, — адамның тоқшылығы былай тұрсын, астықтан жем татқан мал да жонынан жарылып,

кой сойсаң сүбе майы төрт еліден, жылкы сойсаң қазысының қалындығы табан қарыстан аспаса, кем түспейді.

— Осындай тоқшылықтан кетіп қайда барамыз? — деп аяқтайды Рабиға сөзін.

— Тағы нелер бөгейді? — деп сұрасан. — Айтайын, — дейді Рабиға қомданып. — Бұрынғы уақытта алыстағы қалаларға қол жетпейтін еді. Менің әкем ертерек кезде, қазір «Мінжерде тұр» дейтін Қызылжардың өзіне атпен кетіп, үйге жарты айда әрең оралған. Ал мен Қызылжар түгіл, «Жер түбінде» дейтін Алматының өзіне бір емес, үш баламды апарып оқуға орналастырғанда, самолетпен баруыма жарты күн, қайтуыма жарты күн кетті. Асықпай жүргін келсе, поезға мінісін. Онда да баруын мен қайтуыңа екі-үш күн кетеді. Ауыл мен ауылдың, қала мен ауылдың арасында қазір шұбырып жүрген көп автобус. Жолдар тактайдай тептегіс. Бір жерге барғың келсе, автобуска мінісің де кетесің. Жұрттың бәрі де сондай. Енді бұрынғыдай, ешкім де «жолға шығуға көлікті қайдан табам» демейді.

— Бұрын жұрттың шетке шыққанда іздейтіні киім-кешек, төсек-орын сияқты нәрселер болушы еді. Әсіресе жібек, барқыт сияқты қымбат мүліктер. Олардың бәрі ауылдағы дүкендерде толып тұрған жоқ па! Бұрынғы уақытта, ілуде біреу болмаса, жібек пен барқытты кие алмайтын. Қазір оны екінің бірі, егіздің сыңары кие береді. Кимегенде қайтсін, қалталары толған ақша. Осы ауылда жанды-жақты бір үйлер айына бір мыңнан астам ақша түсіреді. Соларды тұрмысын түзеуге жұмсамағанда қайтеді? Бұрынғыдай «Ертең не ішем, қалай күн көремін» деп уайымдайтын адам осы күні жоқ.

— Тағы бір қызығы, — дейді Рабиға, — күллі дүние жүзінің, күллі Совет Одағының, күллі Қазақстанның барлық хабарын үйіміздегі радиодан естіп отырамыз. Телевизор дегені онан да қызық. Мәскеуде дей ме, Алматыда дей ме, Қызылжарда дей ме, әйтеуір болып жатқан сауық-сайранның бәрін үйімізде көреміз де отырамыз.

— Онысы рас — деп қосарланады сөзге сараң әрі құлағы мүкіс жездеміз Ғаббас. — Мынау апан радио тындаудан құлағын, телевизор көруден көзін жазбайды.

— Жазбағанда ше! — деп қайымдасады Рабиға апай. — Сен неге газеттен, кітаптан бас алмайсың?

Онысы рас екен. Революциядан бұрын татар мектебінен орта білім алған, жасы жетпісті орталаған Ғаббас жездей соңғы жылдары кітаптан, әсіресе көркем әдебиет шығармаларынан көз алмайтын болыпты. Сондықтан түпнұсқасы бар, аудармасы бар, қазақ тіліндегі әдебиеттен оқымағаны кем де-кем.

Әдебиетке ынталану Ғаббаста ғана емес, хат танытын қала, дала адамдарының бәрінде де бар екен. Қазір рухани қазына — кітап жинау көп үйден кездеседі. Соның бір мысалы — Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында тұратын қарапайым пенсионер Кәмәли Сәмтіковтың үйі. Оның төргі бөлмесіндегі бір үлкен шкафта лық толған әдебиет кітаптары. Солардың бәрін оқыған Кәмәлидің әр шығармаға өзіндік пікірі бар және кейбірі өте салмақты пікірлер. Біздің мерзімді баспасөзіміздің тиражы молаюына осындай оқушылар себепкер. Соған бірнеше мысал келтірейік.

Мен Қазақстанның алғашқы астанасы Орынборға 1922 жылдың басында барып, сол кезде шақырылған екінші партиялық конференцияға қатынастым. Сонда көрсем, Қазақ Республикасы ұйымдасқанына екі жылдай уақыт өтсе де, баспасөз орны біреу-ақ екен. Сонда екі жылдың ішінде қазақтың советтік көркем әдебиетінен үш-ақ жұқа кітапша шығыпты. Бұлар — Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолында» пьесасы, Абдолла Асылбековтың «Біздің де күніміз туды» деген әңгімесі, Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні» деген хикаясы. Үшеуінің көлемі екі жарым баспа табақ. Әрқайсысының тиражы 500-ден. Партиялық журнал «Қызыл

Қазақстанның» көлемі бір жарым баспа табақ. Тиражы 300 дана, республиканың жетекші газеті «Еңбекші қазақ» жұмасына үш рет шығады екен, тиражы 700-ақ дана.

1925 жылы шыға бастаған «Әйел теңдігі» журналының ұйымдастыру жиналысына мен де қатынасқан едім. Сонда туған бірінші сұрақ: «Журнал шығар-ау, бірақ соны оқытып қазақ әйелі табыла ма?».

Олай дейтіні: революциядан бұрын күндік жағдайда келген қазақ әйелдерінің ішінен хат танытындары әлі де тым аз еді.

Журнал шығаруға ұйғарылғаннан кейін оның тиражын бірер жылда 500-ге жеткізу мақсаты қойылды. Рабфак оқуынан каникулға елге кеткенімде, маған журналға жазылатын әйелдер табу міндеті жүктелді. Елге барсам, ауылда «Қызыл отау» деген мәдениет ошағы ұйымдасып, менің немере қарындасым Әзипа Рамазанова маңайдағы ауылдардың қыз-келіншектерін сауаттандыру қызметінде екен. Солардың арасынан ои шақты әйел журналға жазылғанына мен қатты қуандым да, Орынборға келе мақтандым да...

Енді ше?

Қазіргі Қазақстан астанасы Алматыда табаны күректей бес баспа бар. Республикада қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, корей тілдерінде басылып жүрген кітаптардың жылдық тиражы 23 027 мыңға жетеді. Қазақстанда қазіргі уақытта 354 республикалық, облыстық, қалалық, аудандық және көп тиражды газет шығарылады, олардың бір жолғы тиражы 4 миллион 56 мың. «Қызыл Қазақстанның» ізбасары «Қазақстан коммунистінің» бір жолғы тиражы 50 мыңдай. «Социалистік Қазақстанның» тиражы 130 мыңнан асады. Өзге баспасөз органдарының тиражын санай берудің қажеті жоқ. Тек бір мысал. Халқының саны Қазақстаннан 49 есе көп Үндістанда әдеби журналдың тиражы 10 мыңнан аспайды. Ал қазақтың «Жұлдыз» деп аталатын әдеби журналының тиражы 170 мың. «Әйел теңдігінің» негізінде шығатын «Қазақстан әйелдерінің» тиражы бұл күнде 300 мыңға жетіп отыр.

Біздің ұлттық баспасөзіміздің советтік дәуірде өркендеуі қарқыны міне осындай!

Мен мұндай мысалдарды біздің республиканың қарапайым адамдарының мәдени тілегі қандай екеніне дәлел есебінде келтіріп отырмын. Газет, журнал жаздырып алушылар, кітап құмарлар ауылдық жерлерде мың-мың сан. Солардың тілегіне жауап берерлік жазушыларымыз да аз емес. Олар советтік құрылыстың алғашқы жылдарында бармақпен ғана санарлық болса, қазір жүздеп табылады. Қазақ жазушыларының шығармалары өз республикасының көлемінен әлдеқайда кең жайылып, Советтік Отанның, қала берді дүние жүзінің түкпір-түкпіріне тарап отыр.

Бақытты халқы, жаңарған елі, жайнаған даласы бар біздің жазушылар қандай бақытты десеңізші!



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЗАҚСТАН

М. МОРОЗОВ,

Қазақ ССР Геология министрі

ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫЛДАРДЫҢ АЯҒЫНДА ағылшын капиталисі Лесли Уркарттың Совет үкіметіне жолдаған хатын жұрт жақсы біледі. Орайы келгенде соны тағы бір рет қайталағанымыз орынсыз болмас. Ол: «Балқаштың төңірегіндегі және одан әрідегі қазақ даласын шұқылап көруіме мүмкіндік бермес пе екенсіздер. Бәрібір елу жылсыз, мүмкін, тіпті жүз жылсыз сіздер бұл жермен айналыса алмайсыздар ғой. Ал мен шұқылап көрсем, бір нәрсе шығарып қалармын», — деп дәмеленген болатын.

Әттең, Лесли Уркарт мырза тірі болса өзінің қатты қателескеніне, есекдәмесінің ескіріп қалғанына көзі жетер еді-ау! Бір кезде оның аңсары ауған қазақтың дарқан даласында өмір өзгеше гүл атты. Жасылжаннат жазирада аспанмен таласқан маңғаз комбинаттар, заводтар, фабрикалар бой көтеріп, жана орнаған жас қалалардың самаладай самсаған оттары жарқ етті. Қазір бұл жерде социалистік құрылыстың кең тынысты күре тамыры солқылдай соғып, ыстық лебі бүкіл әлемге лап қойғандай.

Иә, кең кеудесінен космос корабльдері көкке самғаған, дүр сілкінген дәуіріміздің ұлы дүбіріне толы ұланғайыр қазақ жерінің бүгінгі таңдағы өрелі өмірі, қарышты қадамы жайлы сөз еткен сайын, толқымау, тебіренбеу мүмкін емес. Тарихпен тілдесіп қарасақ Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы Қазақстан патшалық Россияның шеткерідегі санда бар да, санатта жоқ, қараңғы қапас аймағы, оның көргені ғасырлар бойы отарлық езгі, мешеулік... Соның бәрінен социалистік серпінмен секіріп өткен Қазақстанды космос тылсымдарын тіліп бара жатқан корабльге теңеу керек. Небәрі елу жылдың ішінде ғана оның орасан зор аршынды адыммен шырқау биікке шарықтап шығып, өнеркәсібі өркендеген ірі индустриялы-аграрлы республикаға айналғанын сөзбен айтып жеткізу қиын. Коммунистік партия Советтік Қазақстанды социалистік сәулетті өмірдің зәулім орбитасына осылай көтерді.

Аумағы үш миллион шаршы километрге жуық айдын шалқар аймақтарды алып жатқан, берері мол, береген өлкеміз сан алуан байлықтардың сарқылмас кені. Мұнда Д. И. Менделеев кестесіндегі элементтердің түгелдей табылуы, жер астындағы судың, көмірдің, мұнай мен газдың, түрлі-түсті және сирек кездесетін асыл металдардың, химия өнеркәсібі мен индустрия үшін қажетті шикізаттың, құрылыс материалдары мен басқа да пайдалы қазбалардың аса мол көздерінің ашылуы республикада өнеркәсіптің маңызды салаларының берік базасын жасауға мүмкіндік берді.

Одақтың табиғи қорларының едәуір бөлегі Қазақстанда орналасқан. Қазір республика қорғасын мен мырыштың, күміс пен вольфрамның, хромит пен висмуттың, ванадийдің қоры бойынша Совет Одағында бірінші орын, ал мыстың, молибденнің, кадмийдің, бокситтің, фосфорит пен асбестің қоры бойынша — екінші орын алады. Республиканың жер қойнауында мұнай, марганец, темір рудалары да орасан көп.

Қазақстан территориясында кейбір кен орындары ертеден-ақ белгілі. Қойнаулары қаймағы бұзылмаған қыруар қазынаға, ырысқа толы бұл аймақ туралы аңыз қазақтар арасында көптен келе жатқан-ды. Тіпті, геологтар түгіл, Аппақ Байжанов деген қойшы Нұра өзені бойында суырдың інінен тас көмірдің кесектерін тауып алғаны қызық емес пе? Алайда Ұлы Октябрь революциясына дейінгі кен байлықтары жөніндегі мәлімет тым жұпыны. Тек аз уақыттың ішінде көп пайда тауып қалуға жанталасқан жыртқыш шетел капиталистері ең бай кендерден неғұрлым бағалы рудаларды ғана өндірді. Сөйтіп байлыққа толы бассейндер зерттеусіз, қақпағы ашылмаған күйінде қалды.

Республикадағы геологиялық іздестіру жұмыстары шын мағынасында жиырмасыншы жылдары ғана қолға алынды. Қазақстанға орыстың атақты геолог-ғалымдары жіберілді. Олар ең алдымен бұрыннан белгілі кенді өнеркәсіп аудандарын зерттеді. Мысалы, 1920 жылы академик И. М. Губкин Ембі мұнайлы ауданын зерттеу жұмыстарын басқарды. Сондай-ақ В. Обручев, А. Архангельский сынды есімі әйгілі академиктер қазақ жерінің байлығын зерттеп, ашуға ат салысты. Әсіресе Қарағандының «қара алтынын» ашуда алғаш рет зерттеу жүргізген атақты геолог, профессор А. Гапеевтің елеулі еңбегін ерекше атаған жөн. Ол басқарған геологиялық экспедицияның Орталық Қазақстанда ашқан жаңалықтары бүкіл әлемді елең еткізді. СССР Халық шаруашылығы советінің сол кездегі председателі В. В. Куйбышевтің де Қарағанды бассейнін игеруге көрсеткен көмегі орасан зор. «Қарағандының міндеті өзінің географиялық шекарасынан да алысқа меззейді, — деп көрсетті ол. — Қарағанды бүкіл одақтық роль атқаруға және Солтүстік-Шығыс Қазақстанның оған жапсарлас жатқан рудалы аудандарымен бірге СССР-дің, әсіресе Оңтүстік Уралдың, Орта Азияның, Орта Волганың бүкіл халық шаруашылығын өркендетудің орталығына айналуға тиіс». Қарағанды көмір бассейні Одақтағы аса маңызды отын базаларының қатарына қосылды. Екібастұз, Майқайың көмір бассейндерінің өнеркәсіптік аса зор маңызы айқындалды.

Орал — Ембі мұнайлы аудандарын игеру В. И. Ленин есімімен тікелей байланысты. Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ ұлы көсем бұл аймақтарды игеру мен өркендетуге ерекше назар аударып, олардың екі бірдей ерекшелігін: біріншіден, жоғары сапалы мұнай қорының көп екендігін, екіншіден, ауданның орналасуы географиялық жағынан қойлайлы екендігін атап көрсетті. Ембінің болашағын 20-жылдардан бастап осы маңда барлау жұмыстарына басшылық жасаған академик И. М. Губкин жоғары бағалады. «Ембі маңайы, — деп жазды ол, — географиялық жағынан әлі де толық зерттелмегенімен және осыған қарамастан... ол өркендеуіне қолайлы жағдай туса, өзінің өндірістік қуаты жөнінен Баку мұнайлы ауданына теңдесе алатын, аса бай мұнайлы аудандардың бірі». Мұнымен бірге Батыс Қазақстан хромит, никель, мыс рудаларына, көмірге бай, Қемірсай, Сарысай алқаптары, Елек өзенінің бассейні соның куәсі.

Енді осы байлықтарды одан әрі іздестіру, игеру жұмыстарының жайын жүйелі түрде айтып беру үшін белгілі дәуірлерге аз да болса тоқтап өткен ләзім. Себебі, жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан жері ұлан байтақ, шағын мақалада бәрібір оның ұшан-теңіз кен байлығын түгелдей қамтып айта алмайсың. Сондықтан оның даму жолын дәуірлерге жіктей даралап, сол дәуірлер деңгейінен қарау керек.

Геологиялық қызметтің даму тарихындағы шұғыл бұрылыс дәуірі, жер қойнауларын жан-жақты түрде зерттеудің және республикадағы минеральдық байлықтар көзін мол ашудың кең тынысты кезеңі — алғашқы бесжылдықтар дәуірі. Осы тұста мұнайдың, жанатын газдардың, көмірдің, тұздың, сондай-ақ сан алуан металдардың қоры жөнінде Батыс Қазақстанның потенциалдық мүмкіндіктері орасан зор екендігі анықталды. Қоныратта мыс-порфир рудаларының ірі кені табылды. Қазақстанда

көптеген кен кәсіпорындарының, геологиялық және ғылыми мекемелерінің шаңырақ көтеруі осынау кең көлемдегі қомақты зерттеу жұмыстарының жемісті нәтижесі еді.

Дүние жүзі бойынша ілуде бір кездесетін Жезқазғандағы мыстың мол қоры, Қарсақбайдағы темірдің телегей-теңіз кені, Жетіқара рудалы ауданының алтыны, Арқалық пен Ақмоланың бокситтері... Рудалардың тұс-тұстан бұрқырай тараған бұлақтарының тегеурінді тасқыны осылайша республиканың сарқылмас қорының алып арнасына айналды.

Алтай аймағында Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап жүйелі түрде жүргізілген геологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде Солтүстік-Шығыс Қазақстанның байтақ территориясында пайдалы кендердің геологиялық құрылымы мен орналасу заңдылығы жөніндегі қазіргі заман ілімінің негізі қаланды. Іздестіру-барлау жұмыстары Риддер, Зырян, Белоусов пен Березов полиметалл кендерін жанғыртуға, сирек кездесетін бағалы металдардың бірнеше жаңа кендерін ашуға жағдай жасады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында геологиялық жұмыстар қорғаныс өнеркәсібіне қажетті қорларды молынан тауып, оны жедел пайдалану міндеттеріне бағытталды. Сондықтан геологтар бағалы металдарға бай рудалы кендерді іздестіру жағына ойысты. Алтайдағы Лениногор рудалы алаңының кеңейтіліп, Нарым ауданында тантал-қалайының, тантал-ниобийдің, Қалба мен Шыңғыс-Тарбағатай тауларында алтынның жаңа мол қорлары табылуы осы тұста.

Қыруар қиындықтарға қарамастан геологтар бүкіл республика территориясын барлау жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Олар Қазақстанның оңтүстігінде де өздері іздестіру жұмыстарын жүргізген Қаратау, Мырғалымсай, Сүлейменсай, Жоңғар, Текелі, Суықтөбе тағы басқа да кендерде зерттеуді аяқтап, келелі істерді тындырды. Сөйтіп қорғасын-мырыш, полиметалл рудаларының, ванадий мен фосфориттің мол қорын тапты. Қарағанды көмір бассейні, Қайнама көмір кені, Ақмая, Ақшатау, Шығыс Қоңырат вольфрам-молибден кендерінің алаңдарында, Атасу, Қарсақбай темір рудасы кендерінде, Жезқазған, Қоңырат — мыс, Семізбұғы — андалузит-корунд, Жетіқара — хризотил-асбест кендерінде бұл жылдары жүргізілген жұмыстардың өрісі кен.

Соғыстан соңғы жылдары халық шаруашылығының өркендей дамуы геологиялық қызметті жоғары өнімді бұрғылау техникасымен, осы заманғы кен проходкалау жабдықтарымен жарақтандырып, қажетті мөлшерде автотранспортпен, спектрлік, химиялық және басқа лабораториялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Жер асты қойнауын зерттеушілерге авиация көмекке келді. Оның геологиялық партияларды, экспедицияларды межелеген жерге жедел түрде жеткізуді жеңілдеткенін айтпағанда, арнаулы аэрогеологиялық, аэрогеофизикалық жұмыстар мен жердің географиялық бедерін әуеден суретке түсіруде атқарған қыруар қызметі өз алдына бір төбе.

Елуінші жылдары қазба кендерді іздестіру мен барлаудың, Қазақстан жерінің геологиялық құрылымын дәйектілікпен зерттеудің геохимиялық және геофизикалық озат әдістері кеңінен қолданыла бастады. Геологиялық картаға түсіру жұмыстары әуеден самолетпен суретке түсірілген материалдарды пайдалану арқылы жоғары сапалы топографиялық негізде жүргізілді. Өндірісте істеуші геологтар мен ғалымдардың жергілікті кадрларды даярлау, проблемалық мәселелерді шапшаң шешу мақсатындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын өрістетуге, өндірістік озат әдістерді тиімді қолдану, Қазақ ССР Геология министрлігі жүйесінде жүргізіліп жатқан барлық геологиялық жұмыстарды біріктіру, геологиялық проблемаларды жұмыла шешуге республиканың ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жоғары оқу орындарының коллективтерін, Москва мен Ленинград ғалымдарын тарту жөнінде жүзеге асырылған ірі шаралар

Қазақстанда геологиялық қызметті, геологияны терең үйренуге және кен байлықтарының көздерін көптеп ашуға зор ықпал жасады.

Қ. Сәтбасев атындағы геология ғылымы институтының, Қазақтың минералдық шикізат ғылыми-зерттеу институтының, ВИРГ-нің Қазақ филиалының ғалымдары тікелей өндірісте қызмет істеуші геологтармен қоян-қолтық ынтымақтаса еңбек етті. Қазба кендерінің пайда болу заңдылықтары мен локализациясын зерттеу, түрлі типтегі кендердің геологиялық, геохимиялық, геофизикалық критерийлерін іздестіру, жалпы геологияның құрылым және стратиграфия мәселелері мен кендердің мүмкіндіктерін есептеудің, іздестірудің ғылымға негізделген әдістерін қолдану, рудалардан пайдалы қоспаларды айырып алудың технологиясын жетілдіру, жеке региондар бойынша жинақталған материалдарды қорыту жөніндегі проблемалық мәселелер ойдағыдай шешілді.

Осындай күрделі зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1946—1960 жылдар аралығында Оңтүстік Ембідегі Прорвада, Батыс Мұғаджар маңайындағы Кеңқияқта, Маңқыстау түбегінде мұнайдың мол көздері ашылды. Тіпті қазіргі Жетібай, Өзен сияқты өте үлкен мұнайлы өңірлерді игеру сол тұста басталған жұмыстардың жалғасы. Елек өзенінің бассейнінде Ақтөбе, Алға, Ақсу, Солтүстік Қазақстанда Құсмұрын, Приозерное, Егінсай, Қызылтал қоңыр көмір кені, Солтүстік Орал маңында Көкбұлақ темір кені мен титан табылды. Мұғаджар маңайында Молодежное ірі хромит кені, Рождественск, Октябрьск, Ново-Бурановск, Чугаевск кобальт-никель кендері, Батыс Қазақстанда Киров, Қайыңды және Ақтоғай боксит кендері, Солтүстік Қазақстандағы одақтық маңызы бар Соколов-Сарыбай, Қашар магнетит рудаларының кені, тағы басқа да көптеген кендер өнім бере бастады. Олардың қатарында Қазақстанның геологиялық картасында пайда болған хризотил-асбестке бай Жетіқара ауданы, жанадан табылған Бестөбе, Ұзынжал полиметалл кендері, Қараоба, Шалқия вольфрам, молибден кендері, Алтайдағы Богатырское, Ертіс, Ново-Шемонаиха, Орлов, Тишин полиметалл кендері бар.

Ал 1961—1970 жылдар аралығында Қазақстан геологтары геологиялық байлықтарды орта масштабты картаға түсіріп, оны баспаға әзірледі, үлкен масштабты карталар жасады, іздестіру-барлау жұмыстарын онан әрі кеңейтіп, басқа да күрделі жұмыстар атқарды. Сөйтіп соңғы 25 жыл ішінде республикада геологиялық жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Осы кезеңде өндірісте істеуші геологтар мен ғалымдар жинақталған материалдарды ғылыми жолмен талдап, қорытуда тамаша табыстарға жетті. Жасалған жұмыстардың ішінде Каспий маңындағы калий тұздарының, Орталық Қазақстан мен Көкшетау аймағындағы бокситтердің және көптеген облыс территориясында шығатын никельдің, алтынның прогноздық картасын, вулканизм, тектоника, металлогения, геофизика, геохимия, көмір, мұнай проблемаларына арналған еңбектерді атауға болады.

Зерттеудің біз жоғарыда айтқан геохимиялық және геофизикалық әдістері республикада кен өріс алуда. Бұл жөніндегі ғылыми жұмыстар жер қыртысының терең қойнауындағы және бетіндегі геологиялық процестердің бірсыпыра аса маңызды мәселелерін түсінуге мүмкіндік берді.

Қазақстанда геология ұйымдары шаруашылықтарының құрал-жабдықтарын жөндейтін әлденеше завод бар. Олар жөндеу жұмыстарымен қатар запас бөлшектер, бұрғылау аспаптары мен құралдарын жасайды. Бұл өндіріс процестерін механикаландыру мен автоматтандыруға, сөйтіп, бұрғышылар еңбегін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік беруде. Мәселен, «Қазгеофизприбор» заводының конструкторлары жасаған «Плутон» сейсмикалық станциясын пайдалану арқылы жердің ең терең қыртыстарының жынысын үйренуге байланысты мәселелерді ойдағыдай шешуге болады. Осы заводтың конструкторлары сульфитті полиметалл кендерін электрді пайдалану әдісімен іздеп тауып, барлауға болатын электродтарды жасады. Осы завод электродтарды Азия мен Африка елдеріне де көптеп жөнелтуде.

Үстіміздегі бесжылдықта Орлов мыс кенін барлау аяқталып, қазір оның негізінде ірі комбинат салынып жатыр. Ақтөбе облысында мыстың көлемді кені табылды. Орталық Қазақстанда полиметалды аймақтарды барлау жұмысы өрістетілді. Қараоба кеніндегі вольфрамның қоры екі есе көбейтілді. Жетібай, Қарамандыбас, Мартыши, Ақжар және Теңге сияқты бақылау жүргізіліп, өндірістік игеруге әзірленген кен орындары қаншама! Шығыс Жетібай, Қаратөбе, Арыстанда табылған мұнайдың, Шағырлы-Шөмішті мен Қызылойдағы газ қорларының болашағы зор. Қарағанды бассейнінде жанадан салынып және жобаланып жатқан шахталардың көмір қорларын неғұрлым нақты есептеп, анықтау жұмыстары жүргізілді. Ертіс бойында көмірлі кабаттардың көп екендігі анықталды. Құрылыс материалдарын барлау жөніндегі жұмыстардың да көлемі айтарлықтай кен.

Тек былтырғы жылдың өзінде Алтайда полиметалдың, Қостанай облысында бокситтердің, Оңтүстік Қазақстанда вольфрамның жаңа кендері ашылды. Кендерді іздестіру әдісін жетілдіруде, «Қазгеофизприбор» заводында геофизикалық аппаратураның ең жаңа үлгілерін жасауда, геологиялық барлау ісінде электронды-есептеу машиналарын енгізу бағытында біраз жұмыстар атқарылды.

Қазақстанның бүкіл территориясының геологиялық және геофизикалық карталарының жасалуы мұндағы зерттеу жұмыстарының дәрежесі жоғары екендігін сипаттайды. Республиканың жер қойнауында жатқан қазына әлі көп. Келешекте қойнауы құтқа толы қазақ жерінің даңқын арттыратын ірі жаңалықтар ашыла берері даусыз.

Бір айта кететін жай, республика территориясын зерттеулердің қорытындысына қарағанда енді жер бетіне жақын жатқан кендер аз. Себебі жердің жақын қабатындағы рудалардың бәрі дерлік қазірдің өзінде жеткілікті дәрежеде анықталған. Сондықтан келешекте мұнай мен газды барлап, іздестірудің басты бағыты Оңтүстік Маңғыстаудың, Үстірттің тым тереңде жатқан объектілерін, Каспийдің тұз төбешіктері астындағы кабаттарды барлауға икемделіп отыр. Сирек кездесетін түсті металдар мен алтынды да тереңнен іздеу керек. Осы бағытта тереңде тұнып жатқан байлықтар есебінен республиканың минералдық-шикізат базасын едәуір молықтыруға шешуші ықпал жасайтын ірі кендерді іздеп табуға барлық негіз бар.

Ендігі жерде пайдалы қазба кендерді жердің терең тұңғығынан іздеу көп еңбек пен қыруар қаржыны талап етеді. Сондықтан геологиялық барлау жұмысын өрістету ісінде жана ғылыми-методикалық және техникалық жетістіктерді енгізу арқылы, барлау жұмысын жетілдіру негізінде жұмыстың өзіндік құнын кеміту проблемасы негізгі мәселе болып отыр. Осыған байланысты қазір республикада көптеген күрделі шаралар белгіленіп, жүзеге асырылуда.

Біз жоғарыда Советтік Қазақстанның жер қойнауындағы кен байлықтарын барлау, іздестіру, оны халық шаруашылығына пайдалану жөнінде Совет өкіметі жылдарында істелген жұмыстарға ғана тоқталып өттік. Алда атқарылатын жұмыстар әлі көп. Коммунистік партияның аталық қамқорлығына бөленген Қазақстан геологтары өздерінің алдында тұрған аса жауапты міндеттерді кәміл түсінеді. Олар әр қашанда қазыналы Қазақстанның ұшан-теңіз байлығын халық игілігіне жарата беру ісіне аянбай ат салысады.

Қаз. респ. баспасы
КССП им. А. С. Пушкин
№ 22956



ЖАҢА БЕЛЕСТЕ

Ю. БУРЛАКОВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті
ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі*

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАН — халық шаруашылығының барлық саласы бірдей жан-жақты дамыған, бұл үшін мол мүмкіндіктері бар, іргелі республика. Ал социалистік ауыл шаруашылығы — республика экономикасының жетекші, шешуші салаларының бірі. Қазақстанның дикандары мен малшылары өз республикасының 50 жылдық торқалы тойын бүкіл халықтық үлкен мереке ретінде зор табыстармен қарсы алып отыр.

Елу жыл — онша көп уақыт емес. Бірақ советтік социалистік құрылыс жағдайында бұл тұтас бір дәуірмен бара-бар. Өткен елу жыл ішінде республиканың экономикасы мен мәдениеті бұрын-соңғы болмаған дәрежеде дамып, қазір дүние жүзін тандандырып отыр. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының бүгінгі даму сатысынан, шыққан асқар асуынан өткен жолымызға ой жіберер болсақ, республика еңбекшілерінің Ленин партиясының басшылығымен басып өткен жеңіс жолдары көз алдымызда сайрап жатыр.

Шынында да «Орынбор мен Омбының оңтүстігіне» қарай созылып жатқан кең байтақ қазақ даласында тарихи қысқа мерзім ішінде болған өзгерістер ғаламат. Бұл жерде Октябрь революциясына дейін қайыршылық пен қараңғылық жайлап, еңбекші халық екі бірдей езгінің — жергілікті бай-феодалдар мен орыс помещиктерінің тепкісі астында аянышты да азапты өмір кешкені белгілі.

Революцияға дейінгі Қазақстанда негізінен мал шаруашылығы басым болған. Ол кезде көшпелі шаруалардың бүкіл өмірі, тұрмыс жағдайы мал шаруашылығымен байланысты еді. Бірақ мал шаруашылығының дамуы түгелдей ауа райының катал да рақымсыз жағдайына тәуелді болғандықтан, ол көбіне қырғын жұтқа, әртүрлі індетке ұшырап, құлдырап кетіп отырған. Мұндай жылдары миллиондаған қой, ірі қара, жылқы мен түйе қырылып, мал шаруашылығы көп уақытқа дейін апат зардабынан айыға алмаған. Ал мал баққан жалшылар қайыршылық халге ұшырап, күн көріс іздеп, ел кезіп кетіп отырған.

Революциядан бұрын Қазақстанда егіншілік дәрежесі төмен, өнімі мейлінше мардымсыз болатын. 1913 жылы ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы егіс көлемі 4,1 миллион гектар ғана болған, оның 3,9 миллион гектарына дәнді дақылдар егіледі екен. Ал осы азғана егістің әр гектарынан 5,6 центнер өнім жиналғанын еске алсақ, ол кездегі егіншілік дәрежесінің мейлінше төмен болғандығын аңғару қиын емес. Ол кезде жыл сайын жаңа жер алқаптары жыртылып, бірер жыл өнім жиналғаннан кейін ол енді ұзақ уақыт бойы пайдаланылмай жататын. Егіншіліктің мардымсыз, жұтандығы әсіресе кедей шаруаларға ауыр тиген. Олардың басым көпшілігі ішер асқа жарымай, аянышты тұрмыс кешкен.

Әсіресе Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы шаруалардың жағдайы қиын еді. Олар суы мол өзен бойларында егін салғанымен азғантай ғана мөлдегін қандырып суара алған жоқ. Өйткені суармалы егіншіліктің орасан зор мүмкіндіктері ол кезде пайдаланылмады. Патша үкіметі суармалы жер көлемін ұлғайту жөнінде түк істеген жоқ. Ал шындығына келгенде, суармалы егіншілікті дұрыс жолға қою буржуазиялық-помещиктік құрылыстың қолынан келмейтін шара болатын.

Революциядан кейінгі алғашқы жылдары ауыл шаруашылығы аса қиын жағдайға кездескені мәлім. Азамат соғысы, жер-жерде бұрқ еткен бүліншілік, бай-кулактардың жаңа құрылысқа қарсы жанталаса бас көтеруі, әртүрлі зиянкестік, бүлдірушілік әрекеттер ауыл шаруашылығының онсыз да әлсіз базасын біржола титықтатып кетті. Егіс көлемі мен мал саны кемімесе, өскен жоқ. Тек лениндік кооператив жоспары жүзеге асырыла бастағаннан кейін ғана ауыл шаруашылық өндірісін жан-жақты дамытуға үлкен бетбұрыс жасалды. 1941 жылдың басында республикада 6901 ауыл шаруашылық артелі, 195 совхоз, 331 машина-трактор станциясы болды. Бұл кезде егіншілік едәуір нығайып, оны механикаландыру шаралары жүзеге аса бастады. 1933 жылмен салыстырғанда республикада ірі қараның саны 2,5 есе, қой 4 еседей, шошқа 6 еседен де астам, жылқы 1,7 есе өсті, ауыл шаруашылық өнімдерінің барлық түрлерін өндіру едәуір артты. Бұл коллективтік шаруашылықтың қалыптасып, онан әрі дамуының нақты жемісі еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында республиканың колхоздары мен совхоздары орасан зор қиыншылықтарды жеңе отырып, майдан мен халық қажетіне астықты, етті, басқа да өнімдерді неғұрлым көп беру үшін қыруар жұмыс атқарды, сөйтіп совет халқының фашистік Германияны талқандаған ұлы жеңісіне лайықты үлес қосты. Қазақстанның диқандары мен малшылары соғыстың төрт жылы ішінде (1941—1944 жылдары) соғысқа дейінгі төрт жылмен салыстырғанда мемлекетке астықты, етті, сүтті, картопты, овошты едәуір көп берді.

Соғыстан кейінгі жылдары ауыл шаруашылық өндірісін онан әрі өркендетуді көздеген бірқатар елеулі ірі шаралар жүзеге асырылды. Қазақстанда ауыл шаруашылығын өрге бастыруда, ауыл шаруашылық өндірісінің басқа да салаларын өркендетуде Коммунистік партияның тың жерлерді игеру жөнінде жүргізген жұмысының маңызы айрықша.

1954 жылдан 1960 жылға дейінгі жеті жыл ішінде республикада 25,5 миллион гектар тың және тыңайған жер игерілді. Жаңа жерлерді көтеруде әсіресе республиканың солтүстігіндегі Қостанай, Целиноград, Павлодар, Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарында қыруар жұмыс атқарылғаны мәлім. Соның нәтижесінде бұл облыстарда 17 миллион гектардан астам тың жер көтерілді. Мұның өзі жалпы игерілген жер көлемінің 66,6 проценті деген сөз.

Коммунистік партия тың жерлерді игеруге орасан көп материалдық ресурстар жұмсап, аса зор саяси және ұйымдастыру жұмысын жүргізді, партияның шақыруына қызу үн қосқан еңбекшілердің патриоттық қозғалысына тікелей басшылық етті. Қазақстанның жер байлығын игеруге, оның ауыл шаруашылық өндірісін негізінен қайта құруға бүкіл совет халқы, барлық туысқан республикалар қызу ат салысты, халық шаруашылығының барлық саласы бірдей тиісінше үлес қосты. 1954 жылдан 1958 жылға дейін еліміздің өнеркәсібі Қазақстан ауыл шаруашылығына 109 мың трактор, 70 мың комбайн, ондаған мың автомашина, басқа да көптеген жаңа техника берді.

Тың жерлерді игеру ұлы Отанымызды мекендеген барлық халықтардың туысқандығы мен мызғымас достығының жарқын көрінісі, партиямыздың лениндік ұлт саясатының салтанаты болғаны айқын. Кең пейілді, дарқан жаңды қазақ халқы партияның шақыруымен тың игеруге келген патриоттарды, Ленин комсомолының түлектерін күшәк жая қарсы алды. Жердің шалғайлығы да, ауа райының қаталдығы да, жаңа қоныстың жайсыздығы мен қиыншылығы да жігерлі жастарды жасыға да жабырката алған жоқ. Олар қазақ халқымен бірлесе, қоян-қолтық еңбек етіп, ғасырлар бойы пайдаланылмай жатқан байтақ даланы аз-ақ уақыт ішінде астықты алқапқа айналдырды. Жаңа қоныстанушылардың тың көтерумен бірге жаңа совхоздар орнату, астық қабылдайтын пункттер мен элеваторлар салу, темір жолдар мен тас жолдар тарту жөнінде де тындырған ісі таң қаларлықтай.

Жаңа жерді игеру нәтижесінде барлық ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы көлемі 1969 жылы 32 миллион гектарға жетті, яғни 1953 жылмен салыстырғанда 3,3 есе артты, ал дәнді дақылдардың егіс көлемі 24,6 миллион гектар болды немесе 3,5 есе ұлғайды, оның ішінде негізгі азық-түліктік дақыл — бидай егісінің көлемі 19,6 миллион гектар, бұл 1953 жылға қарағанда 4,2 есе көп.

Жаңадан игерілген жерлерде егіншілік мәдениетін көтеру, ғылым мен озат практиканың жаңа жетістіктерін енгізу бағытында көп жұмыс істелді. Бұл шаралардың ішінде Бүкіл одақтық астық шаруашылығы институтының (Шортанды) коллективі ұсынған, егістік жерді қайырмасыз плугпен өңдеуге, топырақты жел эрозиясынан қорғауға және егістікте ылғалды неғұрлым мол жинауға бағытталған егіншіліктің жаңа жүйесінің маңызы айрықша. Бұл жүйенің әсіресе Қазақстанның тың игерген аудандары жағдайында дәнді және басқа да ауыл шаруашылық дақылдарынан мол өнім алуда болашағы орасан зор.

Аса тиімді ауыспалы егісті енгізу және игеру — егіншіліктің жалпы мәдениетін көтеруге, егін шығымдылығын арттыруға бағытталған маңызды шаралардың бірі. Бұл жөнінде астықты, басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алудың тұрақты жоспарының бірнеше жыл бұрын белгіленуі маңызды роль атқарады. Өйткені бұл жағдай шаруашылықтардың егіс көлемінің құрылымын күн ілгері жоспарлауына, бірінші жағынан, астық және басқа да өнімдер сатып алудың мемлекеттік жоспарының толық және асыра орындалуын қамтамасыз ететін, екінші жағынан, жергілікті табиғи экономикалық жағдайларға сәйкес келетін ауыспалы егістерді енгізіп, игеруіне мүмкіндік береді.

Республиканың совхоздары мен колхоздарында дәнді дақылдардың тұқым шаруашылығын жетілдіру, егістік жерге сортты, аудандастырылған тұқымдар себуге көшу жөнінде едәуір жұмыс жүргізілді. Қазір жаздық бидайдың «Саратовская 29», «Безенчукская 98» сияқты мол өнімді, сапалы сорттары өндіріске кеңінен енгізіліп жатыр. Республиканың оңтүстігінде күздік бидай сорттары ішінен әсіресе «Безостая-1» сорты жақсы нәтиже беріп отыр. Қазір Қазақстан қуатты және қатты бидайдың аса бағалы сорттарын басқа жерлерге көптеп бере алатын дәрежеге жетті. Сонымен бірге минералдық және жергілікті тыңайтқыштарды қолдану ісі де жылдан-жылға жақсарып отыр.

Міне осындай және басқа да игі шаралар республикада дәнді дақылдардың шығымдылығын едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Соңғы төрт жыл ішінде бұған дейінгі бесжылдықпен салыстырғанда егіннің шығымдылығы гектарына 2,7 центнерден артты. Мұның өзі бүкіл егіс көлеміне есептегенде жылына қосымша 6 миллион тоннадан астам астық алуға мүмкіндік жасады. Тың игеріле бастағаннан бергі кезең ішінде республикада астық өндіру 4,1 есе, оны сатып алу 5,5 еседей өсті.

Астық өндіруде әсіресе Қостанай облысы шаруашылықтарының табысы ойдағыдай. Бұл облыста астық өндіру 7,3 есе, ал оны мемлекетке сату 10,5 есе ұлғайып отыр. Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Орал, Ақтөбе және басқа да облыстардың астық өндіру мен сату жөніндегі көрсеткіштері осы қарайлас.

Республиканың совхоздары мен колхоздары осы заманғы, ең жетілдірілген қуатты техникамен қамтамасыз етілген. 1970 жылдың басында республика ауыл шаруашылығында 192 мыңнан астам трактор, 93 мың астық комбайны, 103 мың жүк автомобилі, ондаған мың трактор сеялкасы, басқа да көптеген техника болды. Қазір қолда бар осы техниканың тілін білетін, оны жетік басқаратын механизатор кадрларды жергілікті жерде жеткілікті даярлау міндеті алға қойылып отыр.

Кең байтақ даламызда 1593 совхоз бен 422 колхоздың егін-жайы көлемді жерді алып жатыр. Бұлардың бәрі — жақсы механикаландырылған, ірі шаруашылықтар. Қазір әрбір совхоздың орта есеппен пайдалануға жарамды 96,6 мың гектар ауыл шаруашылық жері бар, оның

17,9 мың гектары — егістік, ал егістік жердің 16,5 мың гектарын ауыл шаруашылық дақылдары алып жатыр. Сонымен бірге әрбір совхоздың орта есеппен 2,5 мың ірі қарасы, 15 мыңға тарта қойы бар.

Суармалы егіншілікті мейлінше өркендету — астық өндіруді арттырудың маңызды да бай резерві. Суармалы жерді игеру жөніндегі елеулі шаралар КПСС Орталық Комитетінің май (1966 ж.) Пленумынан кейін кең түрде жүзеге асырыла бастады. Осы қысқа мерзім ішінде республикада 92 мың гектардан астам суармалы егістік жер жанадан пайдалануға берілді, құла дүзде жаңа совхоздар орнады. Суармалы жерлерде астық өндіру екі еседен де көбірек, оның ішінде күріш өндіру үш есе артты. Әсіресе Қызылорда облысының совхоздары мен колхоздарында соңғы жылдары суармалы егіншілікті өркендету, күріш өндіруді арттыру жөнінде біраз жұмыс тындырылды.

Республикада егіншілікпен бірге мал шаруашылығы да үздіксіз өркендеп отыр. Соның нәтижесінде ет, сүт, жүн, жұмыртқа өндіру және дайындау едәуір ұлғайды. Егер бұдан 7—8 жыл бұрын республикада жылына небәрі 350—400 мың тонна мал мен құс еті дайындалған болса, биылдың өзінде бұл көрсеткіш 1 миллион 200 мың тоннаға жетпек. 1969 жылы 1958 жылмен салыстырғанда мал мен құс етін сатып алу үш еседей, сүт екі еседен де көбірек, жүн 1,3 есе, жұмыртқа 4,7 есе ұлғайды. 1970 жылдың басында Қазақстанның мал фермаларында 7 миллион 142 мың ірі қара, 30 миллион 253 мың қой-ешкі, 1 миллион 610 мың шошқа, 1 миллион 214 мың жылқы болды.

Мал шаруашылығын өркендетуде біздің малшыларымызға республика ғалымдарының көрсетіп отырған көмегі елеулі. Олар совхоздар мен колхоздардың мамандарымен ынтымақтаса жұмыс істеп, биязы жүнді қойдың аса бағалы жаңа тұқымдарын өсіріп шығарды. Олардың ішінде қазақтың биязы жүнді, арқар-меринос, онтүстіктің қазақы меринос қойлары бар. Қазір қойдың мол өнімді бесқарағай, сұлукөл, орал тұқымдарын жанадан өсіріп шығару жөнінде жемісті жұмыстар жүзеге асырылуда. Соңғы кезде қой шаруашылығында жаңа бағыт — тез жетілетін ет-жүні мол жартылай биязы жүнді қой өсіру кең өріс алып отыр. Кроссбред жүндес қой өсіріп шығару жұмысы да ойдағыдай жүргізілуде. Сонымен бірге ірі қараның мол өнімді алатау, қазақтың ақ бас сиыры сияқты жаңа, мол өнімді тұқымдары шығарылды. Мал шаруашылығының басқа саласында да мал тұқымын асылдандыру жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстар аз емес.

Ауыл шаруашылық өндірісінің барлық саласын бірдей өрге бастыру жолында үстіміздегі бесжылдықтың өткен жылдарында республиканың партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының жүргізген ұйымдастыру жұмыстары орасан зор. Соның нәтижесінде бесжылдықтың өткен төрт жылы ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі бұған дейінгі төрт жылмен салыстырғанда 22 процент артты. Жыл сайын астық өндіру орта есеппен 20,3 миллион тоннаға жетті, яғни 40 процент, оның ішінде негізгі азық-түліктік дақыл — бидай өндіру 44 процент ұлғайды. Осы мерзім ішінде жыл сайын астық сатып алу бұған дейінгі төрт жылдағы 470 миллион пұт орнына 730 миллион пұтқа жетіп отыр, яғни 56 процент өсіп отыр.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру де едәуір көбейді. Бесжылдықтың төрт жылының жоспарынан тыс мемлекетке 226,4 мың тонна мал мен құс еті, 292,1 мың тонна сүт, 297,2 миллион жұмыртқа сатылды. Қоғамдық малдың саны және оның өнімділігі де өсті.

Республиканың ауыл шаруашылық өндірісінде қол жеткен бұл табыстары — партияның ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде КПСС XXIII съезінде, Орталық Комитеттің март (1965 ж.) және одан кейінгі Пленумдарында белгіленген саясатын ойдағыдай жүзеге асырудың нақты нәтижесі.

Ауыл шаруашылығын өрге бастыру күресінде республикамызда өз ісін шебер меңгерген озат дикандар мен малшылар, жетік мамандар өсіп жетілді. Олардың ұзақ жылғы жемісті еңбегі Отанымыздың жоғары наградтармен талай атап өтілген. Соңғы 15 жыл ішінде республика ауыл шаруашылығының 357 қызметкеріне Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, 3 202 адам Ленин орденімен, 12 363 адам Еңбек Қызыл Ту орденімен, 13 630 адам «Құрмет белгісі» орденімен, 41 275 адам медальдармен наградталды.

Ауыл шаруашылығы саласында орасан зор жетістіктері үшін Советтік Қазақстанның және оның 15 облысының Ленин орденімен наградталуы — республика еңбекшілерін зор мақтаныш сезіміне бөлеген, олардың қажыр-қайратын тасытқан елеулі оқиға.

Біз бүгін республикамыздың торқалы тойы күні ауыл шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстарды атап көрсетумен бірге бұл салада әлі елеулі кемшіліктер барын, астық, ет және басқа да өнімдер өндіруді неғұрлым жедел арттыру үшін қолда бар мүмкіндіктер мен резервтердің толық пайдаланылмай отырғанын ашып айтуға тиіспіз. Республиканың партия, совет және ауыл шаруашылық органдары, совхоздар мен колхоздардың басшылары мен мамандары әрбір шаруашылықтағы істің жағдайына терең талдау жасап, ішкі резервтерді ауыл шаруашылық өндірісін өрге бастыруға пайдалану жөнінде қажырлы күрес жүргізуге, көптеген шараларды жүзеге асыруға міндетті.

КПСС Орталық Комитетінің партияның ауыл шаруашылығы жөніндегі кезекті міндеттері туралы мәселе қараған июль (1970 ж.) Пленумы шешімдерінің біздің республикамыз үшін де маңызы ерекше. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың Пленумда жасаған баяндамасында және Пленумның қаулысында еліміздің ауыл шаруашылығын таяудағы бесжылдықта өркендетудің негізгі бағыттары, сондай-ақ ауыл шаруашылық өндірісінің материалдық-техникалық базасын нығайту, жерді химияландыру мен мелиорациялауды онан әрі дамыту жөнінде аса ірі шаралар белгіленген.

Жана бесжылдықта біздің республиканың алдына аса зор, жауапты міндеттер қойылып отыр. Қазақстан жыл сайын астық өндіруді орта есеппен 24 миллион тоннаға жеткізуге тиіс, ал астық сатып алудың тұрақты жоспары 10 миллион 600 мың тонна көлемінде бекітіліп отыр. Оның бержағында мемлекетке астық сатудың тұрақты жоспары жыл сайын кемінде 35 процент асыра орындалуы керек. Сонымен бірге ет және басқа да мал шаруашылық өнімдерін өндіруді және оларды мемлекетке сатуды едәуір ұлғайту көзделіп отыр.

Республиканың ауыл-село еңбеккерлері КПСС XXIV съезін және Советтік Қазақстанның 50 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы жарысқа қосыла отырып, мерекелік міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Көптеген аудандар мен облыстар биыл дәнді және басқа да ауыл шаруашылық дақымдарын бігік өсірді, егін жинау жұмыстары жер-жерде қызу жүріп жатыр. Республика дикандары үстіміздегі бесжылдықтың және оның соңғы жылының мемлекетке астық тапсыру жоспарын ойдағыдай орындап шығуға тиіс. Ал малшыларымыз мемлекетке ет, сүт, жұмыртқа, жүн тапсыру жөніндегі жарты жылдық жоспарды едәуір асыра орындады. Ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөнінде партия алға қойған аса күрделі де келелі міндеттерді республика еңбекшілерінің абыроймен орындап шығатындығына кәміл сенеміз.



ӨСКЕН ӨНЕР

М. ЕСЕНӘЛИЕВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті
мәдениет бөлімінің меңгерушісі*

I

КОММУНИСТІК құрылыстың үлкенді-кішілі істерінің қамымен қарбалас жүргендіктен бе, әлде тар жол, тайғақ кешуді, сын-сынақты көп көріп, талай қиын-қысталаңнан еркін өткен совет халқының бойына біткен қарапайым қасиеті ме, қиындықта саспайтын, қуанышта таспайтын байсалды, маңғаз мінезі ме, әйтеуір, біз, әдетте, асып-төгілуді, мақтанyp-мастануды біле бермейміз. Қыздырма қызыл сөздің желігіне түсіп, тамыр жаяр топырақтан аулақтап кетіп, аспаннан ай қармап жүру біздің советтік, коммунистік табиғатымызға жат. Әйтпесе Ленин туы астында, еліміз халықтарының туысқандық семьясында бүгін өзінің елдігінің, мемлекеттігінің, Коммунистік партиясының жарты ғасырлық мерекесін тойлап отырған республикамыздың табыстары мен жемістері шын мәнінде керемет-ақ.

Біздің Отанымызға шетелдерден келген қонақтар советтік республикалардың, оның ішінде Қазақстанның бүгінгі шыққан биігіне қайран қалады. Былтырғы октябрьде Азия мен Африканың, Латын Америкасының елден аса елінің өкілдері «Ұлт-азаттық революциялары туралы лениндік ілім және дамушы елдердің әлеуметтік өркендеуінің қазіргі кезеңі» деген халықаралық симпозиумға қатысуға Алматыға келді. Сондағы олардың негізгі әңгімесі — Ленин Отанының табыстары. Португалиялық Гвинея мен Жасыл мүйіз аралдарындағы Африканың тәуелсіздік партиясының Бас секретары Амилкара Кабрала осы симпозиумда жасаған баяндамасында Совет елінің бүгінгі өмірі өздеріне үлгі-өнеге екенін баса айтты.

— Біз, — деді ол, — Ленин идеясы өміршеңдігінің көптеген мысалын өз көзімізбен көріп отырмыз. Мәселен, Қазақстанды алайық, оның халқы күні кеше ғана көшпелі болыпты. Ал бүгін ол аса жоғары дәрежеде өркендеген социалистік республика. Азаттыққа қолы жеткеп және Лениннің кемеңгерлік ілімімен қаруланып, оны басшылыққа ала білген халықтың қандай ғажайып жұмыс жасайтынына біздің көзіміз кәміл жетті.

Расында да, туысқан Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын кемеңгерлікпен жүзеге асыруы нәтижесінде Қазақстан капитализмнің кесірлі шатқалына соқпай социализмге өтіп, жиырмамыншы ғасырдың биігінен бір-ақ шықты. «Елу жаста елім бар деп айта алмай» мұңға шомған Абай халқының өнер-білімсіз, жақсылықсыз-жарықсыз өтіп жатқан сүреңсіз тіршілігіне налып аһ ұрмап па еді. Ғылым бағайын десең «...ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күңсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып, шер тарқатысар кісі болмаған соң — ғылым өзі бір тез қартайтатұғын күйік», — деп күйінген ғой бір жабыққан сәтінде ұлы Абай.

Міне сол ақын айтқан, ғылым-білімнен мақрұм қалған Қазақстан бүгінгі таңда осы ұшқыр ғасырдың ғылымы мен техникасының ең жаңа жетістіктерімен қаруланған, өркен жайған өнеркәсібіне алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы сай, мәдениетті республикаға айналды. Бұрын сайда — саны, құмда — ізі жоқ, өзінің елдік атына зар болған қазақ халқы бүгінде Советтік

Социалистік Республикалар Одағының терезесі тең бір мүшесі, лениндік достық аясында советтік ұлы семьядан бақытыш тапқан іргелі мемлекет.

Әрине, бұл үшін халқымыз кемеңгер Ленинге, Коммунистік партияға, ұлы орыс халқына шын жүректен алғыс айтады.

II

Ұлы Октябрьден кейін партиямыз бен халқымыз экономика мен әлеуметтік қатынастарды түбірінен қайта құрумен бірге мәдени революцияны қолға алғаны мәлім. Халық бұқарасының қараңғылығы мен сауатсыздығын жою шұғыл міндет ретінде күн тәртібіне қойылды. Шынында да жаңа өмір орнатуға саналы түрде белсене қатысуы үшін жалпы жұртқа, әрбір еңбекшіге мәдениеттің сарқылмас қазынасына жол ашу керек болды. К. Маркстің сөзімен айтқанда, еңбекшіге революция өмір сүріп отырған күллі жағдайды өзгерту үшін ғана емес, оның өзін де өзгерту үшін қажет. Жап-жақты дамыған, жан-жақты әзірленген, он саусағынан өнері тамған адамдарды тәрбиелеп, оқытып, даярлап шығару — мәдени революцияның өзегі. Ендеше бұл революция адамдар арасындағы барша идеологиялық қарым-қатынасты, мәдени мекемелер мен ұйымдардың күллі жүйесін толығынан қамтып, жалпы қоғамның рухани өмірін түбірінен қайта құрады.

Жаңа мәдениетті жасау — тар пішіп, таяз кешуді көтермейтін, байыппен, байсалдылықпен бірте-бірте жүзеге асырылатын ұзақ процесс. Советтік қоғамның күллі рухани өмірін өзгертіп, жаңарту халықтың қалың бұқарасы мәдени дамуының тұтас бір кезеңі, сол себепті де бұл істе асығу мен асыра сілтеушілікке жол беруге болмайды деп атап көрсетті В. И. Ленин. Мәдени революцияны жүзеге асыру барысында партиямыз Ленин өсиетін бұлжытпай орындады. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет пен өнердің тууы, қалыптасып өсуі — осы мәдени революцияның құнарлы бір жемісі.

Қазақ совет әдебиеті мен өнерінің идеялық-көркемдік мазмұнын, бағыт-бағдарын айқындап берген негізгі фактор — революция жеңісі, жаңа өмір орнату жолындағы күрес. Ол өзінің алғашқы қадамынан-ақ өткен дәуірдің озық демократиялық дәстүрлерін, ұлы орыс әдебиетінің бай тәжірибесін творчестволықпен игере отырып, шын мәніндегі партиялық, халықтық өнер ретінде қалыптасты. Өйткені ол әуелден-ақ өзінің таптық сипатын, партиялық бағытын жасырған емес. Жалпы партиялық, пролетарлық істің жанды бір бөлігі болғандықтан да ол саналы түрде еңбекші бұқараның ой-арманын, мақсат-мүддесін білдіретін, мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын әдебиет пен өнер ретінде дамып келеді.

Күллі советтік социалистік өнер сияқты қазақ совет өнері де тарих тыңымен нұрлы болашаққа шеру тартқан тұңғыш социалистік мемлекеттің күрес пен жеңіске толы даңқты жолын шыншыл бейнелеген революцияшыл өнер.

Октябрь революциясына дейін бізде фольклор басым болды. Жазба әдебиетіміз сәбилік дәуірде еді. Сол себепті де қазақ әдебиеті революция жылдарына тек поэзиямен келіп араласты. Қазақ даласының күллі ескі укладын қиратып, әділетті, азат жаңа өмір орната бастаған дауылды дәуір шындығын қолма-қол жырлауға, әрине халыққа ежелден таныс ата жанр — поэзия белсене араласып кетті. Бірақ бұл түгелдей жаңа қасиет, жаңа сапа тапқан жауынгер жанр еді. Оның тақырыбы да, идеялық-образдық жүйелері де, бейнелеу тәсілдері де, өмір шындығын ой елегінен өткізіп, танып-білу жолдары да бұрынғыдан өзгешерек еді. Жаңа қоғам құрылысына белсене араласу әдебиеттің өмірмен қоян-қолтық орайлас болуына жағдай жасады.

Қазақ совет жазушыларының алғашқы буыны революция мен азамат соғысының, халық шаруашылығын қалпына келтірудің қиын кезеңінде қайнаған өмір ортасында жүрді. Бұлардың ішінен революционер жазушы С. Сейфуллиннің жалпы қазақ совет мәдениетін дамытуда алатын орны ерекше. Ол жаңа әдебиетіміздің іргесін қалап, поэзия, проза, драматургия, әдебиет сыны саласында мол-мол еңбек етті, артына құнарлы мұра қалдырды. Оның

«Жас қазақ марсельезасы», «Кел, жігіттер», «Жолдастар» сияқты саяси үгіттік өлеңдері, «Қызыл сұңқарлар», «Тар жол, тайғақ кешу» сияқты туындылары тап күресі өзек болған дәуір шындығын дұрыс бейнеледі.

Әдебиет пен өнер майданына Сәкенмен шамалас араласқан Б. Майлин мен І. Жансүгіровтың, Б. Ізтөлин мен С. Мұқановтың таңдаулы туындыларында қазақ ауылын советтендіру, жер бөліс, әйел теңдігі, ескілікке қарсы рақымсыз күрес тақырыптары, совет заманында теңдік алып, көзі ашылған жарлы-жақыбайлардың хал-ақуалы — бәрі молынан қамтылды.

Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы орыс халқының және басқа да туысқан халықтардың көмегімен қазақ даласында жүзеге асқан жаңалықтар, социалистік құрылыстың табыстары М. Әуезов пен Ғ. Мұстафиннің, Ғ. Мүсірепов пен А. Тоқмағамбетовтың, Т. Жароков пен Ә. Тәжібаевтың, Ғ. Орманов пен Ж. Сыздықовтың творчествосына арқау болды.

Қазақстанды экономикалық және мәдениет жағынан шұғыл өрге бастыру жолындағы партия мен үкіметтің пәрменді шаралары, еңбекші бұқараның жанқиярлық еңбегі, еліміз халықтарының туысқандық достығы біздің әдебиетіміз бен өнерімізді өркендетудің шешуші шарттарына айналды. Жиырмамыншы-отызыншы жылдары әдебиет етек-жеңін жинап, күшін біріктіріп, марқая түсті. Оның идеялық-көркемдік деңгейі көтеріліп, тақырыптық ауқымы кеңейді, жаңа түрлер, жанрлар туындады. Бұрын болмаған немесе жоққа тән дерлік реалистік проза, драматургия, әдебиет сыны, очерк пен публицистика қалыптасып, өркен жайды.

Бұл жылдары қазақтың театр, музыка, бейнелеу өнері де бүршік жара бастады. 1926 жылдың январында Қызылордада қазақтың тұңғыш театрының шымалдығы ашылды. Сонда театр сахнасынан Париждегі дүние жүзілік этнографиялық концерт бәйгесіне қатысып, бірінші орын алып қайтқан Ә. Қашаубасев пен ақын И. Байзақовтың, Қ. Қуанышбаев пен С. Қожамқұловтың, Е. Өмірзақовтың таланты жарқырап көрінді. Театрдың көркемдік жағын басқарған дарынды драматург, режиссер Ж. Шанин еді. Ұлттық өнерімізді дамытуда бұл театрдың алатын орны айрықша.

Араға сегіз жыл салып, осы театрдан еншісін алып, музыкалық театр отау тікті. 1934 жылдың январында «Айман-Шолпан» спектаклімен творчестволық жемісті сапарға шыққан бұл коллектив кейін Ленин орденді Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына айналды. Бұл театрдан атағы күллі елге жайылған К. Байсейітова, Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков, Ш. Жиенқұлова, композитор Е. Брусиловский сияқты таланттар тәрбиеленіп шықты. Қазір тамаша профессионалдық шеберлігімен халықтың құрметіне бөленген Құрманғазы атындағы оркестр де сол тұста құрылды. Оның басы-қасында ғалым, композитор Ахмет Жұбанов жүрген еді.

Бүгін көп ұлтты социалистік мәдениетіміздің мәуелі бір бұтағы болып отырған қазақ әдебиеті мен өнерінің қалыптасу дәуірін сөз еткенде есте ұмытпайтын, үнемі есте сақтайтын бір жәйт бар. Ол — біздің қазіргі көркем өнеріміздің қиян-кескі идеологиялық күрес үстінде өсіп жетілгендігі, қазақ әдебиеті мен өнерін ұлтшылдықтың томаға-тұйық тар шеңберінде қалдырғысы келген буржуазияшыл ұлтшылдарға тойтарыс беріліп, социалистік реализм өнерінің партиялық, халықтық сияқты сара принциптерінің сақталған құрғандығы.

Ұлы Отан соғысы барша жұртқа қандай ауыр сын болса, мәдениетімізге де сондай ауыр сын болды. Қанқұйлы, зұлым жауды талқандауға біздің творчестволық интеллигенциямыз да лайықты үлес қосты. Мәдениет қайраткерлері жас-кәрі демей қаламын қаруға балап, майданның, өмірдің алдыңғы шебіне шықты. Атақты Панфилов дивизиясының құрамында белгілі жазушылар Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Д. Снегин, С. Бақбергенов және басқалары шайқасты. А. Жұмағалиев, В. Чугунов, Б. Бұлқышев, Ә. Есмәмбетов сияқты ақындар ата-жаумен арпалыста қаһармандықпен қаза тапты. Ал Ә. Сәрсенбаев, Қ. Аманжолов, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Ж. Молдағалиев, С. Мәуленов, А. Елков, Ф. Егоров, Қ. Исабаев және басқа жазушылар қанды соғыстың ауыр мектебінен өтті. Украина мен Белоруссия парти-

зандары арасында жүріп, Ж. Сани, Қ. Қайсенов, Ә. Шәріпов сияқты қаламгерлеріміз ортақ жауға қарсы жан аямай соғысты. Халық ақындары да жауға қарсы шамырқана жыр төкті. Жүз жастағы Жамбыл қарттың «Ленинградтық өрендерім» атты жалынды өлеңі майдан шебін аралап, қоршаудағы Ленин қаласының халқына, жауынгерлерге жігер берді.

Соғыстан кейінгі дәуірде әдебиет пен өнерде халық өмірін тереңірек зерттей жазуға, әсіресе коммунистік құрылыстың шешуші тұлғасы — замандас бейнесін жасауға баса көңіл бөлінді. КПСС Орталық Комитетінің 1946—1948 жылдары қабылданған маңызды қаулылары әдеби творчествоның идеялық-көркемдік сапа-қасиетін, мән-мазмұнын талдап, оның өсу жолдарын белгілеп берді. Тап осы кезеңде қазақ совет әдебиеті мен өнері жаңа белеске көтерілді. С. Мұқановтың «Ботакөз», Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды», «Миллионер» романдары күллі Одақ оқушыларына белгілі болды, шетел тілдеріне аударылды.

Көп ұлтты совет әдебиетінің ең таңдаулы туындыларының бірі саналатын және ғасырымыздың ең тәуір романдары қатарына қойылатын «Абай жолы» эпопеясы Мемлекеттік және Лениндік сыйлық алды. Бұл тек М. Әуезовке ғана емес, күллі қазақ мәдениетіне көрсетілген құрмет еді.

Соңғы он бес-жиырма жыл ішінде әдебиетімізге білімді, мәдениетті, талантты жазушылардың жаңа тобы келіп қосылды. Х. Есенжанов пен З. Шашкин, Ә. Нұрпейісов пен Т. Ахтанов, Х. Ерғалиев пен Ж. Молдағалиев, С. Мәуленов пен С. Шәймерденов, І. Есенберлин мен Ә. Әлімжанов, Қ. Мұхаметжанов пен Б. Соқпақбаев, Ғ. Қайырбеков пен Қ. Исабаев және басқалары оқушылар сүйіспеншілігіне бөленді.

Бұлардың ішінен Ә. Нұрпейісовтың тарихи-революциялық тақырыпқа жазылған «Қан мен тер» атты трилогиясын айрықша атаған жөн. Бүгінгі таңда күллі совет әдебиетінің сәтті туындыларының қатарында аталып жүрген бұл роман қазір француз, ағылшын, неміс, араб тілдерінде шығып, әлемге тарап отыр.

Жыл сайын әдебиетімізге дарынды жастар қосылып жатады. Қазір әдебиет майданына еркін араласып, өндіре жазып жүрген Т. Молдағалиев пен Қ. Мырзалиев, С. Мұратбеков пен Ә. Кекілбаев, М. Мақатаев пен Ж. Нұжімеденов, Ә. Әшімов пен Ж. Молдағалиев, О. Сүлейменов пен С. Санбаев және басқалары тәрізді болашағынан үлкен үміт күттіретін қаламгерлер көп.

Қазақстанда орыс ақын, жазушыларының үлкен отряды бар. Олардың ішінде күллі өмірі мен творчествосын Совет өкіметі жылдарында республикада болған тарихи өзгерістерді бейнелеуге бағыштаған И. Шухов, Д. Снегин, Н. Анов сияқты көрнекті жазушыларды атаймыз. Бұлар әдебиетіміздің таңдаулы туындыларын орыс тіліне аудару арқылы қазақ совет мәдениетін дамытуға да көп еңбек сіңіріп жүр.

Әдебиетпен қанаттасып, республиканың сан салалы, алуан жанрлы — музыка, театр, кинематография, хореография, цирк өнерлері өркендеп келеді. Орыс халқы мен басқа туысқан халықтардың нақты көмегі арқасында тарихи қысқа мерзім ішінде ұлттық өнер кадрлары — композиторлар мен режиссерлар, суретшілер мен актерлер қатары көбейді.

Коммунистік партияның күнделікті аталық қамқорлығы өнер қайраткерлерінің творчестволық жұмыспен алаңсыз шұғылдануына қолайлы жағдай жасады. Мәселен, Р. Жаманова, Е. Серкебаев, Р. Абдуллин, Х. Бөкеева, Ш. Айманов, В. Харламова, Л. Чернышева, Б. Төлегенова, Р. Бағланова сияқты талантты өнер шеберлеріне СССР халық артисі деген құрметті атақ берілді.

Октябрьге дейін бізде бірде-бір профессионал театр болмаған еді. Енді республикада 24 театр, толып жатқан концерттік және музыкалық ұйымдар бар. Қазақ музыка коллективтері мен өнер шеберлері қазір Париж бен Лондонда, Нью-Йорк пен Токиода, Дели мен Каирде, Рангун мен Брюссельде, социалистік елдердің астаналарында өз өнерлерін көрсетіп жүр.

Қазақстан композиторлары жыл сайын ондаған туынды беруде. Олардың творчестволық өрісі кең; қарапайым әннен опера мен симфонияға, хор

мен камералық музыкаға дейін шығарды. Соңғы жылдары Г. Жұбанова, Е. Рахмадиев, С. Мұқаметжанов секілді композиторларымыз қомақты творчестволық табыстармен қуанып жүр. Біздің төрт композиторымызға Мемлекеттік сыйлықтың берілуі — музыкалық мәдениетіміздің елеулі олжасы. Олар — Е. Брусиловскийдің «Советтік Қазақстан» кантатасы, М. Төлбаевтың «Біржан мен Сара» операсы, Қ. Қожамияровтың «Ризвангүл» симфониялық поэмасы, Л. Афанасьевтің оркестрлі скрипкаға арналған концерті.

Республиканың бейнелеу өнерінде де соны серпін байқалады. Қазақстан суретшілерінің туындылары Бүкіл одақтық, республикалық көрмелерге қойылуда. Ә. Қастеев пен В. Антощенко-Оленев, Қ. Телжапов пен Е. Сидоркин, С. Мәмбетов пен Н. Нұрмұхамбетов, Х. Наурызбаев пен А. Ғалымбаева, Н. Гаев пен М. Кенбаев еңбектеріне көруші жұрт сүйсінеді.

Біздің кино өнеріміз жас. Киностудия құрылғалы ширек ғасыр. Бірақ оған қарамастан «Қазақфильмде» жыл сайын үш-төрт көркем, отыздан аса документті және ғылыми-көпшілік фильм шығарылады, ана тіліне 60 кинолента аударылады.

Республика өнері көп ұлтты. Мұнда қазақ, орыс, ұйғыр, корей, неміс творчестволық коллективтері бірлесе жұмыс істейді. Еліміз халықтары мәдениетінің рухани достығы, творчестволық ынтымағы Қазақстан көркем қазынасын байыта түсудің маңызды бір факторы болып отыр.

III

Коммунизмнің жаулары, әдетте бізді адамзаттың сан ұрпағы жасаған рухани қазынаны бүлдіріп, талқандайтын, жалпы мәдениет атаулыны мойындамайтын топас етіп көрсетуге тырысады. Социалистік революцияның өзін олар жалпы қоғамның берекесі кетіп, құты қашуы, мәдениеттің құлдырап күйреуі деп ұғады. Бұл, әрине өмір ақиқатынан аулақ жатқан. Совет елі дегенде «жаптым жала, жақтым күйе» деп, қандай зұлымдық болса да тартынбайтын тап дұшпандарының дағдылы өсек-өтіріктерінің бірі.

Коммунистік партия мен Совет өкіметі өзінің ілкі қадамынан тарихи ескерткіштерді, мәдени мұраларды мемлекет қанатының астына алды. Капитализмнен мирас боп қалған мұраның халыққа зиянды, кертартпа кесірлі дегендерін ысырып тастап, сан ғасырлар бойы жасалған мәдени қазынаны көптің игілігіне айналдырды. Революция мен азамат соғысының ауыр жылдарының өзінде Горькийдің инициативасымен «Әлемдік әдебиет» баспасы ұйымдастырылып, ол дүние жүзі классиктерінің таңдаулы туындыларын шығара бастады. Қарапайым халыққа шоқтығынан қарап үйренген буржуазиялық көзқарастағы мамандардың өзі совет қызметіне тартыла берді.

Бұл істің басы-қасында Владимир Ильичтің өзі болды. «...Капитализм қалдырған бүкіл мәдениетті алу керек, — деп жазды ол. — Содан социализмді орнату керек. Бүкіл ғылымды, техниканы, барлық білімді, өнерді алу керек. Бұлай етпейінше біз коммунистік қоғам өмірін құра алмаймыз. Ал бұл ғылым, техника, өнер — мамандардың қолында және олардың басында» (Шығармалар, 29-том, 55-бет).

Рас, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында «Пролеткульт», РАПП төңірегіндегі кейбір әдеби топтар «әсіре революциялық» ұрандармен әуестеніп, ескі мәдени мұраны құрту идеясын таратпақ болды. В. Кириллов деген ақын: — Ертеңгі күніміз атынан Рафаэльді өртелік, музейлерді бұзальқ, өнер гүлін тапталық, — деп солардың кесірлі ойын білдірді.

Коммунистік партия мен совет жұртшылығы пролеткультшілдер идеологиясының реакциялық сипатын батыл әшкереледі. Әсіресе партиямыздың В. И. Ленин әзірлеген «Пролеткульттер туралы» хаты мен партия Орталық Комитетінің «Пролетариат мәдениеті туралы» қаулысының жобасында және басқа документтерде марксизмге жат көзқарастар айыпталып, совет мәдениетінің өсу жолы айқындалды.

Партиямыздың мәдени мұра және оны сын көзімен қарап игеру жөніндегі тұжырымдары РКП(б) Орталық Комитетінің 1925 жылғы 18 июньдегі «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты» және ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23 апрельдегі «Әдеби-көркем ұйымдарды қайта құру туралы» қаулыларында ашық айтылды.

Ал жазба әдебиеті енді ғана туа бастаған Қазақстанда халықтың бай ауыз әдебиетін, творчествосын ғылыми жолмен жинап, бір жүйеге келтіру, оны сын көзімен екшеп, сұрыптап, қалың бұқараның игілігіне айналдыру тек Совет өкіметі жылдарында ғана жан-жақты қолға алынды. Бұрын жақсылық пен жарықтан құр алақан қалған халықты білім бұлағына сусындатып, оның бағы заманнан бергі атадан балаға мирас етіп қалдырып, сары майдай сақтап келген рухани байлығының бары мен нәрін алып, өзіне кітап ретінде, спектакль, фильм ретінде ұсынуы тәрбиелік маңызы бар оқиға болды. Осынау елу жылдық тарихымызды қазбаламай-ақ соңғы он-онбес жыл бедерін алсақ, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы «Қазақ халқының әдеби-поэтикалық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес, 1959 жылы әдебиетіміздің негізгі проблемаларына арналып ғылыми-теориялық конференция өткізілді, халқымыздың рухани бай қазынасын маркстік-лениндік тұрғыдан зерттей қарап, халық арасына тарату жөнінде қыруар жұмыс тындырылды; қазақ ертегілері мен батырлар жырының төрт томдығы, ақындар айтысының үш томдығы, халық ақындары Махамбеттің, Біржанның, Ақанның, Әсеттің т. б. жинақтары, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет күйлері, халық әндері том-том болып, жеке-жеке шығарылды. Ал Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт сияқты жазба әдебиет өкілдерінің мұрасы өз алдына бір төбе. Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында ауыз әдебиеті туындыларынан 9 мың баспа табақ еңбек сақтаулы. Халқымыздың аса бай поэзиялық творчествосын шеберлікпен игере отырып, жазушыларымыз сол мұра негізінде тамаша шығармалар жасады.

IV

Біздің өркен жайған әдебиетіміз бен өнеріміз — Ұлы Октябрьдің перзенті. Міне жарты ғасырдан бері ол еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің қуатты құралы есебінде партиямызға пәрменді көмек көрсетіп, көп ұлтты социалистік мәдениеттің ортақ қазынасына лайықты үлес қосып келеді.

Бүкіл совет өнері сияқты қазақ әдебиеті мен өнерінің таңдаулы туындылары да әлемдегі тұңғыш социалистік мемлекеттің көркем шежіресін жасап, әрқашан оның жеңісі жолында күрес-тартыстың алдыңғы сапында жүрді. Ол коммунистік мұраттар нұрына бөленген тамаша шығармалар туғызды. Күллі прогресшіл адамзат социалистік реализм өнеріне революциялық пафос пен нағыз гуманизмді, халықтар достығы мен интернационализмді насихаттайтын нағыз халықтық, реалистік өнер деп қарайды. Сол себепті де Коммунистік партия советтік көркем интеллигенцияға жоғары талап қояды. Мәдениет саласында жасалып жатқан жұмысқа баға бергенде, — деді, Л. И. Брежнев жолдас партиямыздың XXIII съезінде жасаған Есепті баяндамасында, — біз өнердің партиялылығы, таптық сипаты жөніндегі принципті ұстаймыз. Біз әдебиет ісі жалпы пролетарлық істің бір бөлегі деген лениндік қағиданы ешқашан ұмытпаймыз.

Бұл түсінікті де. Творчестволық интеллигенцияның еңбекші халыққа идеялық-эстетикалық тәрбие берудегі ролі орасан зор. Партиямыз бұдан былай да өнердің өсуіне үнемі көңіл бөліп, қамқорлық жасай береді.



Октябрь ШАПАҚТАРЫ

КЕНТАУ КЕЛБЕТІ

Ы. ТІЛЕУБЕРГЕНОВ,

Кентау қалалық партия комитетінің
бірінші секретары

ҚАЗАҚ ССР МЕН ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ 50 жылдығы — ерлік пен елдіктің, жақсылық пен жаңалықтың елу жылы. Әр күні айға, айы жылға татитын ұшқыр советтік заманның шаттығы шалқар, шапағаты мол, қуанышы көл. Сондықтан да біз осындай ұлыстың ұлы күні жарты ғасырдан бері жарқын өмір құшағында құлшына еңбек етіп, құрыш қол, қайратты білегімізбен осынау табиғатты таңғажайып түрге бөлеп, оның бермесін тартып алып, тамаша табыстарға жетіп келе жатқанымызды паш етпекпіз, кешегіміз бен бүгінгімізге тағы да көз жібермекпіз. Иә, өткен күндер мен сәулетті болашағымызды сөз өткенде, адам баласының асқан данышпаны, пролетариаттың кемеңгер көсемі В. И. Лениннің ұлы идеяларын мүлтіксіз жүзеге асырып отырған, еліміздегі барша халықтың бақытын ойлап, тыныштығын сақтап, күллі ісіміздің программасын белгілеп берген Коммунистік партияның дана басшылығы, оның халықтар достығы жөніндегі лениндік саясаты, алға қояр мақсаты — бәрі де ойыңа оралып, көз алдыңа елестейді. Өзіңнің осындай дарқан өмірдің, байлық-бақыттың, бар берекенің иесі екендігіңді зор мақтанышпен сезінесің. Мұның бәрі бойыңа жаңа күш-қуат, жаңа шалқар шабыт береді. Қиялың шарықтайды: биіктен биікке самғап өрлей бергің келеді.

Біздің адамдардың әр уақытта жүзі жарқын, мәртебесі биік дейтініміз де осыдан. «Елу жылда ел жаңа» деп халық бекер айтпаған. Осынау ерлікке толы жасампаз жылдар ішінде Советтік Қазақстанның экономикасы өсіп, дәулеті шалқыған, мәдениеті гүлденген республикаға айналды. Оның кең байтақ даласында трубалары аспанмен таласқан комбинаттар, завод, фабрикалар салынып, қаншама қалалар орнады десеңізші!

Солардың бірі — Кентау. Ол жас қала — жасампаз қала! Кентаудың бүгінгісі тамаша, ертеңгісі одан да қызық. Қаламыздың жасыл жапырақ жамылған оқтай түзу көшелері мен сәнді үйлерін көріп, болашағын қызықтаған атақты да кемеңгер жазушымыз Мұхтар Әуезов Кентауды Қаратаудың тәжісі деп атаған болатын. Мұханның мұнысы әбден тауып айтылған сөз. Өйткені бұрынғы құлан түзде сұлық жатқан Қаратауға Совет өкіметінің арқасында ғана жан кірді. Кентау өңірі гүлді, өмірі нұрлы аймаққа айналды.

Кентауды жас дейтініміз — бір кездегі шағын Мырғалымсай поселкесінің орнына Кентау қаласы орнады. Содан бері 15-ақ жыл өтті.

Жасампаз дейтініміз — осы 15 жылдың дересінде-ақ Кентаудың даңқы бүкіл әлемге жайылды. Ондағы еңбек адамдары небір игілікті істердің бастаушысы, жаңаның жаршылары атанды, есімдері елге тарады.

Қаланың тарихы да қызық. Октябрь революциясына дейін Қаратау бөктерінің Ащысай рудасын ағылшын концессионерлері жыртқыштықпен пайдаланғаны мәлім, олар руданы түйемен тасытқан екен. Ондағы жұмыс та адам айтқысыз ауыр болған. Шетелдік концессионерлерге жалданған жұмысшылар күні бойы жер астында бейнеттеніп жұмыс істеп, қараңғы қапас, тар үңгірде қорғасын рудасын қайламен ұрып түсіретін болған. Сондағы «тісін қайрап, жанын жалдап» тапқан еңбек ақысы жеке басының күн көрісіне әрең жететін. Ол заман келмеске кетті. Осыдан жарты ғасыр бұрын Қазақстанға Совет өкіметі орнады. Енді қазақ жерінің байлығы бұрынғыдай кім көрінгеннің қолында кетпейтін болды.

Сонымен қорғасын-мырыш өндіретін Ащысай руднигінде алғаш рет шахта құрылысы қызу қолға алынды. Ол кездегі кеншілердің негізгі құралы қайла мен күрек болды. Сүйікті Отанымызға қорғасын керек. Мұны жақсы түсінген кентаулықтар уақытпен санаспай, руда өндіріп, металлургия заводтарына жөнелте бастады.

Қарлы боран азынап тұр. Тау аңғарымен ұйытқып соққан жел көз аштырар емес. Бір топ шахтерлер биікке көтерілуде, өйткені кен биікте. Кім алға жылжып, сәл биікке көтерілсе, сол соңындағы адамға арқан ұшын береді, сөйтіп бірін-бірі тартып жетектегендей әрең дегенде руда бар жерге көтеріледі. Өстіп жүргенде бір жарым-екі сағат өтіп кетеді. Уақыттың көбі осылай өтсе де, кеншілер дегеніне жетпей қоймайды.

Бұл, әрине, бұдан елу жыл бұрынғы көзге қораш көріністердің бірі. Кейіннен бұл жерге Түркстан станциясынан тар табанды темір жол тартылды. Кен өндіруге арналған шахталық техника әкелінді. Күркелер мен киіз үй орнына еңсесі биік, зәулім үйлер салынды. Сөйтіп советтік мәдениетке сай, жаңа дәстүрге лайық Ащысай поселкесі орнады. Ал 1935 жылы бүгінде аты әлемге әйгілі Ащысай полиметалл комбинаты салынды. Ол Ащысаймен қоса Қарасай және Қантағы рудниктерін біріктірді. Ащысай полиметалл комбинаты әсіресе ел басына күн туған кешегі Ұлы Отан соғысы тұсында совет халқының жеңісі жолында үлкен роль атқарды. Соғыстың алғашқы жылдарының өзінен бастап-ақ еліміздегі өндірілетін қорғасынның денін осы ащысайлықтар берді.

1930 жылы барлау отрядының коллекторы Мырғалым бұрғылау мұнарасынан қайтып үйіне келе жатты. Қолындағы қорғасын түстес кішкене тасы жаат-жұлт етеді. Қорғасын кенінің мол табылған жері оны бірінші болып тапқан Мырғалым Фахрезитдиновтың есімімен «Мырғалымсай» руднигі болып аталды. Бұл жер Ащысайдан 60 километр қашықтықта болатын. Кен шығатын Қаратау алқабының осы өңірінде Мырғалымсай поселкесі орнап, өсе келе 1955 жылы Кентау қаласы болып атанды.

Небәрі 15 жылдың ішінде Кентау адам танымастай құлпыра өзгерді, әлемге әйгілі кен-руда, машина жасау өнеркәсібі бар осы заманғы социалистік қалаға айналды. Руда өндіру мен байыту фабрикасынан басқа Ащысай полиметалл комбинатына қарайтын көптеген көмекші цехтар, экскаватор және трансформатор жасау, металлургия заводтары жұмыс істейді. Онымен қоса мұнда Қаратау геологиялық барлау экспедициясы, орталық жылу электр станциясы, электр жүйесінің басқармасы, құрылыс басқармалары, құрылыс материалдарының комбинаты, сондай-ақ құрылыс-монтаждау министрлігінің толып жатқан мердігерлік ұйымдары орналасқан. Осымен бірге халыққа тұрмыстық қызмет көрсету салалары да ойдағыдай өркендеп келеді.

Міне мұның өзінен көрікті де көркем Кентау қаласының қаншалықты өскенін, өркендегенін бірден аңғаруға болады. Жаны жаз, пейілі кең, жомарт жандардың тасқынды табыстарға жетуі қала экономикасын алға бастырды. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет шешек атып, гүл жарды. Сәулетіне дәулеті сай халық тұрмысы да жақсарды. Иә, мұның өзі В. И. Ленин идеяларының жүзеге асуының нәтижесі.

Осы 15 жыл ішінде қалада өнеркәсіп өнімін өндіру 4,8 есе өсті. Мектеп саны екі есе арттырылды. Денсаулық сақтау жүйесі кеңейіп, оларда істейтін дәрігерлердің саны 6 есе көбейді. Тек осы Кентау қаласын көркейте мақса-

тына 6,5 миллион сом қаржы жұмсалды. Қазақстан қалаларын көркейту және көгалдандыру жөніндегі республикалық социалистік жарыста Кентау бірнеше рет озып шығып, жүлдегер болды.

Кентауда «Спутник» және «Дружба» атты екі кең экранды кинотеатр, 8 клуб, 40 кітапхана, екі музыкалық мектеп, 45 қызыл мүйіс қала тұрғындарының көңілді дем алып, бос уақыттарын мәдениетті өткізулеріне толық жағдай жасап, рухани тілектерін қанағаттандыруда. Соңғы екі-үш жылдың ішінде кентаулықтар магазиндер мен киоскілерден 100 мың сомнан асатын кітаптар сатып алды. 1967 жылдан бері, қала тұрғындары өз үйлерінде көгілдір экранды көріп келеді. Қазір біз Москвадан, Алматы мен Ташкенттен өзіміз қалаған жаңалықтарды естіп біліп, көріп отырамыз.

Сондай-ақ қалада кен металлургия техникумы, кәсіби-техникалық училище, медициналық училищенің филиалы, 20-дан аса жалпы білім беретін мектеп бар.

Кентау осылармен ғана даңқты емес. Ол ең алдымен еңбек батырларымен, ардагерлерімен, олардың жарқын істерімен, таудай талап, қайтпас жігерлерімен даңқты. Кентаудағы үлкен өнеркәсіп алыптарының бірі — жоғарыда айтқанымыздай, Ащысай полиметалл комбинаты. Оның даңқы бұл күнде Совет Одағынан басқа жерлерге, тіпті жер жүзіне жайылды. Комбинат коллективі кен қабаттарын шапшаң проходкалаудың мүлде басқа, жаңа әдістерін ойлап тапты. Оны өндіріске енгізу жөніндегі ғылыми-зерттеу, тәжірибе жұмыстары бұл күнде Совет Одағының кен рудасы және көмір өнеркәсібі орындары мен шетелдіктердің де назарын аударуда. Әсіресе олар кен қабаттарын шапшаңдық әліспен тігінен және көлденеңінен проходкалау жөнінде мол тәжірибе жинақтады. Олардың бұл тәжірибесін көпке тарату мақсатымен мұнда 1966 жылдан бері шапшаң проходкалаудың Бүкілодақтық тәжірибе мектебі жұмыс істеп келеді. Осы уақыттан бері еліміздің, біртектес кен рудалы 84 кәсіпорындарынан, көптеген шет мемлекеттерден, атап айтқанда Болгария, Польша, ГДР, Югославия, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Чехословакия, Франция, Англия, Италия, АҚШ тағы басқа елдерден өкілдер келіп, ошат тәжірибемен көзбе-көз танысып, оны үйреніп қайтты. Кентау кеншілерінің тәжірибесі еліміз бен республикамыздың біртектес кен рудаларын өндіретін кәсіпорындарында кеңінен қолданылып отырғанына біз ерекше қуаныштымыз.

Қаладағы өнеркәсіп өнімдерінің көпшілігін осы Ащысай полиметалл комбинаты шығарады. Қалалық партия ұйымдарының есебінде тұратын коммунистердің біразы осында. Сондықтан қалалық партия комитеті республикадағы байырғы да алып кәсіпорнына ерекше көңіл бөліп отырады. Комбинат құрылысына кіретін «Мырғалымсай», «Западный», «Ащысай», «Байжансай» рудниктерінде, теміржол цехтарында партия комитеттері мен партбюро құрылды. Сайланған секретарьлар негізгі жұмыстарынан босатылды. Партия комитеті мен оның бюросы партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін арттыру, коммунистердің белсенділігін күшейту, олардың бастамаларын өрістету жөнінде айтарлықтай жұмыс атқарып келеді.

Мәселен, өткен жылғы июнь айында Мырғалымсай руднигі партия ұйымының жиналысында өздігінен жүретін жабдықтарды қолдана отырып, кен тазарту жұмыстарының технологиясын онан әрі жетілдіру, сөйтіп еңбек өнімділігін арттыру жөнінде шешім қабылданды. Бұл мәселе комбинаттың жалпы партия жиналысында, өндірістік коллективтерде жан-жақты талқылауып, қызу қолдау тапты. Қабылданған шешімді жүзеге асырудың шаралары белгіленді. Сөйтіп август айында жаңа технологияны енгізу ісі № 9 «Саңғылсай» учаскесіне, сондағы коммунистерге жүктелді. Осы учаскедегі партия ұйымдарының секретарьлары А. Олейников, Ә. Бабажанов, қалалық партия комитетінің бюро мүшесі А. Замин жолдастар бұл жауапты тапсырманы орындауға коллективті жұмылдыра білді. Коммунистердің жауапкершілігі мен белсенділігін арттыру үшін олардың арасында саяси-тәрбие, үгіт-насихат жұмыстарын кеңінен жүргізуді қамтамасыз етті.

Соның нәтижесінде Ащысай полиметалл комбинатының кеншілері мен байытушылары руда өндірудің жаңа технологиялық процестерін комплексті механикаландыру мен автоматтандыруды өндіріске кеңінен енгізіп және бірнеше мамандықты игере отырып, соңғы бес жыл ішінде, өнеркәсіп өндірістік қызметкерлер санын көбейтпей-ақ, өндіріс көлемін екі есе ұлғайтты.

Шапшаң проходкалау әдісі үдемелі қарқынмен, жүйелі түрде, төрт кезеңге бөлініп жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде бір айда 595,7 погон метр, екінші кезеңде осы мерзім ішінде 804 погон метр көлденең кен қабаты бұрғыланды. Ал 1965 жылғы апрель айында Н. С. Кулеш жолдас басқарған бригада 31 жұмыс күні ішінде 1237,6 погон метр кен қабатын көлденең проходкалап, дүние жүзілік рекорд жасады. Бұл төртінші кезең болатын.

Кентау кеншілері өткен жылы ең жоғары еңбек өнімділігіне жетті. Биыл да руда өндіру жоспарын үнемі асыра орындауда.

Еңбек адам өмірін ажарландырады, бақытқа бөлейді. Жер бетіндегі не бір кереметтің бәрі де еңбекпен істеліп жатқан жоқ па! Сондықтан оның құдіретті күшіне таңғалмасқа болмайды. Социалистік Еңбек Ерлері Илья Митрикеевич Жерносеков, Мырзахан Тәжімбетов, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Анатолий Иванович Олейников тағы басқа жолдастардың мерейін үстем етіп, бақытқа жеткізген осы еңбек құдіреті емес пе?! Еңбек қана адамды көздеген мақсатына жеткізеді. Сүйікті Отанымыздың гүлденіп, көркейе беруі үшін әрбір адамның саналы түрде өнімді еңбек етуі ауадай қажет. Міне мұны жақсы түсінген Кентау кеншілері қол жеткен табыстармен шектеліп қалмай, жаңа жемістерге не болу үшін қажырлы күрес жүргізуде.

Ащысай полиметалл комбинатындағы 20 ға жуық еңбек майталмандарының «Республиканың еңбек сіңірген кеншісі» деген атаққа, 50 ден аса адамның СССР ордендері мен медальдарына, 12 адамның Лениндік сыйлыққа не болуы — адам еңбегінің жанып, көсегесі көгергені, абырой-даңқының артқаны!

Қалада саналуан ұлттың өкілдері бір семьяның адамдарындай тату-тәтті достықпен еңбек етіп келеді. Олардың өрелі ойы, баянды мақсаты да бір. Коммунистік партия әрқашан өз қызметінде халықтар достығын нығайтып, шыңдай түсуде. Мейлі орыс, украин, қазақ, өзбек, болсын — тілі бөлек болғанмен тілегі бір, түсі бөлек болғанмен жүрегі бір!

Кентау қашан да өзінің әсемділігімен, көріктілігімен көз тартады. Оған келген адамдар абзал жандармен тез шүйіркелесіп, олардың ақкөңілі, кең пейілділігіне, жаюлы дастарқаны, керемет меймандостығына, сыпайы адамгершілігіне дән риза болып қайтады. Кентау республика қалаларының өскелең еңбек өнімділігі, үлгілі қоғам тәртібі, жоғары мәдениеті үшін өткізілген социалистік жарыс туын талай рет алғаш көтергендердің бірі. Бүгінде мұнда 323 бригада мен 120 цех, учаске, смена коммунистік еңбек коллективі деген жоғары атаққа ие. «Мырғалымсай», «Западный» рудниктері мен Мырғалымсай байыту фабрикасы, химия лабораториясы, механикалық және автоматика цехтары бұл құрметті атақты әлдеқашан жеңіп алған.

Айта берсек істелген жұмыс көп, ал атқарылар тірлік одан да артып түседі. Қала еңбекшілері республикамыз бен Қазақстан Компартиясының 50 жылдығын елеулі табыстармен, тамаша тарту-таралғылармен қарсы алды. Барлық кәсіпорындары мен мекемелерде, құрылыс, тағы басқа ұйымдарда социалистік жарыс кең қанат жайды. Жер-жерлерде саяси-бұқаралық жұмысы өрістеді. Қалада жаңадан көп қатарлы зәулім үйлер сап түзеді. Көсем атындағы алаң бұрынғыдан да бетер гүлдене, көркейе түсуде. Мұнда үлкен универмаг, 80 орындық мәдениет сарайы орнағалы отыр.

Кентау қаласының бүгінгісінен ертеңгісі зор. Ол әлі кемеліне келіп өсе береді. Онда көптеген кәсіпорындардың іске қосылып, алып трубалардың аспанмен таласатыны сөзсіз.



МАМАНДАР ДҮКЕНІ

Х. АРЫСТАНБЕКОВ,

*Қазақтың ауыл шаруашылық институтының ректоры,
Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі*

ҰЛЫ ОКТЯБРЬ қазақ халқының оқып, білім алуына, ғылым шынына қадам басуына тамаша жағдай жасап, даңғыл жол ашты. Бұдан жарты ғасыр бұрын әрбір жүз адамның екеуі-ақ хат таныған өлкеде қазір мыңдаған жалпы білім беретін мектеп, 43 жоғары және 187 арнаулы орта оқу орны бар. Бұларда үш миллионнан астам бала, жарты миллионға жуық студент оқиды.

«Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының 50 жылдығы туралы» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысында былай делінді: «Республиканың халық шаруашылығында жоғары және арнаулы орта білімі бар 635 мыңнан астам, яғни революцияға дейінгі бүкіл Россияда болғандарыдан 3,3 еседей көп маман еңбек етіп жүр. Республика Ғылым академиясында, ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелерінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарында 25,4 мың ғылыми қызметкер еңбек етеді. Қазақстан ғалымдарының тыңнан ашқан көптеген жаңалықтары, өнер табыстары және ғылыми еңбектері республикадан тыс жерлерге мәлім».

Расында да біздің жоғары мектептеріміз республика халық шаруашылығы мен мәдениетін өрге бастыруға үлкен үлес қосып отыр. Бұл күндері институттар мен университет бітірген жоғары білімді мамандарды — инженерлерді, агрономдарды, зоотехниктерді, дәрігерлерді, мұғалімдерді кез келген жерден — ауылдан да, қаладан да, колхоздан да, заводтан да көптеп кездестіруге болады.

Қазақстандағы жоғары оқу орнының қай-қайсысы да — Ұлы Октябрьдің перзенті. Солардың бірі — Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылық институты. Ол 1930 жылы 5 октябрьде, Қазақ ССР-іне он жыл толғанда құрылды. Институттың сол кезде бір-ақ факультеті — дәнді және техникалық дақылдар факультеті бар еді. Онда небәрі 130 студент оқитын. 1931 жылдан жеміс-өмешек факультеті, 1934 жылдан инженерлік-техникалық (кейін ауыл шаруашылығын механикаландыру деп аталды) факультеті жұмыс істей бастады.

Жылдар жылжып өте берді, институт та өсті, студенттер саны да, профессор-оқытушы құрамы да көбейді. 1948 жылы орман шаруашылығы факультеті, 1950 жылы ауыл шаруашылығын электрлендіру факультеті ашылды. Әсіресе біздің институт 1963—1964 оқу жылынан кейін кең қанат жайды. Сол кезден бастап ауыл шаруашылығының экономикасы, өсімдік қорғау, агрохимия-топырақ зерттеу, машиналар жөндеуді ұйымдастыру және жоспарлау, колхоз-совхоз басшы кадрларының және ауыл шаруашылығы мамандарының іскерлігін арттыру факультеттері ұйымдастырылды.

Қазіргі уақытта Қазақтың ауыл шаруашылық институты — материалдық-техникалық базасы жағынан да, даярлаған мамандарының саны мен сапасы жағынан да, жүргізіп отырған ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі жағынан да республикамыздағы қала берді еліміздегі ірі оқу орындарының бірі. Жоғары білімді маман кадрлар даярлау ісіндегі жетістіктері үшін КПСС Орталық Комитеті, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы, СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС біздің институтты Лениндік мерекелік Құрмет грамотасымен наградтады.

Институт 12 мамандық бойынша кадрлар даярлайды, оның 10 факультетінде 11 284 студент оқиды. 1970—1975 жылдары студенттердің жылма-жылғы контингентін бұрынғыдан едәуір көбейту жоспарланып отыр. Біздегі студенттер саны Украин, Белорусс, Эстон, Латыш ауыл шаруашылық академияларындағыдан әлдеқайда көп. Институтта ұстаздық және ғылыми жұмысты 520 оқытушы жүргізеді. Мұның 15-і ғылым докторлары мен профессорлар, 156-сы ғылым кандидаттары, доценттер. Өзінің ашылғанынан бергі 40 жыл ішінде институт 12 900 маман — агрономдар, экономистер, жеміс-овощ, өсімдік қорғау мамандарын, топырақ зерттеуші агрохимиктер, орманшы инженерлер, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру инженерлерін даярлап шығарды. Республикамыздағы көптеген колхоздар мен совхоздардың, аудандар мен облыстардың басшылары — Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылық институтын бітіргендер.

Институтымызда 48 кафедра, 150 лаборатория бар, бұлардың осы заманғы оқу, ғылыми құрал-жабдықтары мол. Бізде оқу-өндірістік шеберханалар, баспахана, теплица, топырақ зерттейтін музей, спорт клубы, тәжірибе алаңы, жеміс-овощ питомнигі бар. Оқу процесін жетілдіру жөнінде де зор жұмыс жүргізілуде. Пәндерді оқытуға техникалық құралдар қолданылады, лекциялардың теориялық дәрсесі, лабораториялық-практикалық сабақтардың сапасы жақсарып келеді.

Біздің институттың профессор-оқытушы құрамы жоғары білімді мамандар даярлаумен қоса күрделі ғылыми зерттеулер жүргізеді. Мәселен, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу технологиясы, тыңайтқыштар қолдану, топырақтың құнарлылығын арттыру, жер суландыру, ауыл шаруашылық өндірісін механикаландыру мен электрлендіру жөнінде жүргізілген жан-жақты ғылыми-зерттеу жұмыстары өз алдына бір төбе. Көрнекті профессорлар мен доценттеріміз — Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағындағы ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станцияларының ғылыми консультанттары. Институт ғалымдары ауыл шаруашылық дақылдарының 14 жаңа түрі мен сортын өсіріп шығарды. 34 авторлық куәлік алынды, халық шаруашылығының әртүрлі саласына 124 ғылыми ұсыныс енгізілді. Көптеген профессорлар мен оқытушылар — сүбелі кітаптар мен монографиялардың авторлары.

Институтта ғылыми-зерттеу жұмысын өрістетуге және студенттердің өндірістік практикасын өткізуге жақсы жағдай жасалған. Институттың Жаңашар оқу-тәжірибе шаруашылығы сүт, овощ өндіруге, сортты тұқым өсіруге мамандандырылған. Соңғы бес жыл ішінде бұл шаруашылық Алматы облысының колхоздары мен совхоздарына 111,4 мың центнер дәнді дақылдар, 1 460 центнер беде тұқымын берді. Сол сияқты институттың оқу-тәжірибе шаруашылығы Алматы қаласына жылма-жыл 7 500 тонна овощ, 3 мың тонна сүт жөнелтіп тұрады.

КПСС Орталық Комитетінің жақында болып өткен июль Пленумы ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді онан әрі өрістетуге, ғылымның колхоз-совхоз өндірісімен байланысын нығайтуға тағы да ерекше назар аударды. Осы Пленумда жасаған «Партияның ауыл шаруашылығы саласындағы кезекті міндеттері» деген баяндамасында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас былай деді: «Ғалымдарымыз бұдан былайғы жерде де ашқан соны жаналықтарымен практиканы байыта беретініне біз кәміл сенеміз. Сонымен бірге қазір ғалымдардың назарын ғылыми жетістіктердің нәтижелерін өндіріске анағұрлым толық пайдалануға, ғылымның қазірдің өзінде қол жетіп, озық практикада тексерілген нәтижелерінің бәрін жоспарлы түрде енгізуге шоғырландырып, олардың күш-жігерін партия, совет, ауыл шаруашылық органдарының, колхоздар мен совхоздар басшыларының және мамандарының күш-жігерімен біріктіру бұдан бұрынғы қай кездегіден болсын анағұрлым қажет болып отыр».

КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдері біздің институт коллективіне үлкен міндет жүктейді. Ауыл шаруашылығын жаңадан мықтап өрге бастыруда ғылымның ролі зор екенін кәміл түсінген профессорларымыз бен оқытушыларымыз ауыл шаруашылық өндірісінің өзекті проблемаларына байланысты зәру ғылыми зерттеулерді шұғыл қолға алды. Дәнді және техникалық дақылдардың шығымдылығы жоғары сорттарын өсіріп шығару және өндіріске тезірек енгізу, колхоздар мен совхоздар үшін өнімнің әр түрін өндірудің неғұрлым тиімді әрі үнемді технологиялық процестерін ойластыру, сол сияқты механикаландырудың жаңа құралдарын жасауға ат салысу — біздің институт ғалымдарының да ардақты борышы.

Жоғары оқу орны қызметінің басты бір түйіні — студент жастар тәрбиесі. Бұл салада біздің де қол жеткен жетістіктеріміз бар. Студенттер арасындағы идеялық-тәрбие жұмысы институт бойынша жасалған перспективалық жоспар бойынша талапқа сай жүргізіліп отырады. Бізде бірінші курсқа негізінен ауыл-село жастары түседі. Ал олардың жалпы білім дәрежесінде, ой-өрісінде, мінез-құлқында жеке кемшіліктер байқалып қалады. Сондай-ақ олар өздері бұрын болмаған үлкен қаланың мәдени-тұрмыс тіршілігін, жоғары мектептің ерекшеліктерін біле бермейді. Сондықтан бірінші курс студенттерімен болашақ мамандықтың сыры, кітаптар пайдалану, лекциялар жазу, қосымша әдебиеттерді конспектілеу жөнінде әңгімелер өткізіледі, музейлерге, көрмелерге, кинолар мен театрларға мәдени жорық ұйымдастырылады.

Перспективалық жоспар жоғары курс студенттерінің жалпы білім және саяси дәрежесін арттыруды, оларды ғылыми-зерттеу жұмысына тартуды көздейді. Осыған орай тақырыптық айтыстар, демалыс кештерін, шаруашылықтарға саяхаттар, оқушылар конференцияларын өткізу дәстүрге айналды. Сонымен бірге жоғары курс студенттері колхоз-совхоздардың, орман шаруашылықтарының, заводтардың және басқа арнаулы мекемелердің басшыларымен, мамандарымен кездеседі. Ал мұның өзі жоғары мектеп түлектеріне әбден пайдалы. Өйткені, олардың өздері кейін ірі шаруашылықтар мен кәсіпорындардың мамандары болып шығады. Демек, еңбекті ғылыми ұйымдастыру мәселелерін білу студенттерге пәрыз.

Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылық институты студенттерінің арасында идеялық-саяси тәрбие жұмысын жақсартуда В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесіне әзірлену мен оны өткізу ерекше зор роль атқарды. Еліміздегі күллі еңбекшілер сияқты, біздің институт коллективі де данышпан көсемнің торқалы тойын лайықты қарсы алуға ерте даярлық жасап, бірқатар күрделі шаралар белгіледі, көптеген міндеттемелер қабылдады. Бұл міндеттемелердің негізгі мақсаты студент жастар арасында саяси-тәрбие жұмысын одан әрі жақсарту болды. Екінші сөзбен айтқанда, жастардың идеялық жағынан шындалуына үлкен себі тиген Лениндік сынақ жүргізілді.

Сол сияқты екі ай бойы институт факультеттерінің «Ленинге баяндаймыз» деген ұранмен Лениндік күндері өткізілді. Бұл күндерде әрбір факультет өзінің оқуда, ғылыми жұмыста және қоғамдық өмірде жеткен табыстары жайлы айтып берді. Факультеттердің Лениндік күндері әдетте В. И. Лениннің ескерткішіне гүл шоғын қоюдан басталып отырды. Әрбір факультет жақсы безендірілген стенд ұйымдастырып, онда ұлы көсемнің өмірі мен қызметін, факультет жетістіктерін жан-жақты көрсетті.

«Ленин менің өмірімде» деген фотомонтаж да көрушілерді өте-мөте қызықтырды. Онда студенттер өміріне лениндік идеялардың тигізген әсері, олардың В. И. Ленин еңбектерін, теориялық мұрасын қалай оқып үйреніп жатқаны тартымды бейнеленді. Әрбір факультеттің салтанатты жиіналысында факультет декандары, озат курстар мен топтардың өкілдері социалистік міндеттемелердің орындалуын хабарлады. Салта-

натты жиналыстан кейін өнерпаздар үйірмелеріне қатысушылар қызықты концерт қойды.

Лениндік мереке күндерінде біздің студенттеріміз ғылым қайраткерлерімен, өндіріс озаттарымен, Социалистік Еңбек Ерлерімен, сондай-ақ институттың бұрынғы түлектерімен кездесті. Студенттік ғылыми қоғамдардың теориялық конференциялары мен мәжілістері В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналды.

Қысқасы, институт коллективі көсем мерекесі құрметіндегі социалистік міндеттемелерін орындауға бар күш-жігерін жұмсады. Осының нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысы бұрынғыдан едәуір жақсарды. Атап айтқанда студенттердің үлгірімі артты, сабаққа қатыспаушылар саны азайып, өте жақсы, жақсы баға алушылар көбейді. 1969—1970 оқу жылының қысқы және жазғы сессияларында тұтас институт бойынша сабаққа үлгірім біраз жоғарылады, сол сияқты биморальдық қылықтар күрт кеміді.

Жоғары оқу орнының студенттеріне идеологиялық тәрбие беру — болашақ өндіріс командирлерін, білім насихатшыларын, мәдениет ұрығын себушілерді, Отан қорғаушыларды шындау деген сөз. Бұл жұмыс оқу жылының алғашқы күндерінен, бірінші курстан бастап, студент жастар жоғары мектеп бітіргенше жүйелі, тыңғылықты жүргізілгенде, оған профессорлар мен оқытушыларды, кафедра меңгерушілері мен декандарды, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарын күнбе-күн қатыстырғанда игі нәтиже береді.

Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған КПСС Орталық Комитетінің Тезистерінде былай деп атап көрсетілгені белгілі:

«Дүниеге коммунистік көзқарасты және адамгершілікті қалыптастыру халықаралық саладағы шиеленіскен идеологиялық күрес жағдайында өтіп жатыр. Бұл тәрбие мәселесінде таптық бағытты дәйектілікпен жүргізуді, идеялық позицияның дәлдігін және айқындылығын, революциялық қырағылықты одан әрі арттыруды, бисаясаттыққа, жеке меншікшілдік сарқыншақтар мен мешандық пиғылдарға, социализмнің жеңістеріне нигилистік тұрғыдан караудың көріністеріне, буржуазиялық және ревизионистік көзқарастардың еніп кетуіне қарсы дәйекті күрес жүргізуді талап етеді.

Совет адамының моральдық-саяси биік қасиеттері, адамгершілік принциптері мен мораль нормалары бүкіл социалистік құрылыстың барысында қалыптастырылады, ең алдымен еңбекшілердің өндірістік және қоғамдық, саяси тұрмысқа белсене қатысуы процесінде қалыптасады және ол партия ұйымдарының идеологиялық қызметінің мазмұны мен өрісіне байланысты болады. Біздің партиямыз шаруашылық-саяси мәселелерді шешу мен идеялық-тәрбие жұмыстарының іштей бірлігі қажеттігін үнемі атап көрсетумен келеді».

Студент жастар арасындағы идеялық-саяси тәрбиеге байланысты біздің перспективалық жоспармен жұмыс істегенімізге екі жыл боп қалды. Алғашқы аяқ алысымыз жаман емес. Келешекте партия мен халық алдындағы борышымызды осылайша адал орындап, республиканың өркендеген ауыл шаруашылығы үшін жоғары білімді, іскер маман кадрлар даярлауда жаңа табыстарға жете береміз.



Партияға рахмет

Ж. АЙТУАРОВ,

*КПСС XXIII съезі атындағы совхоздың шопаны,
Социалистік Еңбек Ері, СССР Жоғарғы Советінің депутаты*

ӘР АДАМНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ, еңбек басқышы әр алуан. Еңбектің күдіреттілігін танып, жұртшылық құрметіне бөлену бір күннің немесе бір жылдың ісі емес. Ол талай жылдар бойы ерінбей-жалықпай сарыла еткен еңбектің жемісі болмақ. Сол үшін де бүгінгі өмірімнің биігінен өткенге ой жіберсем, көп өзгерістердің куәсі болғаным хақ.

Бірнеше жылдар тізбегі артта қалды. Бірақ алғаш рет кара танып, сауат ашқан мектеппен қош айтысқан шағым әлі күнгі есімде. Шымнан соғылған шағын мектеп үйі болатын. Бар болғаны бір-ақ класс. Мүгалім де жалғыз. Бастауыш кластардың барлығына сабақ беретін ұстазымыз Жұмабай Сакалов еді. Ол ақ көңіл жайдары адам болатын. Балаларға деген ұстаздық махаббаты бізді өзіне баурап тұратын, айтқанын ұруымызға, оны қадір-құрмет тұтуымызға ықпал жасайтын.

Бір күні ол класқа көңілсіз келді. Әдеттегідей жарқын мінезі жоқ. Жүзі жүдеу сүп-сүр. Келе сабақты бастаған да жоқ. Класс ішін аралап, бәріміздің маңдайымыздан сиған өтті де, өзінің жазу столына барып, ауыр күрсінді.

— Балалар, — деді ол әлден соң, — Отанымызға үлкен қауіп төніп тұр. Жерімізге жау басып кірді. Енді Отан алдындағы азаматтық борышты өтеуге, қолға қару алып, туған елді қорғауға аттанамыз. Соның бірі — менмін. Кездескенше, сау болыңдар, шәкірттерім.

Класс ішін үнсіздік басты. «Соғыс» деген суық сөзді біздің бірінші рет естігеніміз сол болатын. Мағынасына жете түсінбесек те, суық сөз екенін мүгалімнің жүзінен аңғардық.

...Ауыл адамдары абыржулы, ұзақты күнге тынымсыз, дүрбелең үстінде. Ауылда қалған естияр жұрт белді бекем буып, жаппай жұмысқа жұмылған. «Қызыл әскер» колхозының сол жылғы егіні бітік шықпасы бар ма. Ат жалын тартып мінетін азаматтар соғысқа аттанды. Ал егін жинауға жұмысшы қолы қажет-ақ. Міне осындай дүрбелең шақта қабырғам қатып, бұғанам бекімеген менің де еңбек жолым басталды. Алдымен колхоз тарысын торғайдан қорыдым. «Майданға астық керек!» деген қанатты сөз әр үйді, әр ауылды аралап жүр. Осыған орай бір түйір дәниің де ысырап болмауы үшін күш салудамыз.

Егін орағы қызған шақ. Пар өгіз жегілген арбамен қырманнан колхоз орталығына астық тасыдым. Күні-түні дамыл жоқ. Астық — халық дәулеті ғой, оны ысырапсыз жинап алуға бар күш-жігерімізді аямай жұмсадық.

Кайнаған еңбек ортасында жүріп, өмір таныдым. Соғыс кезіндегі қиыншылықтарды жене отырып, жеңіс күніне де жеттік. Жеңіс хабары бүтін Жетіқоныр аймағын желпіндіріп, жаңа істерге құлаш ұрғызды.

Әлі есімде, осы жылы қарт әкем Ағайдар колхоздың қойын бағуға тілек білдірді, көмекшілікке колхоздан кісі сұрамай-ақ, мені алды. Ол кезде адамның жетіспегені белгілі ғой. Сөйтпін маған үлкен сенім артты. Содан бастап әкелі-балалы шопан он жыл бойы бірге еңбек еттік. Әр жылымыз абыройсыз болған жоқ. Әкемнің осы еңбектері жоғары бағаланып, оған ең жоғары наград — Ленин ордені берілді. Осылай басталған еңбек жолы екеумізді бүкіл Жезді өңіріне әйгілі етті.

Өмір заңы тым қатал. Өзіме қамқоршы да ақылшы, әрі тәжірибе алатын ұстазым болған әкейден айрылдым. Енді аға шопанның жауапкершілігі менің мойныма түсті. Күнделікті өмірден байқалғанындай, қой шаруашылығын өркендету үшін де бір ғана тәжірибе жеткіліксіз екен. Осыған байланысты оқып, жетіжылдық білім алдым. Күндіз қой бағамын да, кешкісін сабаққа барамын. Сонау соғыс жылдары қош айтысқан оқулықтарды қайта қолға алып, білім сырына мұқият үңілуге тура келді. Ендігі талабым — онжылдық білім алу.

Ел үшін еткен еңбек еш уақытта елеусіз қалмақ емес. Тек шаруаның көзін тауып, бірді екі ете біл. Сонда ғана халық дәулетінің молая түсуіне қосқан үлесің қомақты болмақ. Менің 1966 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болуымның өзі — күрделі еңбек көрсеткіштерімнің жемісі.

Үстіміздегі бесжылдық әрбір еңбек адамының алдына келелі міндеттер қойғаны мәлім. Оның бер жағында ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы, Советтік Қазақстан мен Қазақстан Компартиясының 50 жылдық мерекесі республикамыздың экономикасы мен мәдениетінің қарыштап өскендігінің, Ленин идеяларының жүзеге асқандығының тамаша салтанаты болып отыр. Мен республиканың торқалы тойын да татымды тартулармен, алған міндеттеменді асыра орындаумен қарсы алып отырмын.

Шопанның негізгі көрсеткіші — төл алу. Бұл жөнінде менің де көрсеткіштерім жаман емес, 1966 жылы отардағы әрбір жүз саулықтан 111 қозыдан, 1967 жылы — 112, 1968 жылы — 136, 1969 жылы — 130, 1970 жылы — 130 қозыдан алып, аман өсірдім. Әр қойдан 3,5 килограмнан жүн қырқуды орта көрсеткішке айналдырдым. Сонда бесжылдықтың төрт жылы ішінде бір ғана менің отарымнан совхоз кассасына 13 780 сом таза пайда түскен екен. Совхоз табысының артуы басқалар сияқты, менің семьямның да материалдық жағдайының жақсара түсуіне шарапатын тигізіп отыр. Мәселен, менің әр жылыдағы айлық еңбек ақым орта есеппен мынадай болды: 1966 жылы — 175 сом, 1967 жылы — 178 сом, 1968 жылы — 188 сом, 1969 жылы — 248 сом. Ал төрт жыл ішінде 152 қойды қосымша ақыға алғаным өз алдына. Басқа шопандардың да табысы осы қарайлас.

Мұның бәрі әрине советтік шаруашылықтағы шопан келбетін көрсететін жарқын факторлар. Бұл — туысқан Коммунистік партия мен Совет үкіметінің халықтың әлауқатын, мәдени-тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі әкелік қамқорлығының жарқын көрінісі.

Мен шопан таяғын ұстағанда біздің шаруашылықтың колхоз кезі болатын. Қоғамдық мал сапы да шағын еді. Қазір совхозымыз — табысы шалқыған, ірі шаруашылық. Қойдың өзі 60 000-нан астам. Үлкен-үлкен 6 ферма бар. Сарысу өзенінің бойы төрт түлік малға толы.

Совхоз жұмысшыларының тұрмысы сәнді. Әр үйде-ақ көгілдір экран, радио сайрайды, көгілдір от маздап тұр. Совхоз орталығы — сәулетті поселке. Қлуб, асхана, балалар бакшасы, сауда орындары, аурухана — бәрі де жаңа типпен салынған. Өскендік деп міне осыны айт.

Коммунист қоғамдық істерден де тысқары қалмақ емес. Мен қазір фермадағы кәсіподақ комитетінің председатели міндетін атқарып жүрмін. Совхоз партия комитетінің мүшесімін. Селолық Советтің депутатымын. Шопандар арасындағы тәжірибе ауысу жектебінің жетекшісімін. Осыныша жұмыстың бәрін адал атқару — коммунистік парыз.

Осы жылғы 16 мартта болған СССР Жоғарғы Советінің сайлауы маған шексіз қуаныш әкелді. Аудан еңбеккерлері еңбегімді жоғары бағалап, зор сенім көрсетті. Сөйтін № 152 Тельман сайлау округінің сайлаушылары мені СССР Жоғарғы Советінің депутаты етіп сайлады, маған көп аманаттар тапсырды.

Қарапайым еңбек адамының мемлекетті басқаруға қатысуы тек біздің елімізде ғана жүзеге асатын арман екені баршаға мәлім. Сондықтан да мен сияқты еңбек адамын ардақтап отырған сүйікті Коммунистік партияға шын жүректен алғыс айтамын! Мен үстіміздегі бесжылдықтың тапсырмаларын төрт жылда орындап шықтым. Ендігі сертім — жаңа бесжылдықтың да жүлдегері болу. КПСС Орталық Комитетінің жақында болып өткен июль Пленумы бізден, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінен міне осыны талап етіп отыр.

Қарағанды облысы,
Жезді ауданы.

Шежіре сыры

1905 ж. ЯНВАРЬДА

Петропавлда РСДРП тобы құрылды.

1905 ж. ЖАЗДА

Оралда РСДРП ұйымы. Перовскіде, Қазалыда, Түркстан станциясында және басқаларда партия топтары құрылды.

1906 ж. ЯНВАРЬДЫҢ БАСЫНДА

Семейде РСДРП-ның Омбы комитетінің басшылығымен жұмыс істеген социал-демократиялық топ ұйымдастырылды.

1906 ж. ФЕВРАЛЬДЫҢ АЯҒЫНДА

РСДРП-ның I Түркстан конференциясы болды. «РСДРП-ның Түркстан ұйымдарының одағы» құрылды.

1917 ж. 3 ИЮНЬДЕ

Перовскіде РСДРП(б) ұйымы құрылды.

1917 ж. 10 СЕНТЯБРЬДЕ

Орынборда РСДРП(б) ұйымы құрылды.

1917 ж. 26—27 СЕНТЯБРЬДЕ

РСДРП(б)-ның I Орынбор губерниялық конференциясы болды.

1918 ж. 1 ЯНВАРЬДА

Семейде РСДРП(б) ұйымы құрылды.

1918 ж. 5 ФЕВРАЛЬДА

Ақтөбеде РСДРП(б) ұйымы құрылды.

1918 ж. 10 МАРТТА

Верныйда РКП(б) ұйымы құрылды.

1918 ж. АПРЕЛЬДІҢ ОРТАСЫНДА

Қостанайда РКП(б) ұйымы құрылды.

1918 ж. 17—25 ИЮНЬДЕ

Түркстан Коммунистік ұйымдарының I өлкелік съезі болды. Түркстан Коммунистік партиясы (ТКП) құрылды.

1918 ж. 15 ИЮЛЬДЕ

Қазалыда РКП(б) ұйымы құрылды.

1918 ж. ОКТЯБРЬДЕ

Жұрын, Арыс, Ембі станцияларында, Арал теңізі поселкесінде РКП(б) ұйымдары құрылды.

1920 ж. 30 АПРЕЛЬДЕ

Қазақстанда РКП(б)-ның облыстық бюросын ұйымдастыру туралы РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы шықты.

Совет өкіметін нығайту күресінде

М. ӘЛІБАЕВ,

1919 жылдан КПСС мүшесі

Бүгінгі күнге қалай жеткеніңді білу үшін уақыт тынысына құлақ түре отырып, өткен өмір асуларына көз жіберіп ой жүгіртесің, сан алуан оқиғаларды сарапқа салып, өзін секілді миллиондаған еңбекші бұқараның тағдырымен біте қайнасқан өз тағдырыңды ойлайсың. Осындай бір шақта мен елімді де, өзімді де ұшқыр заманымыздың заңғар биігінен көріп, ерекше толқып кетемін. Сонау 1917 жылы Ұлы Октябрьдің даңқты жеңісін қуанышпен қарсы алғанмын. Совет өкіметін орнатып, оны нығайту жолындағы күреске қатысқанмын, міне, енді жұртпен бірге туган республикамен Қазақстан Коммунистік партиясының елу жылдық торқалы тойын тойлап отырмын.

Елімізде аға ұрпақтың үлесіне тиген қиыншылық та, қуаныш та мол ғой. Біз бәрін де жаңадан бастап, талай тар жол, тайғақ кешулерден өттік. Соның өзінде абыржып сасқанмыз жоқ, ұстаған бағыттан адасқанмыз жоқ. Өйткені, біздің сара жолымызды ұлы Лениннің идеялары жарық жұлдыздай нұрландырып, бізді Коммунистік партия кемеңгерлікпен алға баспап отырды.

«Өткен күнде белгі жоқ» деген сөз бар. Неге болмасын. Осыдан елу жыл бұрынғы қазақ халқының өз алдына советтік социалистік республика болып шаңырақ көтергенін көргенім, Қазақстан Коммунистік партиясының ірге тасын қалаған тұңғыш конференцияның делегаты болғаным ешқашан есімнен кетпекші емес. Өйткені бұл мәні зор елеулі оқиғалар еді.

Мен 1919 жылы 18 жасымда Коммунистік партияның қатарына өткен елім. 1920 жылдың аяқ шенінде Маңкыстау Адай уезі аталып, тікелей орталыққа бағынатын губерния ретінде Қазақстанға қосылды. 1921 жылдың 9—14 январында Форт-Александровскіде (қазіргі Форт-Шевченко қаласы) Адай уездік бірінші партия конференциясы өткізілді, уездік партия комитеті құрылды.

Адай уезіндегі партия ұйымы ол кезде шағын, әлсіз еді. Ұлапғайыр аймақта небәрі 60 партия мүшесі болатын. Коммунистердің барлығы Форт-Александровскіде тұратын. Бұл Қазақстанда контрреволюциялық тіміскі әрекеттердің, жергілікті ұлтшылдар мен бай-феодалдардың бүліншілік ылаңдарының бой көрсетіп тұрған кезі. Олар еңбекші елдің сана-сезімін улап, Советтерге қарсы коюға тырысты. Бірақ халық еңбекшілер мүддесін қорғайтын Совет өкіметі жағына көптеп шыға бастады. Міне осындай жағдайда Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының аста-

1920 ж. 13—16 АВГУСТА

РКП(б)-ның I Сырдария облыстық съезі болды.

1921 ж. 11—18 ИЮНЬДЕ

I Қазақстан облыстық партия конференциясы болды. Бұл Қазақстан Коммунистік партиясы тарихында ірі оқиға, ол жергілікті большевиктік ұйымдарлы біртұтас облыстық партия ұйымына біріктірді. Конференция облыстық партия комитетін сайлады.

1922 ж. 19—27 ФЕВРАЛЬДА

РКП(б)-ның II Қазақстан облыстық конференциясы болды.

1922 ж. 5 АПРЕЛЬДЕ

РКП(б) Орталық Комитетінің Қырғыз (Қазақ) бюросы құрылды.

1923 ж. 17—22 МАРТТА

РКП(б)-ның III Қазақстан облыстық конференциясы болды.

1924 ж. 14—16 МАЙДА

РКП(б)-ның IV Қазақстан облыстық конференциясы болды.

1925 ж. 19 ФЕВРАЛЬДА

РКП(б)-ның Қырғыз (Қазақ) облыс-

тық комитетін РКП(б) өлкелік комитеті және облыстық партия ұйымын өлкелік партия комитеті етіп қайта құру туралы РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы шықты.

1925 ж. 1—7 ДЕКАБРЬДЕ

РКП(б)-ның V Қазақстан өлкелік конференциясы болды. Оған 30 447 ВКП(б) мүшесі және кандидаты атынан шешуші дауыспен 170 делегат, кеңесші дауыспен 52 делегат қатысты. Конференция есептерді талқылады. ВКП(б) өлкелік комитетінің жұмысы, жер саясаты, Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық межеленуінің қорытындылары, ҚАССР-дың ауыл мен село кедейлері арасындағы партиялық жұмысы және басқалар туралы қаулы қабылдады.

1927 ж. 15—23 НОЯБРЬДЕ

ВКП(б)-ның VI Қазақстан өлкелік конференциясы болды.

1930 ж. 30 МАЙ — 6 ИЮНЬДЕ

ВКП(б)-ның VII Қазақстан өлкелік конференциясы болды.

насы Орынборда бірінші бүкіл қазақстандық облыстық партия конференциясының өткізілетіні туралы хабарды уезд коммунистері мақұлдап, қуанышты сезіммен қарсы алды. Конференцияның бізді толғандыратын көптеген мәселелерге жауап беретіні сөзсіз еді. Ең негізгісі — мұнда республиканың партия ұйымдары бір ұйымға бірігетіні аян болатын.

Адай уезінен бірінші Қазақ облыстық партия конференциясына делегат болып осындағы басшы қызметкерлердің бірі Г. И. Данилов екеуміз сайландық. Жолға жинала бастадық. Ол кезде Маңқыстаудан Орынборға жету оңай емес. Форт-Александровскіден кемемен Петровскіге (қазіргі Махачқала) жеттік, одан Баку бардық, сосын Каспий теңізін қайта кесіп өтіп, Красноводскіге, одан Ташкент барып, ақыры қиыр-шиыры мол жиырма шақты күн жол жүріп, Орынборға жеттік.

Бізді мұнда жақсы қарсы алды. Делегаттармен танысып, шүйіркелесе сөйлесіп, пікірлесе бастадық. Конференцияға жетекшілік ететін партия комиссиясын РКП(б) Орталық Комитетінің секретары Емельян Ярославский бастап келген екен. Мұнда мен біздің конференцияның жұмысын Владимир Ильич Лениннің өзі мұқият қадағалап отырғанын білдім.

Конференцияға барлығы 162 делегат келді. Конференцияның (ол 1921 жылғы июньнің 1-нен 18-не дейін жұмыс істеді) күн тәртібінде көптеген маңызды мәселелер тұрды. Бүкіл россиялық X партия конференциясы мен РКП(б) X съезінің шешімдері туралы, ұлт мәселесі, советтік құрылыстың кезектегі міндеттері, ауылдағы үгіт-бұқаралық жұмыс, Совет өкіметінің азық-түлік саясаты, әскери мәселе тағы басқалары.

Конференция делегаттары күн тәртібіндегі әрбір мәселені іскерлік жағдайда, белсенділікпен талқылап, өз көзқарастарын батыл қорғады. Әрине, мүлдем қате, ауа жайылған пікірлер де болмай қалған жоқ.

Совет мемлекетінің жаңа экономикалық саясаты жөніндегі мәселе қызу айтыс туғызды. Кейбіреулер жаңа экономикалық саясатты партия мен Совет өкіметінің социализммен бас тартуы-мыс деп дәлелдегісі келді. Бірақ конференция мұндай теріс пайымдаушылыққа күйрете соққы берді.

Делегаттардың кейбіреулері партияның ұлт мәселесіндегі бағытын түсінбейтіндігін аңғартты. РКП(б) Орталық Комитетінің секретары Ярославский жолдас партияның ұлт мәселесі жөніндегі саясатына жан-жақты түсінік берді және коммунистерді оны асқан қажырлылықпен жүзеге асыруға шақырды. Партия қатарына қазақтың жұмысшыларын, жалшыларын және ауыл кедейлерін көбірек тарту керек, деді шешен. Ярославский жолдастың сөзі, конференцияның шешімі ұлт мәселесін бүге-шігесіне дейін тайға таңба басқандай түсіндіріп берді. Ал коммунистер мұны бар ықыласымен мақұлдап қарсы алды.

Конференцияда мен де секциялардың бірінде сөз сөйлеп, Адай уезі коммунистерінің жұмысы және еңбекшілердің хал-ақуалы жайлы айттым, сондай-ақ республиканың ең шалғай түкпіріндегі бұл уездің жан-жақты көмекке дiлгiр екенiн баяндадым.

Уклоншылдар мен тонын айналдырып кигендердің конференцияны сара жолдан тайдыруына ешбір жол берілген жоқ. Конференция РКП(б) съезінің, Бүкіл россиялық X партия конференциясының тарихи шешімдерін өз жұмысының негізгі арқауы етті. Оның бүкіл шешімдері партияның лениндік бағытына сай қабылданды. Бұл республиканың партия ұйымдарын лениндік демократиялық централизм және пролетарлық интернационализм принципі негізінде бір ұйымға біріктірген және РКП(б)-ның жауын-

Шежіре сыры

1934 ж. 8—16 ЯНВАРЬДА

ВКП(б)-ның VIII Қазақстан өлкелік конференциясы болды.

1937 ж. 23 АПРЕЛЬДЕ

«Жаңадан құрылған одақтас республикалардың партия ұйымдары туралы» ВКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы шықты. Бұл қаулы негізінде Қазақстан өлкелік партия ұйымы Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы болып қайта құрылды.

1937 ж. 5—12 ИЮНЬДЕ

Қазақстан КП(б) I съезі болды. Съезд өлкелік партия ұйымының Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы болып қайта құрылуын ұйымдастыру жағынан қалыптастырды. Оған шешуші дауыспен 530 делегат және кеңесші дауыспен 187 делегат қатысты. Съезд Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетін сайлады.

1938 ж. 3—4 ИЮЛЬДЕ

Қазақстан КП(б) II съезі болды.

1940 ж. 10—18 МАРТТА

Қазақстан КП(б) III съезі болды.

1949 ж. 25 ФЕВРАЛЬ — 1 МАРТТА

Қазақстан КП(б) IV съезі болды.

1951 ж. 15—18 ДЕКАБРЬДЕ

Қазақстан КП(б) V съезі болды.

1952 ж. 20—24 СЕНТЯБРЬДЕ

Қазақстан КП(б) VI съезі болды.

1954 ж. 16—18 ФЕВРАЛЬДА

Қазақстан КП VII съезі болды.

1956 ж. 24—27 ЯНВАРЬДА

Қазақстан КП VIII съезі болды.

1959 ж. 14—15 ЯНВАРЬДА

Қазақстан КП кезектен тыс IX съезі болды.

1960 ж. 10—12 МАРТТА

Қазақстан КП X съезі болды.

1961 ж. 27—29 СЕНТЯБРЬДЕ

Қазақстан КП XI съезі болды.

1966 ж. 10—12 МАРТТА

Қазақстан КП XII съезі болды.

гер бір отряды болып табылатын ұйымды құрған тарихи конференция еді. Қазақстан партия ұйымы тарихының ең бір жарқын оқиғасының куәсі болғаным үшін мен өзімді шын мәніндегі бақытты адам санаймын.

Уезге қайтып оралғаннан соң біз коммунистерге конференцияның шешімдерін кеңінен түсіндіру, бұл шешімдерді жүзеге асыру ісімен шұғылдандық. Конференция шешімдері бізге күш-жігер берді, алдымыздағы мақсатымызды айқындап, бұқара арасында саяси жұмысты өрістетуге даңғыл жол ашты.

Уездің партия комитеті қазақ ауылдарында бұрыннан үстемдік еткен рушылдыққа, патриархтыққа, надандыққа, тағылыққа қарсы бітіспес күрес жүргізді. Әрине, жас Совет өкіметінің әрбір жаңа қадамын еңбекші бұқара мақұлдап қарсы алса, ал ру басылары, байлар мен болыстар қолдарынан биліктің сусып шығып бара жатқанын көріп, қақпанға түскен қасқырлардай жанталасты, дұшпандық әрекеттерін өршітті.

Ол кезде біз осындай алуан түрлі істерге араласатын едік. Жоғарыда айтылған жайлар уезд территориясында Совет өкіметін орнатып, нығайту, партия ұйымын құру жұмыстары қыруар қиындықтармен жүзеге асырылғанының айқын айғағы. Уездік партия комитеті ел ішінде саяси-түсінік жұмыстарын кеңінен жүргізуге ден қойды. Ойынсауық кештері, спектакльдер ұйымдастырылды, түрлі саяси тақырыптарда лекциялар оқылды, баяндамалар жасалды.

Бұрын ең артта қалған өлке болған Маңкыстау бүгінгі күнде танымастай құлпыра өзгерді: экономикасы өркендеп, мәдениеті гүлденді.

Осының бәрін қазір жасым 70-ке жеткенде көру мен үшін шексіз қуанышты жай. 1967 жылы Совет өкіметінің орнағанына елу жыл толғанда мен Ленин орденімен наградталдым. Сол жылы Москва қаласында Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жылдығына арналған салтанатты мәжіліске қатысу бақытына ие болдым. Ол еліміздің Ленин көрсеткен бағыттан айнымастан коммунистік қоғам орнату жолымен көміл сеніммен бара жатқанын бүкіл әлемге паш етті. Осы қуанышты көргенде төбем көкке жеткендей болды, ал жеке өзімнің өткен өміріме көз жіберіп шолғанымда партия тапсырған істі әрқашан абыроймен атқарғанымды мақтап етемін.

1922 жылы Советтердің Бүкіл қазақстандық үшінші съезінде Қазақ республикасы Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланған едім. Ал Бүкіл қазақстандық V партия конференциясында РКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің мүшелігіне кандидат болдым. Ал бұдан кейінгі жылдарда Владимир губерниялық партия комитетінде нұсқаушы, Жетісу губерниясында аудандық партия комитетінің секретары, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінде партиялық-ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Алматыда өлкелік партия комитетінің, кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің нұсқаушысы қызметтерін атқардым. 1928 жылы Жетісу губерниясында ірі байларды конфискациялау ісіне қатыстым.

Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылы Ақмолаға, қазіргі Целиноград облыстық партия комитетінің аппаратына қызметке келгенмін. Өмірімнің соңғы отыз шақты жылы осында қызмет бабымен өтіп жатыр. Қазір Целиноград облыстық партия комитетінің партия комиссиясының мүшесімін.

«Елу жылда ел жаңа» дегендей, Ленин нұсқаған сара жолмен жүрген менің туған елім — Советтік Қазақстан осынау тарихи қысқа мерзім ішінде социалистік сәулетті өмірдің шырқау биігіне шарықтап шығып, бақытты болашаққа қарай өрлеп барады. Соның бәрін көзбен көруден артық бақыт бар ма!

⊗ 1920 жылғы 26 августа Қазақ АССР-ін құру туралы В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған Декрет жарыққа шықты. «Автономиялы Қырғыз Советтік Социалистік Республикасының басқару органдары депутаттардың жергілікті Советтері, Қырғыз Советтік Социалистік Республикасының Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі болып табылады» деп атап көрсетілді онда. Ұзақ жылғы тарихында қазақ халқы өзінің тұңғыш мемлекетіне ие болды. Ол советтік социалистік мемлекет ретінде туды.

⊗ 1920 жылғы 4 — 12 октябрьде Орынборда Қазақ АССР-і Советтерінің Құрылтай съезі болды. Оған 273 делегат қатысты. Съездің 197 делегаты коммунистер, 4 делегаты коммунистерге тілектестер еді. Олардың ішінде 128 қазақ, 127 орыс және басқа ұлттардың 18 өкілі болды.

Съезд еңбекшілердің Коммунистік партияға деген орасан зор сенімі мен халықтар достығының тамаша салтана-

тына айналды. Ол «Қырғыз (Қазақ) АССР-і еңбекшілері праволарының Декларациясын» бекітті. Сонымен бірге съезд Қазақ АССР-інің Орталық Атқару Комитетін (КазЦИК) сайлады. Ал ол республиканың Халық Комиссарлары Советін құрды.

⊗ 1921 жылдың басында Советтердің сайлауы өткізілді. Көптеген аймақта жергілікті билік тұтасымен Совет өкіметінің сайланып қойылған органдарына көшті.

⊗ 1921 жылдың жазы мен күзінде уездер мен губернияларда Советтердің съездері өткізілді. Олар негізінен бейбіт шаруашылықтың жаңа жағдайында Советтердің жұмысын қайта құру мәселесіне арналды. Бұл съездерге 2 871 делегат қатысты.

⊗ Қазақ АССР-і Советтерінің II съезі 1921 жылғы 4 октябрьден 10 октябрьге дейін болды. Ол республикадағы мемлекеттік және шаруашылық құрылыстың бір жылдық қорытындысы шығарды.

ЖАРҚЫН ЖОЛ

М. БЕГӘЛНОВА,

1920 жылдан КПСС мүшесі

КЕІ АДАМНЫҢ АЛТЫННАН ДА АРДАҚТЫ, асыл заттай бұйымдары болады. Үйге келген жақын-жуық, дос-жараның баршасына әліні бір көрсетпей көңілің көншімсіді. «О, бәрекедді! Мынау керемет екен!» деп қошеметші жұрт көтер-мелеген сайын мерейленіп, жас балаша мәз болатының бар.

Сондай қымбат бұйымдарымның бірі дәл қазір алдымда жатыр. Әдемі қатырма қағаздан ұзыншалау етіп жасалған алқызыл билет, № 0570 шақыру билеті. Осыны әжімді саусақтарыммен жұмсақ қана сипай түсіп, оңаша отырғанды ұнатам. Көп-көп ойларға берілем, тәтті қиялға шомам. Ішін ашып: «Жолдас Бегалиева Мәдина Қожбақызы! КПСС Орталық Комитеті, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы, РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы Сізді КПСС Орталық Комитетінің, СССР және РСФСР Жоғарғы Советтерінің Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты мәжілісіне шақырады» деген жазуларды оқимын. Ұлы көсемнің торқалы тойына Москваға барған қуанышты күндерім келеді көз алдыма. Оның арғы жағынан өзім өткен өмір жолы — тізбек-тізбек жылдар көші, белес-белес оқиғалар сілемі, тар жол, тайғак көшудер мен тамаша табыстар жолы елес береді. «Мені қалай ұмытарсың!» деп, әрқайсысы ғасырдың жүгін арқалаған таңғажайып жылдар тұрғандай болады анталап. Әсіресе бүгінгідей мереке сәтінде, Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының 50 жылдығы тойланып жатқан күндерде, мұндай ойлар тіпті көп-ақ.

Оның да жөні бар. Біздер, яғни менің тұрғыластарым, өз республикамызбен бірге өсіп, біте қайнастық. Оның әрбір қадамы, әр декреті көкірегімізде кешегідей сайрап тұр. Сол үшін де оның әр сәтін еске алғанда толқымай, тебіренбей тұра алмаймыз.

Біз бақытты ұрпақ екенбіз. Жаңа дәуірдің елен-алаңында ат жалын тартып міндік те, содан былайғы бүкіл өмірімізді социализм жеңісіне, коммунизм ісіне арнадық.

Өткен өмірдің қалың қойнауынан Октябрьге апарар жол жадымда әсіресе жақсы қалыпты. Бәлкім өз бетімше еңбек еткен алғашқы жылым болғандықтан ба, әйтеуір сол күндер есімде айшықты қалпында сақталған сияқты. Бөкей ордасындағы үш жылдық мұғалімдер курсың түгестім де, Ордадан мойны қашық Шолан ауылына жолдама алдым. Ол кезде мұның өзі — үлкен оқиға. Орынборда шығатын бір газетте: «Бөкей ордасында Алма Оразбасова мен Мәдина Қожбақызова деген екі қазақ қызы мұғалімдік оқуды бітіріп шықты» дейтін хабар жарияланғанын білем.

Сонымен, жанымға шешемді алып қияндағы Шоланға жеттім. Қыстап бала оқыттым. Анам марқұм мені «оқытты», «әй, балам-ай, осыншама ит өлген жерге келіп неі

Шежіре сыры

⊗ 1921 жылғы 20—31 январьда Әулиеатада (Жамбылда) Түркстан қазақ, қырғыз кедейлерінің съезі болды. Оның жұмысына 600 делегат қатысты. Съезд еңбекшілерді жер-су реформасын жүзеге асыруға шақырды, қазақ кедейлері мен батрақтарының ең тұңғыш бұқаралық ұйымы — Қосшы одағын құруға қаулы алды. Мұның өзі кедейлер мен батрақтардың арасында зор өрлеу тугызды. Сол жылғы март айының аяқ шенінде-ақ Жетісуда одақтың 18 мың адамды қамтитын 99 ұясы болды.

⊗ 1922 жылғы 8 октябрьден 13 октябрьге дейін Қазақ АССР-і Советтерінің III съезі болып өтті. Съезд РСФСР-дың сыртқы және ішкі жағдайы туралы баяндаманы, ҚАССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің баяндамасын тыңдап, талқылады. Совет құрылысы туралы және басқа да мәселелерді қарады.

⊗ 1924 жылғы 5—10 январьда Қазақ АССР-і Советтерінің IV съезі болды. Съездің жұмысына В. В. Куйбышев қатысты. В. И. Ленинге жіберген құттықтау телеграммасында съезд халықтардың сүйікті көсеміне: «Біз үшін социализмге жеткізетін ең төте және дұрыс жол марксизм-ленинизм болды, бола бермек те. Бізде басқа жол жоқ, болмайды да» деді.

Съезд республиканың саяси және шаруашылық өміріндегі аса маңызды мәселелерді талқылады.

⊗ Республика Советтерінің V съезі 1925 жылғы 15—19 апрельде өтті. Бұл съезге тұңғыш рет барлық қазақ аудандары еңбекшілерінің өкілдері келді. Олардың негізгі көңіл аударғаны ауыл мен деревнядағы совет құрылысының мәселелері болды.

⊗ 1927 жылғы марттың аяғы мен апрельдің басында республика Советтерінің VI съезі болды. Ол байларға қарсы күресте қол жеткен табыстарды атап көрсетіп, сонымен бірге байлардың ық-

бар еді? Шоланың бар болсын, жер аяғы босаса, мені Жанақалаға жеткізіп таста, арғы жағын өзім-ақ табам» деп қиғылықты салумен болды.

Көктем шыға базаршылармен ілесе, түйе мініп Жанақалаға жеттік. Бұл — марг айының жуан ортасы. Біз де бардық, «патша тағынан түсіпті!» деген хабар да келді. Қаладағы бірнеше оқыған атамат дереу бас қосып, неше дүркін митингі өткіздік. Орыс пролетариатының патша самодержавиясына қарсы ерлік күресі туралы айттық.

Содан былай халық арасында «бостандық», «теңдік» деген сөздерді еркін айта бастадық. Біреулер иланады. Енді біреулер: «Ойбай-ау, патша болмаса, ақшаны кім шығарады?» деп дал болады. Нағандық дегенді қойсаңызшы бұл...

Мұны айтып отырғандағы ойым Ұлы Октябрьге дейін қазақ халқының қаншалықты кенже қалғанын сипаттау еді. Сондықтан осынау байтақ жатқан меңіреу далада Октябрь революциясынан кейін де көптеген революциялық өзгерістерді жүзеге асыру қажет болды. 1920 жылы отау тіккел Автономиялы Қазақ республикасының қалыңмал мен құн төлеуді жою, әйел теңдігі жөніндегі алғашқы декреттерін жүзеге асыру үшін қандайлық қиын жағдайда жұмыс істеуге тура келгенін бүгінгі жастарға айтып жеткізудің өзі оңай емес. Ғасырлар бойы қалыптасқан патриархтық-феодалдық салт-сана етекпен тартып, тірсекпен шалды, Бай-манаптар мен молда-ишандар да жаналық атаулыны құбыжық көрсетіп, одан халықты үркітуге тырысып бақты.

Республиканың партия ұйымдары қазақ әйелінің көзін ашып, көңілін оятуға бар күшті аяған жоқ. Партия комитеттерінің жанынан әйелдер арасында жұмыс жөніндегі бөлімдер құрылды. Олар әйелдер арасында партиялық үгітті өрістетіп, насихат жұмысын жүргізді, кітапшалар мен листовкалар таратты, мектеп ашып, газет, журнал шығарды, оқу үйлеріне, клубтарға, қызыл отауларға әйелдерді көптеп тартты.

Ел басқарудың тізгініне ие болған қазақ әйелінің қуанышын көру қандай еді десеңізші. Ә дегенде тұмысындағы ұяңдығы жеңіп, тағдырдан жеген теперіші батымсыздыққа бастаранымен, қолына шындап билік тигенде құлпырып сала беретін еді-ау!

Осы орайда мынадай бір оқиға еске түседі. 1926 жылдың январь айы болағын. Онда мен Орал губерниялық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімін басқарамын. Уездік партия комитетінің бөлім меңгерушісі Вьюгова екеуміз ел аралап шықтық. Көлігіміз — лау ат Ауылдан ауылға өтіп, жұмыс жағдайымен танысып келеміз. Жұбанышқұл болысында Совет сайлауы болады дегенді естігенбіз. Барытымыз — сол ауыл.

Мақсатымыз — алдағы сайлауға әйелдерді көбірек тарту, сәті түссе олардың біреуін болыстық атқару комитетіне ұсыну еді. Осы оймен көп үйлерді араладық. асықпай, жата-жастанып әңгіме өткіздік. Әйелдер сайлауға қатысуға қарсы болған жоқ. Тек атқару комитетіне мүше болу жөнінде айта бастап едік:

— Қатын бастаған көш қараң қалады, қарақтарым. Оны қоя-ақ қойыңдар, — десті біразы. Біз болмадық. Әйел теңдігі тек заң жүзіндегі пәрсе емес екенін ұқтырдық. Ел иланды. Бірақ байқаймыз, жылдар бойы бойға сіңген ұғымның тар тақиясына біздің айтқанымыз сыймайды-ақ. Шын жүректен шыққан асыл сөзіміз қағызпа қалжыңның қанжығасында жүргенін де көріп қаламыз.

— Қызық болатын болыпты, енді қатындар басқарады дейді, — деп біреулер қылжақтады.

— Е, несі бар, өзгеге қиған билікті өз қабырғамыздан қызғанайық па, — дейді, баз

палын біржолата жою жөнінде ауыл еңбекшілеріне жол сілтеді.

⊗ Ауылды советтендіру жөніндегі жұмыс тамаша нәтиже берді. Ауыл бұқарасы мемлекетті басқару ісіне бұрынғыдан әлдеқайда көп қатысатын болды. Бұқараның белсенділігі қаншалықты артқанын 1929 жылғы қайта сайлаудың нәтижесінен көруге болады. Бұл сайлауға барлық сайлаушылардың 60 проценттен астамы келді. Әйелдердің белсенділігі арта түсті: егер 1927 жылғы сайлауға сайлаушы әйелдердің 27,7 проценті қатысқан болса, 1929 жылы 43,7 проценті қатысты. Сөйтіп, қазақ ауылын советтендіру 1929 жылы негізінен аяқталды.

⊗ 1930 жылдың аяғында Советтердің барлық депутаттарының 52,5 проценті колхозшылар, қалалық Советтерде депутаттардың 48,7 проценті коммунистер, 33,3 проценті екпінді жұмысшылар болды.

⊗ 1931 жылғы февральда Қазақстан Советтерінің VIII съезі өтті. Съезд со-

циализмнің барлық майданда кең өрістетуі жағдайындағы Советтердің жұмысы туралы арнаулы шешім қабылдады.

⊗ Қазақстан Советтерінің 1935 жылғы январьда болған IX съезі республика үкіметінің есебін тыңдады, мал шаруашылығын өркендету жөнінде шаралар белгіледі, денсаулық сақтау орындарының жұмысы мен міндеттері туралы мәселе қарады.

⊗ Советтердің 1935 жылғы февральда болған Бүкіл одақтық VII съезі Совет Конституциясына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдап, СССР-дің Конституциясының жобасын жасау үшін Конституциялық комиссия сайлауды СССР Орталық Атқару Комитетіне ұсынды.

⊗ 1936 жылғы 25 ноябрьде Советтердің Бүкіл одақтық Төтенше VIII съезі ашылды. Съезд 5 декабрьдегі мәжілісінде СССР Конституциясын қабылдады.

⊗ 1936 жылғы 5 декабрьден бастап Қазақстан суверенді одақтас респуб-

біреулер. Ел арасы солайша ду-ду болып жатқанда біз Советке сайлауға лайықты адамды да тауып алдық. Ауыл әйелдерінің көбі-ақ: «Ақыр болады екен, Хадиша болсын» дегенді айтты. Сөйтіп, сайлауда Хадиша Ғалиеваны болыстық атқару комитетінің мүшелігіне өткіздік. Ол кезде мұның өзі зор жеңіс еді. Осының өзі естігенде талай жұрт таңдай қақты.

Хадиша десе дегендей адам екен. Тек Жұбанышқұл болысында ғана емес, бүкіл сол өңірде жақсы атқа ілігіп, үлгі болып жүрді. Хадишаның өнегелі істері жайлы естіген сайын мен де бір қуанып қалатынымын.

Қазір ойлап отырсам, ол кездер от боп жанған жылдарымыз екен. «Уақыт жоқ», «кол тимейді», «жағдай келмейді» деген сылтау болмайтын. Қажет екен — апталық алыс жолға жалғыз жарым болып-ақ жаяу тартып кететінбіз, партия талап етсе қандай қиындықтан да тайсалмайтынбыз. 1929 жылға дейін мұғалім болып жүріп те, Бөкей, Орал губерниялық партия комитеттерінде, ал кейіннен Сырдария округтік партия комитеттерінде әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімді басқара жүріп те осындай қайтпас қайсар құрбыларды, апа-сінділерді көп көрдім. Сол кездердегі қызыл отауларды кім білмейді. Мұның өзі Қазақстанда жүзеге асқан шын мәнісіндегі мәдени революцияның ең маңызды буыны еді ғой. Қызыл отаулар ол кездегі көне ауыл жұртшылығын тұрмыстағы жаңалықтармен таныстырушы, оны енгізуші, насихаттаушы болды. Қазақ әйелдерін мәдени тұрмыс құруға, үй-жайды, ыдыс-аяқты таза ұстауға, ауырса дәрігерге көрініп емделуге, бақсы-бөлгерлерден аулақ жүруге үйретті. Сонымен бірге қызыл отау арқылы сауат ашу мектебі, медицина пункттері жұмыс істеді, лекция оқылып, баяндамалар жасалды. Ал сол қызыл отауларды түгел дерлік әйелдер басқарған болатын. Әйел қала салып, мал бақты, ел басқарып, егін екті, бала оқытып, ұрпақ өсірді.

Бүгінде мақтансам, «мен сендердің бірінмін!» деп мақтанам. Мен Ленин партиясына мүше болып 1920 жылы өттім. Дәл сол жылы қылқұлақ ағылшын Лесли Уркарт Совет үкіметіне жолдаған хатында: «Балқаштың төңірегіндегі және одан әрідегі қырғыз даласын шұқылап көруіме мүмкіндік бермес пе екенсіздер. Бәрібір елу жылсыз, тіпті жүз жылсыз сіздер бұл жермен айналыса алмайсыздар ғой. Ал мен шұқылап көрсем, бір нәрсе шығарып қалармын» деген екен.

Менменсінген Уркарт мырза әбден қателесті. Небәрі 15 жыл өткен соң мұны өз көзіммен көрдім. Бүкіл одақтық өнеркәсіп академиясын бітіріп, Балқаш кен-металлургия комбинатына инженер болып барғанымда көрдім. Уркарт мырза «шұқылап көргісі» келген Балқаш жерінде социалистік еңбек ту тігіп, өнеркәсіптің тамаша бір ошағы орнап жатқан кез еді бұл. Туған республикамыздың қарқынды құлашына сүйсіндім. Онымен бірге өзім де өсіп келемін-ау деген ой жүрегімді шаттыққа бөлейтін...

Міне, қазір де осындай шаттық құшағында отырмын. Менің республикам елуге толыпты бүгінде. Кемелденген, өркені өскен шағында тұр ол. Осы келбетіне, нұр сипатты, алып тұлғалы бітіміне қуана қараймын. Қараймын да мейірлене, мерейлене түсемін...

лика ретінде тікелей одақтық мемлекеттің — СССР-дің — құрамына енді. Қазақ АССР-ін одақтас республика етіп қайта құруға байланысты ВКП(б) Қазақ өлкелік ұйымы 1937 жылғы апрельде Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы болып қайта құрылды.

⊗ 1937 жылғы марттың 21-нен 26-на дейін Алматыда Қазақстан Советтерінің Төтенше X съезі болды. Съезд делегаттарының 65 проценті жұмысшылар мен колхозшы шаруалар еді.

1937 жылғы 26 мартта съезд Қазақ ССР-і Конституциясын бекітті.

⊗ 1937 жылғы 12 декабрьде СССР Жоғарғы Советінің тұңғыш сайлауы болды. Ол асқан салтанатпен өтті. Қазақстанда сайлауға барлық сайлаушылардың 96,9 проценті қатысты. Біздің республикамыздан СССР Жоғарғы Советіне 44 депутат сайланды.

⊗ 1938 жылғы 24 июньде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы өткізілді.

Оған республика сайлаушыларының 92,2 проценті қатысты.

Қазақ ССР Жоғарғы Советіне сайланған 300 депутаттың ішінде 112 жұмысшы, 116 колхозшы болды, совет интеллигенциясының өкілдерінен 72 адам сайланды.

⊗ 1938 жылғы 15—18 июльде бірінші рет сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы болды. Сессияны ең қарт депутат халық ақыны Жамбыл шабытты жырымен ашты.

Жаңа Конституция негізінде 1939 жылғы декабрьде еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы өткізілді.

⊗ Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші сайлауы 1947 жылғы 16 февральда болды. Ал келесі жылы Қазақ ССР еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы өткізілді. Жоғарғы Советке 300 депутат, ал жергілікті Советтерге 53 414 депутат сайланды.

МЕНІҢ БАҚЫТЫМ

К. БЕКЕШЕВА,

*Гурьев мұнай-химия құрылысы тресінің
құрылысшылар кәсіподағы комитетінің председате*

Менің Айнаш деген апам бар. Апа болғанда бірге туған емес, замандас апам. Оның қарапайым да қадірменді тұлғасына біздің барша Атырау ардагерлерінің абзал қасиеті сыйып тұрғандай көрінеді маған. Айнаш апайдың инабаттылығын, еңбек сүйгіштігін, өзіме әрқашан өнеге тұтамын.

Ол Жайық бойындағы өнеркәсіптің тұңғышы В. И. Ленин атындағы балық консерв комбинатының ірге тасын өз қолымен қаласқан. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында бір өзі үш адамның нормасын орындап, жүздегер атанған. Бүкіл ел болып көсем мерекесін ойдағыдай қарсы алу жөнінде удере еңбекке кіріскен шақта жасының ұлғайғанына карамастан атыраулықтар арасынан топ жарып, көтерінкі міндеттеме қабылдап, әріптестерін өз қатарына шақырған да осы кісі. Сондықтан да коммунист, Социалистік Еңбек Ері Айнаш Байжігітованың аты Атырау бойында бірінші аталады.

Ерен еңбегімен ел құрметіне бөленген осындай ардагер жандардың — Октябрь перзенттерінің жүріп өткен өмір жолы жайлы бір сәт ойланар болсаңыз, ұлы Лениннің еңбекшілерге, әсіресе әйелдерге деген әкелік қамқорлығын айқын көріп-білесіз.

Көсем өсиеті жүзеге асты. Әйелдер біздің елде ерекше сый-құрметке бөленген. Олар от басы, ошақ қасының азабынан мүлде арылған. Қазір біздің елде әйел тек қана ана емес, ол өндірістің сан алуан саласында қызмет істейтін еңбеккер, белсенді қоғам қайраткері. Ерлермен бірге білім алуда, еңбегі жанып ер атануда. Оған мысал ретінде Айнаш Байжігітова апайды айтуға болады. Бір ғана ол емес, осы комбинаттың озат жұмысшысы Айтжан Жалғасбаева, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Аққаным Байдулина сынды сан мыңдаған әйелдердің бүгінгі тіршілік тынысы мұның айғағы.

Мен әке мейірімін көрмей, анамның аялы алақанымда өстім. 1956 жылы Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген соң өндіріске аттандым. Біздегі химия зауытының екпінді құрылысы қызу жүріп жатқан кез, сонда баруды қаладым. Арнаулы мамандығым болмаса да ақпейіл, дарқан көңілді жұмысшы коллективі мені өз туысындай қуана қарсы алды, өнерлерін үйретті. Көп кешікпей-ақ сыршы да, сылақшы да болдым. Моторист мамандығын меңгердім, техника тілін үйрендім. Сөйтіп, жеті жыл бойы «Гурьевнефтехимстрой» тресінің № 3 құрылыс-монтаж басқармасында жұмысшы болып істедім. Бүгін соған қуанамын. Атағы облыс емес, одаққа белгілі химия зауытының іргесін өз қолыммен қаласқаным мақтапамын.

1966 жылы Қуйбышевтің инженерлік-құрылыс институтын сырттай оқып бітіріп, өнеркәсіп, азаматтық құрылыс инженері мамандығын алдым. 1961 жылы кешкі марксизм-ленинизм университетінің экономика факультетін бітірдім. 1965 жылы ұлы Ленин партиясының мүшелігіне өттім.

Менің азды-көпті еңбегімді Отан, партия жоғары бағалап, 1960 жылы Ленин орденімен наградтады. Үлкен сенім көрсетіп 1959—1962 жылдары еңбекшілер депутаттары облыстық Советіне, 1962—1966 жылдары СССР Жоғарғы Советіне депутаттыққа сайлады. Қазір қалалық партия комитетінің бюро мүшесімін.

Өмір жолымды айтып отырғандағы мақсатым мақтану емес, қайта ұлы Лениннің, оның өзі ұйымдастырып, өзі шыңдаған Коммунистік партияның әкелік қамқорлығының арқасында қатардағы қарапайым қазақ әйелінің осынша дәрежеге жеткендігін аңғарту.

В. И. Ленин мұнай өнеркәсібін өркендетуге ерекше назар аударды. Әсіресе ұлы көсем Гурьев маңының мұнайын жас Совет өкіметі жауларының қолында қалдырмауға, мұнайды кең көлемде, жедел қарқынмен өндіруге ерекше қамқорлық жасады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы игерусіз жатқан табиғат қазынасын халық игілігіне айналдырды. Қара жер қойнауынан қара алтынын тасқындатса, Ақжайық бекіресін сыйға тартты. Төскейі мыңғырған малға толып, етегі жайқалған егінмен көмкерілді. Қысқасы, елу жыл ішінде Атырау — Жайық бойының келбеті керемет өзгерді.

Атырау өңірінің экономикасы мәдениетіне сай. Ұлы Октябрь революциясына дейін жаппай сауатсыз аймақ бұл күндері республикамыздары ғылым мен мәдениет орталықтарының біріне айналды. Мұның бәрі Ұлы Октябрь революциясы жеңісінің жемісі. Ұлы Ленин идеяларының салтанат құруының нәтижесі. Біздің бақытымыздың қайнар бұлағы осында.



Ардақты АБЗАЛ ЖАНДАР

Ильичпен дидаласқан

К. НАЗХАНОВ,

*Қызылорда педагогикалық
институтының аға оқытушысы*

ОКТАБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫ жаңа дәуірдің жаршысы болды. Ол жапан даланы жаңғыртырып, бұрын жапа шегіп жасыған халыққа жігер берді. Түнерген түнек түріліп, адамзат арман еткен бақытты болашақтың сәулесі көрінді. Жаңа өмір өзіне лайықты жаңа адамдарды шығарды. Міне сондай дәуір перзентінің бірі Хұсайын Ибрагимов еді.

Хұсайын Ибрагимов Перовск уезінің 5-ауылында, қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы Киров атындағы колхоздың қонысында қараша үйлі, қауын еккен диқанның от басында дүниеге келген. Ол әкесінен 6 жасында жетім қалды. Тіршіліктің кермек дәмін татып, қабырғасы қайыса ауыртпалығын көтерді. Бірақ майысса да сынбады, өжет мінез өрге қарай өрмелей берді. Алдымен ауылдағы мұсылман мектебін бітіріп, сауатын ашты. Ол кезде жоғары басқышты бастауыш орыс мектептері мен училищелерге тек патша үкіметінің шенін алған чиновниктер мен бай балалары ғана қабылданатын. Алайда ауыл байлары молдалардың «балаларымыз шоқынып кетеді» дегеніне иланып өз балаларының орнына кедей-кемтарлардың балаларын өткізетін. Бай баласының орнына оқуға зорлап жіберілгендердің бірі Хұсайын болды. Ол Перовскідегі училищеге осылайша келіп түскен-ді.

Оқуға зерек, жасынан қабілетті бала училищені үздік бітіреді. Бұратана халықтар арасында отаршылдық саясат жүргізудің болашақ бір тірегі, «ақ патшаға» адал чиновник даярламақ боп дәмеленген оқу инспекциясы Х. Ибрагимовты Ташкент қаласындағы мұғалімдер семинариясына жібереді.

Ол кезде бұл семинария — Түркстан өлкесіндегі бірден-бір оқу орны болатын. (Түркстан өлкесіне 1924 жылға дейін қазіргі Орта Азия республикалары мен Қазақстанның Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент және Қызылорда облыстары қараған). Қолда бар мәліметке қарағанда, семинарияны 1879—1904 жылдар арасында 30 казак жасы бітіріп шыққан. Бұл барлық студенттердің 13 проценті болатын. Олардың ішінде С. Айзунов, И. Токтыбаев, Д. Букин, И. Қасымов, О. Жанғалинов сияқты революцияға дейінгі казак интеллигенциясының прогрестік бағыттағы тобы болды. Бұлар кейіннен республикада Совет өкіметін орнатуға белсене қатысып, белгілі қайраткерлер болды, казак совет интеллигенциясын қалыптастыруда елеулі еңбек сіңірді.

Хұсайын Ибрагимов мұғалімдер семинариясында оқып жүріп каникулға шыққан кезінде Ташкент, Перовск қалаларындағы өзінің орыс күр-

быларына өзбек, парсы, қазақ тілдерін үйретті. Сот орындарында іс жүргізуші жұмыстарын атқарып семьясына көмектесті. Жас жігіттің патша үкіметінің жергілікті заң орындарында жұмыс істеуі әділетсіздік пен озбырлықты ерте көріп, тануына сөзсіз әсер етті. Сол кездің өзінде-ақ патшаның «қаһарына» ілініп жер аударылған «саяси қылмыстылармен» танысып, олармен байланыс жасады. Сол тұста Орынбор — Ташкент темір жолының салынуы қазақ, өзбек халықтарының арасында лениндік идеяның кең тарауына зор ықпал жасады. Октябрь революциясы кезінде теміржолшылар жергілікті жерлерде Совет өкіметін орнатуда белгілі дәрежеде роль атқарды.

Ташкент семинариясын бітіргеннен кейін Х. Ибрагимов Хиуа, Бұхара, Самарқанд қалаларында мұғалімдік, юристік қызметтер атқарады. Бұл тұста ол Орта Азия халықтарының тұрмыс халін, әдет-ғұрпын, мәдениетін жан-жақты зерттеп, түрік тектес тілдерді және парсы тілін емінеркін игерді. Бәрінен бұрын жергілікті жерлердегі социал-демократиялық ұйымдармен астыртын байланыс жасап, үйірмелерге қатысып В. И. Лениннің еңбектерімен танысады. Сөйтіп ол Февраль революциясына саяси жағынан тұрақты көзқарасы бар, ақыл-ойы толысқан, күрес жолын саналылықпен тандап алған дәрежеде жетті.

Февраль революциясын қазақ интеллигенциясы әртүрлі қабылдады. Патша үкіметінің аз ұлттарды езіп-жаншатын, жергілікті жердегі отаршылдық саясатын қолдайтын ат төбеліндей азгантай топтың өкілдері самодержавие құлағанымен соның саясатын бұлжытпай жүргізе беруге тырысты. Ал халық мүддесін қорғайтын озат ойлы, алдыңғы қатарлы интеллигенция социалистік революцияның жеңісінеіз ұлттар бостандығының, халықтар арасындағы теңправолылықтың болмайтынына бірден көздері жетті. Олар революцияның бірінші кезеңінен екінші сатысына өтудің қажеттігін ойластырып қана қоймай, Уақытша үкіметтің жергілікті органдарына, «Алаш» деп жар салған қазақ халқының «қамқоршысымақтарына» қарсы аянбай күресті. Сол күрестің алдыңғы сапында жүргендердің бірі Хұсайын Ибрагимов еді.

Ол 1917 жылғы 6 мартта туған жері Перовскіге қайта оралды. Бұл кез кескілескен күрестің шарықтау шағы болатын. Ал алыстағы қазақ ауылдары саяси сапырылыстың егжей-тегжейіне түсіне де бермейтін-ді. Өйткені патшадан шен тағып шіренген жендеттер әлі де болса ауылға жиі-жиі барып оларды зәбірлеп, ар-намысын аяққа басып, тонап кететін. Халық атынан сөз сөйлеп, қара басының қамып ойлаған кадеттер мен меньшевиктер қазақ, татар және орыс көпестері мен байларының ығына тығылып, ыркында жүрді. Сөйтіп Уақытша үкіметтің атқару комитеті солардың қолжаулығына айналды.

Осындай шым-шытырық кезде Х. Ибрагимовтың қалаға келуі көпшіліктің көзін ашып, көңілін оятуға, олардың тап күресіне тартынбай белселе кірісуіне елеулі түрде саяси ықпал жасады. Ол келісімен Перовск делосының жұмысшыларымен, 3-Сибирь полкінің революцияшыл офицерлерімен байланыс жасады. Қалада, ауылдарда жиналыстар, митингілер өткізді. Жергілікті халық ана тілінде революцияның мәнісін, В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясының түпкі мақсатын түбегейлі түсінді. Х. Ибрагимов жүргізген үгіт жұмысы сусаған жұртқа сусын ішкендей әсер етті. Оның есімі Перовск, Қазалы, Түркстан уездеріне жайылып, абыройы күннен-күнге арта түсті.

1917 жылғы 27 мартта Перовскіде уездің барлық түкпірінен келген өкілдердің жиыны болды. Онда құрамында 35 адамы бар қазақ еңбекшілері депутаттарының Советі құрылды. Жиналған көпшілік Советтің председателі етіп бірауыздан Х. Ибрагимовты сайлады. Қазақ депутаттарының Советі 12 ноябрьде большевиктер партиясы баеқарған жұмысшы және солдат депутаттарының Перовск Советіне қосылып, атқару комитетін құрды. Большевик Х. Ибрагимов оның мүшесі болып сайланды.

Совет өкіметі орпаған алғашқы күннен бастап Х. Ибрагимов өз айналасына А. Жанкин, Н. Тасымов, С. Опалқожаев, Н. Таласов секілді сауатты да жігерлі қазақ жігіттерін жинап алып, алыс ауылдарда Совет өкіметін насихаттау, болыстарды уақытша үкіметтің құйыршықтарынан тазартып, большевиктендіруде аянбай еңбек етті. Сөйтіп социалистік құрылыстың негізін қалауға өздерінің үлесін қосты.

Түркстан өлкесіне қарайтын жер-жердің бәрінде, әсіресе, Орыпбор — Ташкент темір жолы бойында Совдептер бірінен соң бірі орнай бастады. Ол кезде Орта Азиядағы революцияның орталығы, өлкенің астанасы Ташкент болатын. Көп ұзамай Х. Ибрагимов Ташкентке қызметке ауысады. Онда ол Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің Түркстан өлкесіне жіберілген Төтенше Комиссары, В. И. Лениннің сенімді шәкірті, кәнігі революционер, 1898 жылдан партия мүшесі П. А. Кобозевтің басшылығымен революциялық жұмыстар жүргізді, жұмысшы және солдат депутаттары Советтері үшін қажырлы күресті.

1918 жылғы 20 апрельде Түркстан өлкелік Советінің V съезі шақырылды. Х. Ибрагимов осы съезге делегат болып сайланды. Съезд Түркстан Советтік Социалистік Автономиялық Республикасын жариялады. Бұл Түркстан өлкесі халықтарының тарихындағы теңдесі жоқ ерекше оқиға болды. В. И. Ленин республиканың құрылуын қуана қарсы алып, құттықтау телеграмма жіберді. Онда ол: «Сіздерге жүктелген тарихи міндеттерді абыроймен орындайды деп үміт артамыз» деп жазды. Съезде Түркстан Орталық Атқару Комитетінің, Халық Комиссарлары Советінің құрамы сайланды. Съезде П. А. Кобозев Атқару Комитетінің председателі, Хұсайын Ибрагимов Заң Халық Комиссары болып сайланды. Х. Ибрагимовке сонымен бірге Ташкент уезі председателінің қызметін атқару қоса тапсырылды. Мұндай сенім кез келген адамға жүктеле бермейтін-ді. Әрі астаналық уезді басқару, әрі заң Халық Комиссары болып қызмет атқару орасан күш-жігерді, жауапкершілікті қажет етті. Ол партия сенімін ақтауға бар қуатын, білімін аямай жұмсады.

Түркстан АССР-нің экономикасы нашар, әртүрлі шаруашылық укладтары араласқан, мәдени дамуы да ислам дінінің шырғауында шиырланған, қараңғылық пен сауатсыздықтың түнегі жайлаған аймақ еді. Оның үстіне солшыл эсерлер, әркілы саяси ағымдардың сілімтіктері, байлар мен кулактар, жергілікті ұлтшылдар мен отаршыл ұлыдержавалық шовинистер, діндарлар мен «Алаш» партиясының «көсемдері», ақ гвардияшыл контрреволюционерлер мен империалистік интервенттер жас Совет өкіметін құлатып, большевиктер партиясын мемлекет басшылығынан тайдыру үшін жанталасып бақты. Ал жергілікті халық көп ретте болып жатқан саяси өзгерістерге жете түсіне бермейтін. Елді жайлаған сауатсыздық олардың арасында саяси түсінік жұмысын кең өрістетуді қиындатқан. Ол кезде қазақ пен басқа да жергілікті ұлттардың арасынан шыққан сауаттылар саусақпен санағандай еді.

Осындай жағдайда Х. Ибрагимовтың жалындаған жігері, большевиктер партиясының программасын саналылықпен игергені, орыс, түрік тектес және парсы тілдерін жақсы білетіні оның республика көлемінде құлашты кең сермеп жұмыс істеуіне мүмкіндік берді.

1918 жылы Түркстан республикасының Конституциясы қабылданды. Х. Ибрагимов Заң жобасын, Түркстан АССР-нің «Ережесін» жасауға, патшалық Россияның заң жөніндегі мемлекеттік ескі аппаратын жойып, советтік демократиялық сот, прокуратура органдарын жаңадан жасауға белсене араласты, басшылық жасады. Ауылдық және кейбір уездік жерлерде сақталған қазылар мен билердің функциялары өзгерді, оларға жергілікті совет, партия органдарының бақылауы орнады.

Октябрь революциясына дейін діндарлардың ақсақалдық айла-тәсілдерінен аяққа басылған әйел теңдігі совет заманында толық орнады. Қалыңмал, әмеңгерлік, бірнеше әйел алушылық, барымта, күн сияқты

феодалдық әдет-ғұрыптардың тамырына балта шабылды. Олардың орнына советтік заңдар қабылданды. Х. Ибрагимов ауыл-селоларда, өзбек, тәжік қыстақтарында болып советтік жаңа Заң, Түркстан АССР-нің Конституциясы туралы лекциялар оқып, баяндамалар жасады, тыңдаушылардың ана тілінде әңгімелер өткізді, оны іс жүзіне асыруды ұйымдастырды.

Х. Ибрагимов — Түркстанда лениндік бағытты берік ұстаған табанды коммунистердің бірі. Сондықтан да оған П. А. Кобозев қиын да жауапты жұмыстарды сеніп тапсыратын. 1919 жыл Түркстан Республикасы үшін өте ауыр жыл болды. Ағылшын империалистерінің айдап салуымен буржуазияшыл ұлтшылдар Совет өкіметіне қарсы басмашылық күрес жүргізсе, жұмысшылар мен шаруалар мүддесіне опасыздық жасаған солшыл эсерлер Түркстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Орталық Атқару Комитетінің Кобозев бастаған большевиктік басшылығына опасыздық жасады. Олар «осиповшыл» бандалардың көтерілісін ұйымдастырып, большевиктер партиясының платформасындағы үкімет басшыларын өлтірді. П. А. Кобозевке «мемлекеттік төңкеріс дайындады, Ақтөбе майданын қасақана сәтсіздікке ұшыратты» деген жала жауып, орнынан алып, партиядан шығармақшы болды.

Өлкелік партия комитеті мен Мұсылман бюросының шешімімен П. А. Кобозевтің қауіпсіздігін сақтау Х. Ибрагимовке тапсырылды. Ол Ташкент уездік милиция бастығы Д. Нысанбаевпен (қазір дербес пенсионер) бірге П. А. Кобозевті Қаратау қойнауына жиырма күндей жасырып, партияның IV Төтенше съезіне аман-сау жеткізді. Бұл съезге жергілікті халықтардың өкілі көп қатысқан болатын. Олар Орталық Комитеттің лениндік бағытын ұстаған П. А. Кобозевті жақтап, солшыл-эсерлердің жапқан жаласынан ақтап қалды.


П. А. Кобозев 1936 жылы Өзбек ССР-нің Халық Комиссарлары Советіне жолдаған хатында былай деп жазды: «Түркстан АССР-нің алғашқы Халық Комиссарларының қатарында Хұсайын Ибрагимұлы Ибрагимов болды. Ол РКП(б) мүшесі, Заң Халық Комиссары еді. Оның терең білімділігі, жоғары мәдениеттілігі, орыс және түрік тектес тілдерді жете білетіндігі жергілікті халықтардың арасындағы беделін арттыра түсті. Мемлекеттік істерді шешуді жеңілдетті. Ол «осиповшылардың» опасыздығы, Колузаев, Успенский, Казаковтардың большевиктерге қарсы қастандығы кезінде нағыз табанды революционер, адал коммунист екенін көрсетті. Өлкелік партия комитеті мен Мұсылман бюросының мені құтқару жөніндегі шешімін мүлтіксіз орындады». Одан әрі П. А. Кобозев Өзбекстан үкіметінен оның семьясына, өзіне материалдық және рухани көмек көрсетуді өтінеді. Өйткені бұл кезде Х. Ибрагимов қатты науқас болатын.

Большевик Х. Ибрагимов Ташкент уезінде қызыл партизандар отрядын құрып, Піскентте, Қауыншыда, Телеуде ұялаған контрреволюцияның қалдықтарын, Ферғанадағы басмашылардың жауыздық әрекеттерін басып-жаншуға басшылық жасап, ұйымдастыру қабілетін, жаумен бет-бет келгенде таймас жауынгер екендігін дәлелдеді. Х. Ибрагимовтың Түркстан республикасына сіңірген еңбегінің елеулі екені айтыла келіп, «Орта Азия коммунистік ұйымдарының тарихы» атты Ташкентте 1967 жылы шыққан очеркте былай делінген: «1917—1918 жылдары Орта Азия халықтары арасынан өзбектер Н. Ходжаев, С. Жорабаев, С. Қасымходжаев, қазақтар Т. Рысқұлов, Х. Ибрагимов секілді белсенді советтік кадрлар өсіп шықты».

1919 жылы ноябрь айында Түркстан Өлкелік партия комитеті мен Орталық Атқару Комитеті Х. Ибрагимовке саяси және мемлекеттік маңызы зор жауапты міндет жүктеді. Ол Түркстан делегациясын басқарып, ВЦИК пен Совнаркомға барып экономикалық, саяси және мәдени байланыстар мен өзара көмек жөніндегі мәселелерді шешіп қайтты. Ол Москвадан П. А. Кобозевке жолдаған хатында былай деп жазды: «Аса қадір

тұтатын Петр Алексеевич! Москваға ноябрьдің 16-да келіп түстік. Сіздің тапсырмаларыңызды орындадым. Бүгін, яғни 21 ноябрьде мен үшін алыс, асқақ армандай болған В. И. Ленинді көрдім. Ол съезге келген мұсылман коммунистері өкілдерімен мәжіліс өткізді» (П. А. Кобозев пен Х. Ибрагимовтың жазысқан хаттары Алматыда, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалының партия архивында сақтаулы).

— Осы сапарында Хүсекең көңілі тасып, өте қуанышты оралды, — дейді оның зайыбы Гүлбану әжей, бізге осы бір сарғайған, төртке бүктеліп, қиылған қасиетті қағазды көрсетіп. Онда көсемнің өз қолымен мынадай деп жазылған сөздер бар: «Тов. Хусаин Ибрагимов! т. Х. Ибрагимов!



В. И. Лениннің өз қолымен Х. Ибрагимовке жазған запискасы.

Позвоните мне завтра с 12—4 в Кремль, прямой провод или по городскому. Ленин. 20—25 ноября 1919 г.». Қазір бұл записканың бір данасы Москвадағы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивында сақтаулы тұр. (ф. 2, оп. 1, ед. хр. 25017). Осы сапарында Х. Ибрагимов РКП(б) Орталық Комитеті мүшелерінің съезге келген мұсылман коммунистері өкілдерімен В. И. Ленин өткізген біріккен мәжілісінде, Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Бүкілроссиялық ІІ съезінде сөз сөйлеп, өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салады. Түркстан өлкесінің экономикалық және саяси жағдайын егжей-тегжейлі әңгіме етеді.

Осы жолы ол Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Бүкілроссиялық ІІ, Советтердің VII съездеріне делегат болып қатысады. Ол

съезде сөйлеген сөзінде, мұсылман коммунистерінің Орталық бюросын сайлау кезінде кейбір ұлтшылдық окшауланушылыққа, коммунистік партияның таптық сипатына қайшы келетін діни жағынан топтасуға ауытқыған оғаш пікірлерге қарсы шықты. Х. Ибрагимов: «Бүкіл Россия коммунистеріне партияның VIII съезі программа жасап берді және бір орталықтан басшылық ететін Орталық Комитет сайлады. Сондықтан мұсылман коммунистерінің өз алдына дербес Орталық Комитет құруына қарсымыз» дей келіп, ол бастаған Түркстан делегациясы мұсылман коммунистерінің Орталық Бюросын сайлауға қатыспай шығып кетеді.


Х. Ибрагимов ұлт саясаты жөнінде лениндік бағытты берік ұстайтындығын, нағыз интернационалист екендігін көрсетті. Кейбір ұлтшыл-

дық бағыттағы ауытқушылығы болғанымен Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Бүкіл россиялық II съезінің тарихи маңызы ерекше. Онда В. И. Ленин баяндама жасап, мұсылман коммунистерінің Совет өкіметін құрудағы күресі бүкіл Шығыс халқына үлгі болатынын, коммунистік теория мен практикаға сүйене отырып, жергілікті жағдайды ескеріп, орта ғасырлық байшылдық-феодалдық қалдықтарға қарсы күрес жүргізу қажеті жөнінде келелі міндеттер қойды. Кейіннен Түркстан коммунистік партиясы көсем алға қойған міндеттерді басшылыққа ала отырып күрес майданын қыздыра түсті.

Сол 1919 жылғы 15—16 декабрьде Москвада В. И. Лениннің тапсыруы бойынша Башқұрт, Қазақ және Татар Советтік Республикаларының территориялары жайында мәселе қараған кеңес өткізілді. Осы кеңес жұмысына тоқтай отырып, тарих ғылымының докторы С. Бейсенбаев өзінің «Ленин және Қазақстан» деген кітабында былай деп жазады: «Кеңесті ВЦИК председателі М. И. Калинин, ВЦИК президиум мүшесі М. Ф. Владимирский, РКК Халық комиссарының орынбасары В. А. Аванесов басқарды. Кеңеске Түркстаннан П. Кобозев, Х. Ибрагимов қатысты».

1920 жылдың декабрінен 1923 жылға дейін Х. Ибрагимов Түркстан республикасы Халық Комиссарлары Советінің түрік бөлімінің меңгерушісі, ал 1923—1933 жылдары адвокатура коллегиясында қызмет атқарды. Ол бұрыннан да дiмкес болатын. Денсаулығы нашарлаған ол 1933 жылы төсек тартып жатып калып, ұзақ жылдар емделуде болды. Ауыр наукастан кейін Х. Ибрагимов 1939 жылы 68 жасында дүние салды.

Қазақ халқы Совет өкіметінің алғашқы отты жылдарында тап жауына табандылықпен тапжылмай қарсы тұрған, айнымас лениншіл, жалынды революционер, нағыз интернационалист большевик Хұсайын Ибрагимовтың сіңірген еңбегін ешуақытта ұмытпайды. Оның күреспен өткен өмір жолы жас ұрпаққа үнемі үлгі.



Революция сарбаздары

Х. БАЙМЕНДИН,

А. НҰРҚАНОВ,

тарих ғылымының кандидаттары.

Қазақстан жеріне маркстік лениндік дүниетаным мен ой-пікірдің, революциялық қозғалыстың тарауы және қазақ революционерлерінің өсіп шыңдалуы заңды, объективтік процесс еді. Демек, бұл процестің қайнар бұлағы, өсіп, жетілу жолдары болды. Қазақ даласына марксизм идеяларын алғаш таратушылар да, тұңғыш большевиктік социал-демократиялық ұйымдарды құрушылар да Петербургте, Москва мен Харьковте және Россияның басқа да орталықтарында революциялық қозғалысқа қатысқандығы үшін жер аударылған революционерлер болатын. РСДРП-ның топтары Семейде, Ақмолада, Орал мен Қостанайда, Қазалы мен Түркстанда құрылып, еңбекші бұқара арасында большевизм идеяларын насихаттады. Россия большевиктері өз қатарына жергілікті ұлттың көзі ашық азаматтарын тартып, оларды революциялық жолға мезгелді.

Октябрь революциясы қарсаңында Қазақстанда да большевиктердің еңбекші бұқараны революциялық қозғалысқа тарту процесі бірте-бірте тез қанат жая бастаған еді. Бірінші орыс революциясының тегеуріні және одан кейінгі реакция жылдарында Қазақстандағы революциялық қозғалыс қиын-қыстау сыннан өтіп, социал-демократтардың алғашқы ұйымдары қалыптасып, өз қатарын көбейте берді. Ал жаңа революциялық өрлеу кезеңінде большевиктік топтар басшылық еткен орыс, қазақ жұмысшылары өздерінің ортақ жауына — қанаушы үстем таптарға қарсы күресті қол ұстасып, тізе қоса жүргізді. 1912—1913 жылдары Қостанайға жақын жердегі Қошқар кен өндірісінде, Ембі мен Доссор кәсіпшіліктерінде, Шымкент пен Ақтөбенің кәсіпорындарында жұмысшылар ереуіл жасап, ұйымшылдық көрсетті. Ал кей жерде кәсіп иелері жұмысшылардың ұйымдасқан қозғалысынан ығып, олардың айтқанын істеуге мәжбүр болды.

Бай-феодалдар мен патша отаршылдарының табан астына түсіп, екі жақтан теңкі көрген қазақ шаруалары да жұмысшы табының ізінше бас көтерді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Россия империясының басқа аймақтарындағыдай Қазақстанда да ұлттық-отарлық езгі күшейіп, тап тартысы ерекше шиеленісе түсті. Осы кезде 1916 жылы лап қойған көтерілістің дүбірі ұлан-ғайыр даланы дүр сілкіндірді. Еңбекші бұқараны кеңінен қамтыған бұл жойқын қозғалыстың қозғаушы күші жалшылар мен кедей шаруалар болатын. Осы көтеріліске қазақ жұмысшылары да, қазақтың революциямен ниеті бір демократияшыл интеллигенциясының өкілдері де белсене қатысты. Олардың қатарында Торғай облысында Ә. Жанкелдин мен К. Қайдосов, Ақмола облысында Ә. Майкотов пен С. Сейфуллин, Жетісуда Т. Бокин мен Т. Өтепов, Ж. Бабаев, Орал өңірінде Б. Қаратаев, Ордада С. Мендешев болды. Тегеурінді көтеріліс — халықтың отаршылдық пен феодализмге қарсы өшпенділігінен тұтанды. Қалың бұқараның елді билеп-төстеп отырған бай-манаптармен және болыспраивительдермен қақтығыстары көтеріліс тамырының терең жайылғанын айқын аңғартады. Патша өкіметінің алдында үкідей жалбақтап, құрдай жорғалайтын байлар, әзәзіл молдалар және ұлтшылдық буына күпінген «Алаштың» идеологтары: патша ағзамға қарсы шығуды қойындар, қайта соғысты жеңіспен аяқтау үшін оған көмектесіп, адам беріндер, деп жұртты азғырып, арам терге түсті. Алайда патша өкімшілігі мен бай-феодалдарға қарсы шайқастар үстінде қазақ, орыс халықтарының достығы мен бір-біріне сенімі, қоян-қолтық ынтымағы күшейді. Көтеріліс қазақ еңбекшілерінің қалың бұқарасының алдында патша үкіметі отаршылдарының бет пердесін жұлып алып, алашордашылардың сатқындық әрекеттерін әшкереледі. Сөйтіп, қазақ халқының бұл көтерілісі ұлт-азаттық қозғалысты пролетарлық революциямен ұштасғырудың бастамасы болды.

Патша үкіметі құлаған соң бүкіл Россиядағы сияқты Қазақстанда да қос өкімет орнады. Патшаның чиновниктері, әсерлер, меньшевиктер мен буржуазияшыл ұлтшылдар басқарған буржуазиялық Уақытша үкіметтің жергілікті органдарымен (облыстық және уездік комиссарлар, «атқару комитеттері») бір мезетте жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының Советтері құрылды. Бұл тұста буржуазияшыл ұлтшылдардың сұрқия әрекетін атап өту қажет. Олар ауылдағы кедей шаруаның қараңғылығын, жұмысшылардың аздығын пайдаланып, Советтерге өтіп алды. Онымен қоймай, олар осы Советтерде өздерінің ұлтшылдық арам ниеттерін өткізіп жүрді. Мысалы, 1917 жылдың март-апрелінде Орынбор мен Оралда, Семей мен Верныйда өткен қазақ шаруаларының съездерінде елден келгендердің атын бүркеніп, көпшілік орынды иемденіп алған бай-манаптар ұлтшылдармен бірікті де, Уақытша үкіметті қолдайтын және импе-

риалистік соғысты жүргізе беруді жақтаған шешімдерін зорлап өткізді. Дегенмен съездерде соғыс пен жер мәселесінде жұрт бір пікірге келе алмады. Соған қарамастан, осы съездерде кімнің кім екені, еңбекші бұқараның жоғын жоқтайтындар мен бай-манаптардың, патша чиновниктерінің сөзін сөйлеушілер кім екені айқындалып, кедей шаруаның көзі ашыла бастады. Бұған бұқара үшін күреске шыққан большевиктер де себепкер болды. Соның нәтижесінде съездерде қазақтың көзі ашық демократияшыл интеллигенттері большевиктер жағына шығып, эсерлік-меньшевиктік шешімдерге қарсы дауыс берді. Әсіресе Орал облысында Ә. Әйтнев пен Ғ. Арғыншев, Ақмолада С. Сейфуллин мен Б. Серікбаев, Ордада С. Меңдешев пен Ш. Бекмұхамбетов, Қарқаралыда Н. Нұрмақов сияқты революционерлер кедей шаруалардың біраз тобын большевиктер жағына алып шықты. Уақытша үкімет тұсында халық бұқарасының жер алу, әлеуметтік және ұлттық азаттыққа жету, бейбітшілік алу жайлы үміттері ақталмады, Қазақстан бұрынғыша Россияның отары болып қала берді.

1917 жылдың апрелінде В. И. Ленин шетелден Петербургке қайтып келіп, өзінің атақты Апрель Тезистерін жариялады. Бұл Тезистерде революцияның жаңа өрлеу дәуіріндегі большевиктер партиясының саяси және экономикалық платформасы жасалды. В. И. Ленин буржуазиялық үкіметті құлатып, билікті пролетариат диктатурасына беретін шақ жетті. «Бүкіл өкімет билігі Советтерге берілсін!» деп ұран тастады. В. И. Лениннің Тезистері партияның бүкіл россиялық VII Апрель конференциясының шешімдеріне негіз болды. Тезистер мен конференция шешімдері Қазақстан большевиктеріне тез тарады. Орынбор, Қазалы, Орал, Петропавл, Семей және басқа қалалардың большевиктері Тезистер мен Апрель конференциясының шешімдерін өз жұмыстарының программасы деп білді. Осыларды басшылыққа ала отырып, Қазақстан большевиктері еңбекші бұқара арасындағы саяси жұмысты күшейтті, оларға партияның ұлт мәселесі жөніндегі программасын түсіндірді. Революционерлер партия ұйымдарында да, Советтерде де меньшевиктерден үзілді-кесілді қол үзіп, большевиктік топтар құрды, өздерін лениншілдерміз деп атады. Ал қазақ еңбекшілерінің алдыңғы қатарлы өкілдері мен жұмысшылары большевиктер партиясына мүшелікке кірді. Алдыңғылардың бірі болып партияға жұмысшылар С. Баймұратов, И. Дайырбаев, М. Жанібеков, А. Раджапов, И. Құдайбергенов және басқалар өтті.

Февраль революциясынан соң интеллигенция өкілдерінің бірі сұлтан Б. Каратаев өзінің партияға өту жөніндегі шешімін тұжырымдай келіп, «тек большевиктер партиясы ғана қазақ халқын езгіден аман алып қалатынына көзім жетті», — деп атап көрсеткенді. Қарқаралыдағы «Дала одағының» жетекшісі Н. Нұрмақов былай деп жазды: «Патша үкіметінің табанында тапталып, құл болған халықтарға бостандық пен теңдік алып беретін, олардың адамгершілік ар-ожданын қорғайтын тек большевиктер партиясы екеніне көзім жетті. Сондықтан мен большевик болдым».

Партияға майдан шебіндегі қара жұмыстан қайтып оралған қазақтар да өтті. Бұл кездейсоқ емес-ті. Өйткені майдан шебіндегі қара жұмыстарда болған қазақ жігіттерінің көпшілігі Россияда жүріп, революциялық күрестің мектебінен өтті, большевиктік ұйымдармен байланыс жасады. Олар революцияның ұстазы В. И. Ленин туралы, большевиктер партиясы бастаған Россия жұмысшыларының ерлік күресі туралы хабарды туған ауылдарына ала келді. Сөйтіп, қазақ ауылына революциялық ой-пікір мен қозғалыс рухын таратушылардың бір арнасы осы майдан шебіндегі қара жұмыстан қайтқан жігіттер болды. «Біз ауылға Уақытша үкімет пен алашордашыларға деген кегімізбен коса, кедейлер мен жалшылардың өз алдына ұйымын құру туралы большевиктер партиясының ұрандарын ала келдік, — деп еске түсіреді 1916 жылы майдан шебіндегі қара жұмысқа жіберілген верныйлық жұмысшы Ж. Бабаев. — Орыс пролетариатының Совет өкіметі үшін қаһармандық күресі туралы хабарды да елге жеткізген біздер».

Қазақстанның еңбекші бұқарасын революциялық қозғалысқа жұмылдыру ісіне Россиядағы социалистік революция тікелей ықпал жасады. Бірте-бірте революцияшыл күштер қалыптасты. Жергілікті большевиктік ұйымдар нығайып, партияның шыныққан кадрлары көбейді.

Большевиктердің күшті бір тобы Орынборда қызмет істеді. Олар Торғай облысы еңбекшілерінің арасында жұмыс жүргізді. Орынбор мен Торғайдың, Семейдің большевиктері Орталық Комитетпен байланыс жасап, жұмысшыларды революцияға әзірлеумен болды. Большевиктік топтарды халық пен революция ісіне берілген білікті кісілер басқарды. Ташкент большевиктеріне А. Першин мен Н. Шумилов жетекшілік етсе, Петропавлда К. Сулюшев пен И. Дубинин, Атбасарда Ә. Майкотов, С. Шәріпов, Шымкентте Н. Морозов, Ақтөбеде И. Зинченко басқарған большевиктік топтар бұқара арасында қыруар істерді тындырды. 1917 жылдың жазында Перовск, Верный, Әулиеата, Қостанай қалаларында большевиктік ұйымдар құрылды. РСДРП Орталық Комитетінің жергілікті партия ұйымдарымен байланысы күшейді. Большевиктердің Оралдағы тобының құрамына Д. Романовский, П. Дмитриев, П. Червяков, ал Верный большевиктерінің құрамына С. Журавлев, Л. Емелев, Т. Степов тағы басқалар енді.

Қазақстанның большевиктері қыруар қиындықтарға қарамастан, кәсіпорындарда, ауылдарда, селоларда, қазармаларда түсінік жұмыстарын өрістете отырып, контрреволюциялық Уақытша үкімет пен оның тыңшыларының қастандық саясатының шын мағынасын ашып көрсетіп, революция дұшпандарының арам ниет айла-шарғыларын аяусыз әшкереледі, жұмысшыларды, шаруалар мен солдаттарды социалистік революция жолындағы күреске тығыз топтастырды.

Кәсіподақ қозғалысы өріс алды. Көптеген кәсіпорындарда кәсіподақтар жұмысшыларды біріктірді, бұқарамен тығыз байланыс орнатты. Кәсіподақтар жұмысына жұмысшы комитеттері басшылық жасады. Кейбір қалаларда кәсіподақ ұйымдарын қазақ большевиктері басқарды. Мәселен, Верныйдағы «Қара жұмысшылар одағына» Т. Өтепов, Петропавлдағы «Кіресілер одағына» Г. Ыдырысов жетекшілік жасады. Қазақстан большевиктері өз жұмыстарында жақсы ұйымдасқан және социалистік революцияның жеңісі үшін күрестің алдыңғы сапында келе жатқан темір жолшылар мен өндіріс орындарының жұмысшыларына арқа сүйеді. Большевиктер кәсіподақтар мен Советтердегі меньшевиктерді әшкерелеп отырды. Сонымен бірге большевиктер жұмысшы қозғалысына басшылық жасап, бұқараны Уақытша үкіметтен қол үзуге, саяси талаптар қоюға баулыды. Соның нәтижесінде жұмысшы қозғалысы ұйымдасқан сипат алып, тегеурінді күшке айналды. Доссор кәсіпшілігінде жұмысшылардың және жұмысшы депутаттары жергілікті Советінің талап етуі бойынша 1917 жылғы 1 майдан бастап 8 сағаттық жұмыс күні енгізіліп, жалақы көбейтілді. Петропавлдың, Семейдің және басқа қалалардың бірсыпыра кәсіпорындары да 8 сағаттық жұмысқа көшті. 1917 жылдың көктемінде жұмысшылардың талабы бойынша Риддер темір жолы әкімшілігі түгел қамауға алынды. Сол жылдың жазында Доссор мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысшылар жиналысының шешімі бойынша жұмысшылардың ақысын жеп, қиянат жасағаны үшін кәсіпшіліктің бірнеше қызметкерлері жұмыстан қуылды.

Жұмысшы қозғалысының әсерімен қазақ және орыс шаруаларының революциялық толқулары да күшейді. Шаруалар өз съездерінде помещиктердің, монастырьлар мен шіркеулердің жерлерін конфискациялауды және барлық жерді халыққа бөліп беруді, қазақ жерлерін, су жүйелерін еңбекші шаруалардың қарауына беруді, кедейлерге материалдық көмек көрсетуді өктем түрде талап етті. Бұл тұста Уақытша үкімет пен Құрылтай жиналысынан әлі үміт үзе қоймаған шаруалардың аңқаулығын пайдаланған әсерлер оларды зымияндықпен алдап-арбап, большевиктерге қарсы айдап салмақ болды.

Бірақ халық бұқарасының патша чиновниктері мен жергілікті әкімдерге өшпенділігі күшейе берді. Верный уезінің Малыбай, Қорамсы сияқты болыстарында Тоқаш Бокин өткізген шаруалардың митингілері ауыл әкімдерін таратуды талап етіп, болысты басқарған ірі бай Әбдіресулов пен оның сыбайластарын қамауға алу туралы шешім қабылдады. Осы кезде торғайлықтар Әліби Жанкелдин арқылы Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Атбасар және Қарсақбай большевиктерімен байланыс жасады. Торғайдың өзінде Аманкелді Иманов, Н. Токарев, Қ. Қайдосов жұмысшылар мен кедей шаруалар арасында Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарына қарсы күресті ұйымдастыру үшін келелі жұмыстар жүргізді. Еңбекші қазақтар ұлтшыл буржуазияның түлкі құйрық сатқындық ылаңына қарамастан, патша үкіметі тартып алған шұрайлы жерлерді қайтарып беруді, ұлттық теңдікті талап етті. Павлодар, Өскемен, Қарқаралы, Шымкент аймақтарының қазақтары өздерінің ата мекен құтты қонысын қарудың күшімен қайтарып алып жатты. Бірсыпыра болыстар мен ауылдарда кедейлер байлардан жерді, шұрайлы шабындықтарды тартып алып, болыс бастықтарын қуып жіберді.

Қазақстанның революционер большевиктері қиын-қыстау жағдайда күрес жүргізді. Олар Уақытша үкіметтің әкімшілігіне, ескі отарлық чиновниктерге, бай-манаптарға қарсы ашық күрес жүргізумен бірге Советтерге өтіп алған әсерлер, меньшевиктер сияқты сатқындармен де бітіспес күрес жүргізді. Оның үстіне еңбекші бұқараны буржуазияшыл ұлтшылдардың екіжүзді саясаты мен насихатының уытты ықпалынан құтқару қажет болды. Мұның бәрі революцияның лениншіл солдаттарын шыңдай түсті.

Уақытша үкімет меймөңкені доғарып, революцияға тікелей шабуылға шыққанда, Қазақстан большевиктері қиындыққа төтеп берді, лениндік сара жолдан таймады. Уақытша үкімет орталықта революционерлерді қудалауға көшкенде оның шет аймақтағы өкілдері де революцияны қанға тұншықтырмақ болды. Лепсі еңбекшілерінің Уақытша үкіметке қарсы аттанысы мейрімсіз жанышталып тасталды. Оның басшылары З. К. Дегтярев, Ф. Е. Черкашин сынды революционерлер айуандықпен өлтірілді. 1916 жылғы көтеріліске қатысқан, ал кейін еліне қайтқан босқындардан қанды кек алу тоқтатылған жоқ.

Ал ұлтшылдар контрреволюцияның тізгінін өз қолына алуға тырысты. 1917 жылғы 21—28 июльде алашордашылар атышулы «Бүкілкіргиздік съезд» өткізіп, онда «Алаштың» басшы органдарын сайлады, оның саяси платформасын қабылдады. Алашордашылар Уақытша үкімет органдарының Қазақстандағы тұтқалы орындарына отырып алды. Шетел империалистерімен ауыз жаласып, пантүркизм мен панисламизмнің контрреволюциялық ұрандарын таратып, еңбекшілерді қатал қанаушылық пен отарлық езгіге, экономика мен мәдени мешегулікке итермелеген алашордашылар қазақ халқының қас жауы еді.

Қазақстанның большевиктері VI съездің директивалары мен В. И. Лениннің нұсқауларын орындай отырып, партияның Орталық Комитетінің басшылығымен бұқараны большевиктік ұрандар төңірегіне топтастыру және қарулы көтеріліске күш жинау жұмыстарын кең өрістетті. Советтерде, жұмысшылар мен солдаттар арасында большевиктердің ықпалы арта түсті. Петропавл маңындағы 33-ші полктің солдаттары майданға әскер алып бара жатқан эшелондар келіп тоқтаған кезде: «Буржуазиялық үкімет жойылсын! Қеренский жойылсын!» деген ұрандар көтеріп шықты.

Большевик қазақтар, қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері болыстар мен ауылдарға шығып, еңбекшілердің митингілерінде, жиналыстарында сөз сөйлеп, саяси оқиғалардың мән-жайын түсіндірді. Аманкелді Иманов дүйім жұрт бас қосқан жиындарда: «Қазақ халқының тағдыры большевиктердің жеңісіне байланысты. Сондықтан біз орыс большевиктеріне аянбай көмек көрсетуіміз керек» деген пікірін талай рет қайталап айтты.

Әліби Жанкелдин еңбекшілер алдында сөйлеген сөзінде: «Уақытша үкімет — уақытша нәрсе. Ерте ме, кеш пе, нағыз пролетарлық революция жеңіске жетіп, халықтық өкімет орнайды», деді. Бірғыз уезінің бірнеше болысындағы қазақ еңбекшілері оның әңгімесін ықылас қоя тындады, дүрбелең дәуірдегі саяси жағдайды шынайы түсіндіріп бергені үшін оған ризалық білдірді. Верный уезінің ауылдары мен қыстақтарында бұқараға партия саясатын түсіндіруде көптеген жұмыс жүргізген ұйғыр халқының ардагер ұлы А. Розыбақиевтың да еңбегі зор.

Большевиктер Орынбор, Перовск және Петропавл Совдептерінде басшы орындарды алғаннан кейін, революциялық қозғалыс бұрынғыдан да кең өріс алды. Уақытша үкіметке сенімсіздік білдіріп, оған бағынудан бас тартқан, жер мен бітім мәселесін жедел шешуді талап еткен халық үні барған сайын өктем естілді.

«Киргиздардың өкіметті мойындамауы, — деп жазды бұл туралы Уақытша үкіметтің Атбасар уездік комиссары, — большевиктердің үгітінен болып отыр». 1917 жылдың апрелінде Семей облысы шаруаларының қазақ ауылдарының өкілдері қатысқан съезі өкімет билігін Советтердің қолына беру қажеттігі жайлы қаулы шығарды. Көп ұзамай-ақ Уақытша үкіметтің Қазақстандағы органдары тірегінен айырылды.

Верный, Әулиеата, Петропавл және басқа қалалардағы большевиктер бастаған халық бұқарасының дүркін-дүркін жаппай толқулары Уақытша үкіметтің зәресін алды. Халық қозғалысын басып тастауға енді оның мұршасы болған жоқ.

1917 жылғы октябрь қарулы көтерілісі тарихи жеңіске жетті. Большевиктер партиясы, В. И. Ленин: Уақытша үкімет құлады, билік пролетариат диктатурасының қолына көшті деп жариялады. Адамзат тарихында жана заман — капитализмнен социализмге өту заманы басталды.

Совет өкіметі 1917 жылдың 2(15) ноябріндегі «Россия халықтары праволарының декларациясында», 1917 жылдың 20 ноябрінде (3 декабрь) жариялаған «Россия мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне үндеуінде», сондай-ақ Советтердің Бүкіл-россиялық Үшінші съезінде қабылданған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясында» Совет мемлекетінің ұлттық саясатын бүкіл әлемге паш етті. Бұл тарихи документтерде Россияның бостандыққа қолы жеткен халықтарының негізгі праволары атап көрсетілді. Мұның бәрі патшалық Россияның тепкісінде қорлық көрген халықтардың әділетті ісі өрге баса беретіндігіне сенімді күшейтті. Совет өкіметінің еліміздің ұлан-байтақ территориясына тез таралуының үлкен бір себебі осы еді.

Қазақ еңбекшілері большевиктер партиясы мен Совет өкіметінің саясатын шексіз қуанышпен қарсы алды. Торғай еңбекшілерінің және Ақтөбе мен Қостанай большевиктері өкілдерінің митингісінде сөйлеген сөзінде Аманкелді Иманов: «Сіздерді пролетар революциясының жеңісімен құттықтаймын, Уақытша үкіметтің жергілікті жерлердегі өкіметін қарудың күшімен құлатуға шақырамын. Уақытша үкіметтің комиссары Ә. Бөкейхановты орнынан түсіріп, Торғайды азат етуді талап етемін», — деді. Большевиктер партиясының басшылығымен 1917 жылдың октябрінен 1918 жылдың мартына дейін өлкенің барлық жерінде Совет өкіметі орнады.

Қазақстан қалаларында Совет өкіметінің орнауы қазақ ауылында жеңіске жол ашты. Сөйтіп, 1918 жылғы 28 майда Торғай облыстық атқару комитетінің председателі Ә. Жанкелдин Москваға: уездік Советтер Қостанай, Ақтөбе, Бірғыз, Торғай қалаларында, ал болыстық Советтер — облыстың барлық болыстарында ұйымдастырылды деп хабарлады.

Қазақ халқы бүкіл совет халқымен бірге Октябрь жеңістерін ішкі және сыртқы жаулардан қорғап қалды. Азамат соғысы аяқталысымен-ақ қазақ жерінде РСФСР-дің құрамындағы Қазақ Автономиялы Республикасы құрылды. Ал 1936 жылы ол одақтас республика болып отау тікті.

Ұлы Октябрь революциясы бостандық алып берген қазақ халқы Коммунистік партияның, Совет үкіметінің кемеңгер басшылығы арқасында тарихи қысқа мерзім ішінде экономика мен мәдениет саласында таңғажайып табыстарға ие болды. Бұған революция сарбаздарының, партияның адал ұлдарының зор үлес қосқаны барша жұртқа аян.



Орда үстіндегі ту

А. БІЛӘЛИЕВ

ТУ КӨТЕРІП, семсер ұстаған жауынгер алға аттаған қалпында биік тас тұғырдан күн шапағына қасқая қарап тұр. Алдында алынбайтын қамал жоқ сияқты. Болашақ заманалардың зәулім биігіне батыл көз жібергендей. Азамат соғысының ардагерлеріне арналған Ордадағы осынау ескерткіш қасынан өткен сайын еріксіз ойға қаласың. Туған елінің туын көтерген көптеген абзал жанды азаматтардың, партия перзенттерінің есімдері еске түседі. Бір кезде Астрахань губерниясына қарайтын Бөкей облысының орталығы, хан ордасы болған бұл аймақ Ұлы Октябрь революциясының алғашқы жылдарындағы және одан соңғы тар жол, тайғақ кешу кезеңдеріндегі талай тарихи тартыстар мен қиян-кескі күрестердің куәсі.

Әсіресе, Россияда патша өкіметі құлағаннан кейін Ордада ерекше жағдай туды. Мұнда қазақ, татар, орыс кедейлері, жұмысшылар, қызметшілер және шағын гарнизон солдаттарының өкілдері қатысқан жиналыста Хан ордасы атқару комитеті атты халықтық өкімет органы сайланды. Ал Уақытша үкіметті жақтаушылар осы тұста өздерінің «жалпықазақтық съезд» деп аталған жиынында алашордашылар басқарған орталық атқару комитетін құрды. Еңбекші бұқараны екі жаққа тартқан екі комитеттің көздеген мақсат-мүдделері бір-біріне кереғар болғанымен, жұрт алғашқы кезде шындықтың кім жағында екенін айқын түсіне қойған жоқ. Бірақ Уақытша үкіметтің Астрахань губерниялық комиссарының қолшоқпары болған орталық атқару комитетінің әрекеті кешікпей-ақ әшкереленді. Себебі, ол еңбекшілер үшін негізгі көкейтесті мәселені — жер мәселесін шеше алмады. Шұрайлы шабындықтар мен шөбі шүйгін, суы мол жайылымдар бұрынғысынша байлардың қолында қала берді. Сөйтіп ұлтшылдардың лепірме ұраны халықтың басын айналдыратын алдамшы сөз екендігіне жұрттың көзі жетті. Ал Хан ордасы атқару комитетіне арқа сүйеген жерсіз және жері аз малшы қазақтар байлардың егістік, шабындық және жайылымдық жерлерін тартып ала бастады.

Ордадағы Хан ордасы атқару комитетінің мүшелері мен Бөкей облысының болыстары және уездері өкілдерінің 1917 жылғы 1(14) декабрьдегі кеңесінде капиталистердің, феодалдар мен байлардың өкіметін құлату, Совет өкіметін орнату туралы мәселе талқыланды. Кеңеске Астраханьның большевиктік ұйымы мен Советінің өкілдері де қатысты. Келесі күні көп адам жиналған митинг осы кеңестің буржуазиялық ұлтшыл орталық атқару комитетін тарату туралы қаулысын қолдады және Бөкей ордасының революциялық комитетін құрды.

Ордадағы тұңғыш партия ұясы Советтердің бірінші съезін өткізуге әзірлік кезінде 1918 жылдың көктемінде Астраханьнан, Москва мен Петроградтан келген коммунистер есебінен құрылды. Советтердің Бөкей облыстық тұңғыш съезінде (1918 жылдың 1(14) апрелінде) Совет атқару комитетінің председателдігіне 1908 жылдан РСДРП мүшесі С. П. Милютин сайланды. Ал коммунистердің 1918 жылдың 18 декабріндегі жалпы қалалық бірінші жиналысында бүкіл Бөкей облысы үшін партиялық орталық ұйым болған қалалық комитет сайланды. Партия, совет ұйымдары еңбекшілер арасында зор насихат жұмыстарын жүргізіп, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің саясатын түсіндірді, еңбекші халықты Совет өкіметін қорғауға және нығайтуға жұмылдырды.

РКП(б) Орда комитеті жергілікті қазақ еңбекшілерінен таңдаулы адамдарды партия қатарына алу жөнінде зор жұмыс жүргізді. Таловка, Новая Казанка, Шоқай, Сайхын, Жәнібек және басқа да елді мекендерге үгітші-ұйымдастырушылар жіберілді.

Үгіт-түсінік жұмыстарының нәтижесінде кешікпей қазақ жалшылары мен кедейлері, сондай-ақ алдыңғы қатарлы интеллигенттер партия қатарына кіре бастады. Ағайынды Иван мен Ефим Панченконың партизан отрядына қатысушы, жалшы Тасболат Сексенбаев, кейін РКП(б) Орталық Комитетінің Бөкей губерниясындағы ұйымдастырушысы болып жұмыс істеген Серікқали Жақыпов, қазақтың тұңғыш үлгілі атты әскер полкінің болашақ комиссары, мұғалім Бисен Жәнекешев 1917 жылы партияға өтті.

1919 жылы коммунистердің қатары едәуір өсті. Ленин партиясының қатарына таңдаулылардың таңдаулылары, Совет өкіметін белсенді қорғаушылар өтті. Сол жылы августа Бөкей даласында Совет өкіметін орнатушылардың бірі, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш председатели Сейтқали Меңдешев РКП(б) мүшелігіне алынды. Бұл туралы РКП(б) Орда комитеті өзінің қаулысында: «Меңдешев жолдас патша үкіметі тұсында пролетариаттың пайдасына жұмыс істегендіктен және қазіргі революциялық кезеңде пролетариаттың жеңістері күзетінде берік тұрғандықтан партия мүшелігіне алынсын»—деп жазды. Сол тұста партия қатарына қабылданғандар арасында Ғабит Сарыбаев, Жұмағали Ізбасаров, Ғұмар Қарашев, Хамит Чурин және Бөкей даласында Совет өкіметін орнатуға белсенді қатысқан басқа да большевиктер бар.

Сол жылы партия қатарына өткен Алма Оразбаева Шығыс әйелдері арасынан шыққан тұңғыш коммунист еді. Республиканың ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген Алма РКП(б)-нің XI, XII және XIII съездеріне, Коминтерннің III конгресіне делегат болып қатысты. Алма Қазақстан мен Орта Азия әйелдерін күндіктен құтқаруға көп күш жұмсағандардың бірі. РКП(б) қатарына 1920 жылы өткен Мәдина Бегалиева Бөкей және Орда губерниялық партия комитеттерінің әйелдер бөлімін басқарды, онан кейін Москвадағы өнеркәсіп академиясында оқып, инженер-металлург мамандығын алып шықты.

Орда коммунистері Совет өкіметі орнатылған алғашқы күннен бастап халықты қаруландыруға қажеттің бәрін істеді. Барлық коммунистер мен комсомолецтер алғашқы дабыл бойынша белгілі орынға жиналатын болды. Ірі елді пункттерде қызылгвардияшылар отрядтары құрылды. Күшті әскери бөлім құруға әзірлік жүргізілді. Себебі Орал майданына жақын жатқан, ақгвардияшылар қоршауындағы Бөкей даласының елді мекендеріне ақказак әскер бөлімшелері жиі шабуыл жасап, партия, совет, комсомол қызметкерлерін аяусыз жазалады, халықты тонап, жәбірледі. Жергілікті Совет пен қарулы отрядтың жетекшісі большевик Иван Панченко бастаған совет активистерінің үлкен бір тобы жендеттердің қолынан қаза тапты. Інісінің орнына ақгвардияшылармен айқасқа шыққан Ефим Панченконың партизан отряды Совет өкіметінің дұшпандарымен күресте зор роль атқарды.

Полктерді сенімді командирлермен, саяси қызметкерлермен толықтыру үшін большевиктік ұйымдар, коммунистер қажетті жағдайдың бәрін жасап, басқаларды өз өнегелерімен жігерлендірді. РКП(б) Орталық Комитеті ордалықтардың өтінішіне орай Бөкей даласына командирлер жіберді. Барлық коммунистер мен комсомолецтер құрылып жатқан атты әскер полкінің бөлімшелеріне өз еріктерімен кірді. Алғашқы жас жауынгерлердің арасында комсомолецтер: ағайынды Нұрсұлтан және Зейнолла Бекетовтар, Құсайын Ишанов, Ғусман Әзірбаев, Хамит Чурин, Алма Оразбаева және басқалары болды. Совет Армиясының белгілі генералы Шәкір Жексенбаев та осы полкте шынығып, үлкен өмірге — әскери қайраткерлікке жолдама алды. Полктерді ұйымдастырушылар мен қызыл жауынгерлерді тәрбиелеушілердің бәрі де коммунистер еді. РКП(б) мүшесі Бисен Жәнекешев ауылдар мен

селоларды аралап, полктерге 300-ден астам еріктілер жинады. Ол қазақтың тұңғыш атты әскер полкінің, ал жас коммунист Ғабит Сарыбаев — екінші полктің комиссарлығына тағайындалды. 1919 жылдың өзінде алғашқы атты әскер полкі елеулі жауынгерлік күшке айналды. Полк жауынгерлері Бөкей өңірін контрреволюцияшыл баскесерлерден азат етті.

Қызыл Армия Колчак жеңдеттерімен жойқын ұрыс жүргізіп жатқан кезде, 1919 жылдың июнінде Ордада шақырылған Советтердің Бөкей облыстық III съезінің делегаттары қазақ еңбекшілері Совет өкіметін қасықтай қаны қалғанға дейін қорғайды деп мәлімдеді.

1919 жылғы июльдің басында қазақтың тұңғыш атты әскер полкіне Шығыс майданының Оңтүстік әскер тобы Революциялық-әскери Советінің мүшесі В. В. Куйбышевтің келуі жауынгерлердің рухын көтерді. Ол партиялық-саяси жұмыстардың жайымен танысып, жауынгерлердің әзірлігіне ерекше көңіл бөлді. Полктің майдандағы Қызыл Армия қатарына қосылуына өзінің келісімін берді. Кешікпей полк майданның Орал учаскесіне жөнелтіліп, Чапаев дивизиясының құрамына қосылды. Ақгвардияшыларға қарсы жанқиярлықпен шайқасқаны үшін оған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрметті награды — Қызыл ту тапсырылды. Қазақтың атты әскер полкінің қызыл жауынгерлері төртінші армияның құрамында шайқасып, Орал майданында ақгвардияшылар мен алашордашылардың біріккен күштерін талқандауда үлкен көмек көрсетті.

Қызыл Армияның 1920 жылғы Орал маңындағы жеңісі нәтижесінде ақказактардың соңғы тірегі Гурьев қаласы азат етілді. Бөкей коммунистері облыстық тұңғыш конференцияға әзірленді. 1920 жылдың 17 февралінде шешуші дауыспен 40 делегат қатысқан осы конференцияны қарт большевик С. П. Милютин қысқаша сөз сөйлеп ашты. Конференцияның құрметті председателдігіне В. И. Ленин бірауыздан сайланды. Лениннің атына құттықтау телеграмма жіберілді. Ал сол жылы июньде өткен губерниялық екінші партия конференциясында РКП(б) IX съезінің жұмысы туралы баяндама тыңдалды.

Бүкіл Қазақстан сияқты Бөкей губерниясының еңбекшілері Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру туралы 1920 жылғы августа жарияланған лениндік декретті қуанышпен қарсы алды.

Осы жылдары Ордадағы партия ұйымдарының қатары онан әрі өскендігін 1920 жылғы майда болған губерниялық төртінші партия конференциясының деректері айқын дәлелдейді. Губерниялық партия ұйымында 61 ұяға біріккен 292 партия мүшесі мен 644 мүшелікке кандидат, 20 болыстық және 5 уездік комитет жұмыс істеді.

Совет өкіметін онан әрі нығайту, ұлт мәселесін дұрыс түсіндіру, азамат соғысында күйзелген ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, бандитизмге қарсы күресу мәселелерімен қатар Бөкей губерниясының коммунистері әйелдер арасындағы жұмысқа ерекше назар аударды. 1921 жылдың июнінде Ордада өткізілген қазақ әйелдерінің бірінші конференциясының делегаттары әйелдерді күңдіктен құтқару, қалың мал мен көп әйел алуға тыйым салу мәселелерін талқылады. Сонымен қатар конференцияда әйелдерді совет және партия жұмысына белсенді қатыстыру, олардың балаларды коммунистік идея рухында тәрбиелеудегі ролін күшейту туралы айтылды.

Бөкей даласында Совет өкіметін орнату мен нығайтудағы, Коммунистік партияның алғашқы ұяларын ұйымдастырудағы Орда большевиктерінің және олардың айбынды штабы — РКП(б) Орда комитетінің осынау қыруар еңбегін, атқарған маңызды ролін Қазақстан еңбекшілері әр қашан құрметпен еске алады.

А Л Т Ы Н А Д А М

III. ЕСМҰРЗАЕВ

БАЛДЫРҒАНТӨР. Көкорай шалғыны белуардан, хош иісті жұпары көкіректі жарған сазды жазық жаныңа кең жазирадай әсер етеді. Айнала маужыраған тау. Төбеде күн күліп, албыраған аспан тұр. Он жақта асқар шыңдардан ағындай құлап, ақ көбік болып Талғар жатыр. Өзен аңғарынан жанға сая салқын самал еседі. Сол жақта маңа Талғардан қарағанда тәңірідей болып төкаппар көрінген Құрттыкөл тауы тұр. Теріскейінде сыңсыған шыршасы мен сүмбіл аршасы болмаса да маңғаз көсіліп, көкке қарай керіле түскен.

Төңірек тола мал. Қоралы қой, ақтылы сиыр, үйірлі жылқы жазыла жайылып жүр. Көкке өрлеген қия-қия құздар, көк мұзартты шыңдар көп сырды қойнына көмкергендей міз бақпайды, тіл қатпайды. Өз биігіне паңданған тау менменсі қарайтын секілді жұртқа. Тап осы арада, тау етегінде тұрғанда ойыңа Қасымның:

Биіксін Талғар тамаша
Тұрсын көкпен таласа.
Әйтең ғана бауырыңда
Адамдар бар аласа, —

деген әзіл шумағы оралады. Көңіл қалған біреуге қағытпа үшін жалма-жан айта салған ақын шумағының соңғы екі жолын қалжың деп қарасақ, қашанда Талғар қойнауы күт берекеге, бауыры ойы биік, өресі жоғары еңбек батырларына толы болып келеді. Қазірде Талғар шыңының ара-арасындағы жазықтар осы ауданның мыңғырған малын бағатын жаз жайлауы.

— Мына тұрған Құрттыкөл тауын жарау атпен кесіп өтер болсаңыз, тура «Алматы» колхозы малшыларының үстінен түсесіз, — деді Талғар аудандық партия комитетінің екінші секретары Б. Тұрысжанов жүрер жолды сілтеп. Іздеген кісің қияда жүрсе, тасқа өрлемеі не етерсің. Секретарь ақылын тыңдауға тура келді.

Қолында ұзын сырығы бар, торы атпенен желіп бара жатқан сиыршыны Желдікезең қиясынан шалып қалдық. Әлгінде ғана Ақбастаудың етегінде қой тас үстінде үнсіз мүлгіп отырған Алпысбай енді жаңа бір жігер біткендей, атқа қона салып желіп барады. Бақсақ таңғы самалда жайылған сиырдың алды ұзаққырап Желдікезеңге жетіп те үлгерген екен.

Тауды жаңғырықтыра «эк, әкі!» деп қиқулаған ол екі жүз сиырдың алдын еңіске қарай, ферма бетке бұрған соң барып қана жаңына жақындап қалған біздерді байқап, саят етті. Амандықтан соң колхоз басшыларына үн қатқан ол:

— Енді фермаға қарай ойыспасак болмайды. Оған жеткенше де біраз уақыт. Кейбір сиырлардың желіні де сыздай бастайтын шағы тақады, — деп үйреншікті әдетінше алдындағы сиырларды көзбен шолып тұрды ол. Шынында бақташы даусынан кері қайтқан біраз сиырдың желіні жер сызып жүр. Мал екеш мал да, күндегі дағдысынша «осы тойғанымызда жетер» дегендей сүйір тілімен қою шалғынды еріне шалып фермаға қарай беттеп барады.

Былтыр Талғар ауданы сүт саууда республика бойынша бірінші орынға шықты. Ал аудан ішінде «Алматы» колхозы топ жарып, бәйге бастап отырды. Өткен жылы колхоз бойынша әр сиырдан 2900 килограмнан сүт сауылса, биылғы жарты жылдықта әр сиырдан 3700 килограмнан сүт сауылды. Колхозда сүт бұлағының бұлайша тасқындай ағуына Алпысбай Қуанышев секілді тәжірибелі сиыршының қосқан сыбағасы сүбелі. Малшылар қауымы атқарған еселі еңбектің жемісі ретінде шаруашылық бойынша 200 адамның лениндік мерекелік медальға ие болып, ал колхоздың өзі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің, Қазақстан Кәсіподақтары Советінің Құрмет грамотасымен наградталғанын айтса да жеткілікті.

Ат үстіндегі әңгіме мал маңынан алысқа ұзаған жоқ. Бақташының көңігі көзі қай сиырға түсіп кетсе сол сиырдың қашан қашқаны, бұзаулағаны, қанша сүт беретіні жайлы, алдыңғы жылғы боранды қыстан колхоз сиырының ешбір өлім-жітімсіз дін аман шыққаны жөніндегі әңгіме жалғаса берді, жалғаса берді. Тіпті торы атқа жараса жайғасып отырған бұл кісі мал бағудан басқа нәрсені білмейтіндей. Осы малды өңірден өзге жаққа бұрылмаған, соғыстың Доннан басталған сұрапыл соқпағын жаяу шиырлап Берлинге бармаған адамдай. Ол алдындағы сиырын қайырып, таң сәрідегі әсем табиғатқа тамашалай қарап, самал ауасымен сіміре дем алғанда жаны жусал, бойы балқып, ойы өрістегендей. Малдан басқа дүние ұмыт болғандай. Ал біздің ынтызар болып келе жатқан нәрсемізден ол мүлдем бейхабар.

— Әлесе, жолаушы балалар, былтыр алған үш Қызыл Жұлдыз және Ленин ордендерінің жайын білгісі келеді, — деп салды ферма меңгерушісі бір сәтте. Манадан бері ауыз жимай әңгіме айтып келе жатқан адам томсырап қалды. Оның күн қакты, әжімді

жүзі аяз қарып өткендей сұстанып кетті. Күлім қаққан қой көздер шиырығып, кенеттен бұйрық естіген жауынгердей тас түйін бола қалды. Әлде сон ол кезерген ердің бір жалап қалып:

— Шырақтарым, соғыс атты апаттың ауыртпалығын басқа бере көрмесін, оның жолын аулақ етсін, — деп күрсінді. Біздің тілегіміз оның жүрегінің түкпірінде «еш уақытта еске алмай-ақ қояйыншы» деп жабулы жатқан жараны тырнап кеткендей еді.

— Айт десеңдер, айтамын ғой бар жайды. Бірақ аттың жалы, атанның қомында дегендей, жер тар болмаса. Өткенді өзім де көп ойланып, көп толғанып, есіме енді-енді түсіріп жүргенім, — деді ол ішкісі толқуын баса алмай.

...Бұтақтары майыса иілген алма ағашының арасынан шыға келген Алпысбай «колхозшының халі қашанда жаман болмаған» деп жүре сөйлей қарсы алды. Жеміл киінген ол жедел басып бақ ішіндегі жасаулы дастарханға бастап барады. Төрт бөлмелі еңселі ақ үйдің алма бағы да кең. Аңадай жерде өз алдына отау боп монша үйі тұр. Айнала теңселе жайқалған гүл. Арықта қаусар суындай мөлдіреп бұлақ суы тыпымсыз сылдыр қағып жатыр.

Әлбетте адамға өткен нәрсенің бәрін бірдей еске түсіре берудің оңайға соқпайтыны секілді Алпысбай да өз өмір жолын айтпас бұрын күрт түйіліп көп отырды. Оңсызда жыл өткен сайын шашы қуалай кеңіп бара жатқан маңдай төбесін әлсін-әлі сипалай береді. Біздің қолымызда иесіне соғыс сұрапылы басылғаннан соң 24 жылдан кейін ғана табыс етілген төрт бірдей орденнің су жаңа кітапшалары. Онда ордендер ғана тіркеулі, басқа сыр жоқ. Ол сырды осы отырған кешегі тарихта өткен ең бір қырғынды қиян-қоскінің куәсі Қуанышевтің өзі айтпаса ешкім де білмек емес.

Шешесінен туа, әкесінен ес білмей жетім қалған Алпысбайды жама ағайындары 7—8 жасқа дейін асырайды да күн көрісі қиын болған соң 30-шы жылдары балалар үйіне өткізіп жібереді. Алдымен Аякөзден басталған сол сапар Алматы, Қаскелең, Семей, Барнаулға дейін барады. 1942 жылдың ақпан-февраль айында жиырмаға толмаған жас жігіт Алтай өлкесінің Рубцов балалар үйінен майданға аттанады.

Біраз уақыт жаттығуда, оқуда болған ол 8 армияның 79 дивизиясындағы 227 полктің 3 батальонының 5 ротасында атқыш автоматчик болып майданға кіреді. Ол алғаш шайқасқа Украина жерінде, Дон маңайында енген екен. Содан басталған жорық жолдары оны жауыздар ордасы Берлинге дейін апарды. Берлин көшесінде бір ай соғысқан ол сол жерде қанды майдан шеруін 1945 жылғы 2 май күні жеңіспен аяқтайды да. — Бар оғымызды аспанға атып, бір-бірімізді құшақтап сүйіп, жылап та алғанымыз ешуақытта естен кетпейді, — деді ол. Әлекең әңгіме осымен тәмамдалды дегендей сыңай білдіріп, қонакасы жағына көбірек көңіл бөліп отырды. Қай орденді қандай ерлігі үшін алды екен деп ынтыға күткен бізге шертілер сыр шорт кесілгендей боп қалды.

Майдан жайы оның жауынгеріне ғана мәлім. Мұндайда суыртпақтап сұрай бергеннің залалы жоқ. Осыдан 25 жыл бұрынғыны түгел, 25 күн бұрынғыны ұмытып қалатын кісілер де кездеседі. Бірақ өлім мен өмір белдескен соғыс сұры бір басқа. Мұнда күйінді шабуылдар, күйінішті шегіністер, ауыр жаракаттар кезін еске алғанда көп нәрселер ойға оралуы ықтимал. Солай болды да. Өжет мінездің бір қыры ашылып та қалғандай еді. Сабыр сақтап ұзақ отырған Әлекең кенет:

— Қашанда қорқаққа алда ажал, артта өмір бардай көрінеді. Бұл жаңсақ түсінік, жалған сезім. Біз кешкен майдан өмірі батылға алда өмір, артта кейінгіге аңыз боп жетер ерлік қалатынын көрсетті, — деп салды. Дәл айтты, тауып айтты.

— Соғыста жүрген солдатқа наградтар туралы ой қолмейді. Оның есі-дерті қалайда зұлым жауды жанғыштап, дұшпаныңды құрту болады. Сен оны жоймасаң, ол сені өлтіреді. Күліңді көкке ұшырады, елінің елдігін халқыңның намысын таптады. Тажал болып тиген дұшпан дегеніне жетпей тоқтамайды. Отан үшін отқа түсетін азаматтар сонда қажет. Қолқалап қоймадыңдар ғой, жадымда сақталған жайларды айтайын, өздерің жүйелеп аларсындар. Ана орден, мына ерлік үшін берілген еді деп айта алмаймын, өйткені оны өзім де білмеймін. Төрт бірдей орденді 24 жылдан кейін тапсырғанда өзім де сасып қалдым. Жауынгерінің еңбегін ұмытпаған Отаныма, Коммунистік партияға мың да бір рахмет, — деп қойды кешегі солдат.

...1943 жыл. Шілде. Лып етер жел жоқ, күн аңызак. Ерсілі-қарсылы атылған зеңбірек снарядынан дүниенің ойран-боткасы шыққан. Қираған техника, өрт шалған дала. Дон өзенінен алыстап кеткен шак. Арпалыса жүріп мұздай құрыш құрсаңған жаудың бетін тойтарғанбыз. Зәре-құты қалмаған дұшпанды түре қуып бара жатқан бір кез. Аздаған толас арасында барлаушылар алда Голая Долина деген село барын анықтады. Немістер енді шегінбестей берік бекініс жасап, шабуылдап келе жатқан бізді тосқан тәрізді. Бақсақ бұл маңда ауыз су жоқ екен. Жалғыз құдық жау қолында. Бәрінен бұрын шөл шыдатпай барады. Қалайда құдықты алмай болмайды.

Командирлер шешімі де солай болса керек. Іріктеп-іріктеп 150 жауынгерден жасақ құрылды. Алда тұрған міндет — құдықты алу екені түсіндірілді. Жай-жапсарды толық анықтағаннан кейін шабуылға шықтық. Бекініп алған жау құдық маңайына жолатар емес. Екі жақтан да оқ қарша борап тұр. Бірер шабуылымыз сәтсіз болып шегінуге мәжбүр болдық. Қарға адым жер үшін қан төгіп жатырмыз. Сол күні бес рет шабуылға шықтық. Ақыры жауды тықсырып құдықты алдық та. Сол құдық үшін болған ұрыста 150 адамнан 7 кісі ғана аман қалдық.

Тас шегенді құдықтан бір-бір табакша суды сіміре салып, жауды өкшедей түстік. Селсенді аларда мен сол нығымнан жараландым. Ентелеп келе жатқанда екпетімнен

түскенімді білемін. Есімді жисам ақ төсекте жатыр екенмін. Содан төрт ай госпитальда емделдім.

Біздің қолымызда орден кітапшасы. Онда Қуанышевке Қызыл Жұлдыз ордені 1943 жылғы 2 июньде берілгені жазылған. Бұл, сірә, бірінші орден болса керек.

Қанды майданың қаһарлы көріністерін еріксіз еске түсірген жауынгер бір сәт үнемі қалды. Бәлкім ол ер басына түскен қиын-қыстау кезеңде қаза тапқан жолдас-жораларын жадына алып отырған шығар. Тастысайдан самал соқты. Жел ырғаған бір алма сабағынан үзіліп дастарханға түсті. Селт еткен Әлекең оны алақанына сала отырып, үзілген әңгімесін жалғастырды.

— Госпитальда төрт ай жаттым. Жазылысымен өз бөліміме сұранып бардым. Сол бетте біз Запорожьені, Одессаны жаудан тазартуға қатыстық. Тағы бір есіме түсіп отырған жай мынау. Одессаны алған бағытта біз Бессарабияға дейін бардық. Бессарабияны босату керек деген бұйрық келді артымыздан. Енді біз соның қамына кірістік. Шабуылдап бара жатқан жолда алдымыздан өзен кезікті де жол байлау болды. Бірнеше күн кідіріп қалдық. Өзеннің арғы жарқабағына орналасып алған жау зенбірегі жаяу әскерді манайлатар емес. Оның үстіне біз жақ еміс. Сәл қимылдасақ жау снарядтары бұршақша төгіледі.

Өзеннен күндіз өтудің ешбір реті келмеді. Ендігі шабуыл түнге қалдырылды. Иә, сол бір жолғы азаптың ауыртпалығы басым еді-ау. Ымырт үйіріле немістер өзен үстін айқыш-ұйқыш от жарыққа бөлеп жібереді. Жарқырауық оқпен өзен үстін үнемі төлеп жатады. Сескенбей де қалмайсың. Әйткенмен көз қорқақ, қол батыр. Түн ортасында 12 қайық суға түсірілді. Әрқайықта 10—11 адамнан. Мұны сезіп қалған немістер өзен суын оқпен сапырды. Арғы бетке аман шыққан үш-ақ қайық болды. Мен мінген қайық жағаға жете бергенде жарықшақ тиіп төңкеріліп кетті. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей, жан тәсілім етіп сол қолымды сермеп қалғанда солдат шинелінің шалғайы іліккені. Он қолда автомат. Тұншығып үлгергенше болған жоқ, әлеуетті қол суық судан суырып-ақ алғаны. Сөйтсем қолым жанымнан өтіп бара жатқан қайықтағы солдаттың шинеліне ілінген екен.

Қайықтан қарғып-қарғып шықтық та, жата-жата қалып оқты автоматтан септік-ай келіп. Ұлтарактай жерге жер бауырлап жатып алдық. Қара суық қалтыратып барады. Оның үстіне суға сүнгіп алғаным тағы бар. Суға малшыған шинелімді шешіп тастап, сәбектей, реті келгенде жүрелей жүріп атыса түстік. Түн көзге түртсе көргісіз қараңғы. Немістердің оты да азайғандай. Бірер сағаттан соң артымыздан тың күш келіп қосылды. Жағаға алдымен шыққандарды жинап алып тамақтандырды, су киімдерімізді ауыстырды. Екі тәулік соғысып, өзеннен өтіп Бессарабияға кірдік.

Мен орден кітапшасына көз жүгіртем. Екінші Қызыл Жұлдыз ордені 1944 жылғы 15 апрельде берілген. Қай ерлігі үшін наградалды екен деген сұрақ ойға орала берді.

— Бессарабияны азат еткеннен кейін, — деді Әлекең шешіле түсіп, — тағы да ұрысқа кіріп, Белоруссия жерін фашистерден арылттық. Одан әрі Висладан өтіп Польша жерінде соғыстық. Варшаваны босаттық. Сол жолы «Варшаваны азат еткені үшін» медалін алдым. Қиян-кескі шайқастың бірі Люблин қаласын аларда болды. Қанша естен тана соққы жесе де немістер майдан шебі өз еліне қарай тақалған сайын жан ұшыра шайқасып бақты. Бұрыннан бекініп, қоныстанып қалған Люблин сияқты қалаларды өліспей беріспеуге айналды. Ал біз болсақ жауыздар ордасын ойрандамай тынбасқа бел байладық. Қанша табан тіресе де немістерді түре қуып қалаға кірдік. Қапыда келіп қалған жау самолеттері шүйіле үйіріліп бомбасын төгіп өтті. Сол сәтте өзімді біреу көтеріп бара жатқандай сездім...

— Неше күн өткенін білмеймін. Қөзімді ашсам керуетте жатыр екенмін. Аң-таңмын. Дабыстап шақырғаным ешкім жауап бермейді. Жаным кісі келмейді. Басымды көтеріп тұрайын десем денем қозғалтпайды, зіл. Сөйтсем, мен бомбылау кезінде топырақтың астында қалған екем. Шабуыл аяқталған соң аяғымды көрген бір солдат аршып алыпты. Жүрек тоқтамапты, бірақ қатты контужен болып екі құлағым бітіп қалыпты. Мен мұның бәрін кейін білдім. Сол бетте дала госпиталінде 3 ай жаттым, — деді Алпысбай.

Орден кітапшасындағы жазу үшінші Қызыл Жұлдыз ордені А. Қуанышевке 1944 жылғы 25 июньде берілгенін мезгеп тұр. Бәлкі жауынгердің Польша жеріндегі ерлігі ескерілген шығар деп долбарлаймын мен.

— Қасыңызда жерлестеріңіз болды ма? — деп сұраймыз біз одан.

— Жоқ, — деп жауап қатты ол. — Болған жоқ. Соғыста өткен бүкіл төрт жылда Польша жерінде ғана бір қазақ жігітін көрдім. Семізшелеу келген, өзім құралып жігіт екен. Бөлімше командирі ертіп әкелді. Газеттенмін деп таныстырды ол өзін.

— Қандай ерліктеріңіз үшін алдыңыз мына медальдарды деп сұрады, — ол.

— Шырағым-ай, ерлік дейтін, қайсыбір ерлік дейсің, жұрт қатарлы соғысып, жауды өкшелей қуып келеміз ғой әйтеуір, — дедім.

— Онда елден асқан ешқандай ерлігіңіз жоқ екен ғой деп, — тілші жігіт өкпелеп кетіп қалды.

— Орыссыз мақтану жараспайды, — деді кең танауы қусырылған Әлекең бізге тіктей қарап. Мына орден, ана медаль сол бір ерліктің куәсі еді деп айта алмаймын. Әйткені оны өзім де білмеймін. Былтыр қатарынан үш Қызыл Жұлдыз және Ленин ордендерін алғанда әбден қысылдым да. Не үшін наградалдың дегенде сасып та қала беремін. Әлекеңнің майданда жүргенде алған мақтау белгілері ішінде Совет Одағының маршалдары Г. К. Жуков пен К. К. Рокоссовскийлер қол қойған он екі алғысы және

бар. 1945 жылдың көктемінде Германия жерінде шайқасып жүргенде 23 жасар Алпысбай Қуанышев партия мүшелігіне кандидаттыққа өтеді.

— Госпитальдан шығысымен сұранып жүріп өз бөліміме келіп қосылдым, — деді Әлекең, біздің тілегімізге орай әңгімесін бір жүйеге келтіріп. Бұл соңғы, шешуші соққыға бет алған шақ. Алдымызда бұлайдағы ағып Одер жатты. Мықты болсаң өтіп көр дегендей айбат шегеді ол. Өзеннің әр тұсынан бұзып-жарып өтпекші де болдық. Бірақ одан мардымды ешнәрсе өнбеді. Енді түнді қойып күндіз шабуылға шықтық. Одерден өтерде қанша қиыншылық кездесе де қарқынды келе жатқан жауынгерлер оны жеңе білді.

Одер бетін резинка қайық андыздай қаптады. Әр қайықта он адам. Түтін мен тұман араласқан көктемнің бұлыңғыр күні. Үздіксіз жарылған снаряд, суға тасталған бомба. Түс әлеті. Сапырылысқан су ылай. Батып жатқан, қалқып бара жатқан адам мүрдесі. Көз тоқтатуға дәт шыдамайды. Астың тұңғыш, үстің ажал. Бас паналар тұқыл жоқ. Тек алға жылжисың, жаудан жер тартып алуға ұмтыласың. Өмір үшін өлмеуге тырысасың. Мұндайда ажалды емес, арманды ойлаған адам ғана тірі қалады. Одерден өттік те. Жағадағы ұрыста мен он жақ санымнан жараландым. Медсанбатта бір айдай емделдім. Қайтадан қару ұстап қатарға қосылдым.

Берлинге де жеттік. Жерді шайқаған катюшалардың зіркілі, қарақшылар ордасына өлім сепкен самолеттер үні аспан мен жердің арасын тұндырып тастады. Жарылған снаряд пен атылған оқта қисап жоқ. Қала қанша кираса да зұлмат жау зұлымдығын тыймады. Әрбір көше соғыс сахнасына, әрбір үй жеңілгендердің қабіріне айналды. Берлинде барлық майдан тоқайласты. Жау ордасы ойрандалып жатты.

Біздің бөлімге қаланың қақ ортасындағы төрт қабатты үйді алу тапсырылды. Зәулім үйдің төрт қабырғасына бірдей тесіліп оқ атар жасалған. Тағы бір ғажабы бұл үйдің үстіне самолет жақындай алмайды. Төбеге орнатылған зениткалар тура келіп қалған самолеттерді жер қаптырып тұр. Үйді айнала қоршап, күні-түні бірдей оқтың астына алдық. Дөп тиген снаряд қабырғаны опырып жібермей шоршып кейін серпеді. Оқ өтпейді. Үйді екі күн қамадық. Я сырттан, я іштен қимылдаған жан жоқ. Елең-алаңда 3—4 солдатты бастап бірінші қабаттың бір бүйіріне ендім. Өлген неміс үйіліп жатыр. Үйдің бұл қабаты қару-жарак қоймасы екен. Жайласып алып оқ-дәріге келер жолды кестік, байланысты үздік. Сағат сайын атыс қыза түсті.

Түстен кейін, зауал ауа қолдарында ақ жалауы бар төрт офицер шықты үйден. Жаудың соңғы қалдығы тізе бүгіп, қол көтерді. Тұтқындар лақтырған қару-жарак екінші қабат деңгейіне жетті. Үйдің бірінші қабаты қару-жарак, оқ-дәрі қоймасы, екінші қабаты жаралыларға арналған госпиталь, үшінші қабатта солдаттар, төртінші қабатта самолет ататын зенит зенбіректері, әртүрлі пулеметтер орналасқан екен. Қала ішіндегі мықты бекіністердің бірі осылай жойылды.

Біз орден кітапшасын қолға тағы алдық. Онда А. Қуанышевке еліміздің ең жоғары награды — 390416-номерлі Ленин ордені — 1945 жылғы 31 майда берілді деп жазылған. Мүмкін сонау төрт қабатты күзгіндар ұясын талқандағаны үшін болар.

— 1945 жылғы 2 май күнгі сағат 2-де Берлиннен 15—20 километр жердегі селенде тұрған бізге соғыс бітті деген, көптен күткен қуанышты хабар келді, — деп әңгімесін аяқтады Әлекең.

Соғысты жеңіспен тындырған атқыштар бөлімшесінің командирі, сержант Алпысбай Қуанышев бұдан кейін Германиядағы Хемница қаласында 1946 жылғы 26 декабрьге дейін әскери қызметте болады. Оның кеудесіне «Берлинді алғаны үшін», «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдары қалады. 1947 жылдың басында ол туған жеріне оралады. Алдымен шопан таяғын ұстаған Әлекең 1951 жылғы май айынан бастап «Алматы» колхозында сиыр бағып келеді. Ол бүгінгі бейбіт майданда да ерен еңбектің үлгісін көрсетуде. Соның айқын дәлеліндей боп бақташының жауынгерлік наградтарының жанында мерекелік Ленин медалі жарқырайды.

...Таң сәріде торы атқа қонған Алпысбай сиырларды тауға қарай бөктерлете өргізіп барады. Бақташының еңбек майданындағы 20 жылдық ерлігін сөз еткенде осы колхоздың бас зоотехнигі Г. А. Кальментев ол туралы айта келіп, өзге жұрттан ерекше қазақшалап: «Алтын адам» деді. Бұл бағаны естігендер түгел қостады. Кешегі Ұлы Отан соғысының қаһарманы, бүгінгі бейбіт еңбектің майталманы Алпысбай Қуанышев ақиқатында да алтын адам.

Алматы облысы,
Талғар ауданы,
«Алматы» колхозы.



МАЗМҰНЫ

КПСС-тің КЕЗЕКТІ XXIV СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ, КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1970 жылғы 13 июльде қабылдаған қаулысы	1
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы	2
«Қырғыз Автономиялы Советтік Социалистік Республикасың құру туралы» ВЦИК пен Халық Комиссарлары Советінің Декреті	3

ҚАЗАҚ ССР МЕН ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНА 50 ЖЫЛ

Бас мақала — Мерекелі жыл берекелі болсын	4
С. Ниязбеков — Коммунизм орнатушылар сапында	11
С. Имашев — КПСС-тің айбынды отряды	17
С. Мұқанов — Жаңарған ел, жайнаған дала	24
М. Морозов — Қазыналы Қазақстан	29
Ю. Бурлаков — Жаңа белесте	34
М. Есенәлиев — Өскен өнер	39

ОКТЯБРЬ ШАПАҚТАРЫ

Ы. Тілеубергенов — Кентау келбеті	45
Х. Арыстанбеков — Мамандар дүкені	49
Ж. Айтуаров — Партияға рахмет!	53
М. Әлібаев — Совет өкіметін нығайту күресінде	55
М. Бегәлиева — Жарқын жол	58
К. Бекешева — Менің бақытым	61

АРДАҚТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

К. Назханов — Ильичпен дидарласқан	62
Х. Баймендин, А. Нұрқанов — Революция сарбаздары	68
А. Біләлиев — Орда үстіндегі ту	72
Ш. Есмұрзаев — Алтын адам	75
Шежіре сыры	54—60

СОДЕРЖАНИЕ

О СОЗЫВЕ ОЧЕРЕДНОГО XXIV СЪЕЗДА КПСС. Постановление Пленума ЦК КПСС принятое 13 июля 1970 года	1
Пленум ЦК КП Казахстана	2
Декрет ВЦИК и СНК «Об образовании Автономной Киргизской (Казахской) Социалистической Советской Республики»	3

ПЯТИДЕСЯТИЛЕТИЕ КАЗАХСКОЙ ССР И КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА

Передовая — Славный юбилей	4
С. Ниязбеков — В едином строю — к победе коммунизма	11
С. Имашев — Боевой отряд КПСС	17
С. Муканов — Обновленная земля	24
М. Морозов — Богатство недр Казахстана	29
Ю. Бурлаков — На новом рубеже	34
М. Исиналиев — Искусство возрожденного народа	39

ЛУЧЕЗАРНЫЙ СВЕТ ОКТЯБРЯ

И. Тлеубергенов — Кентау — город трудовых подвигов и дерзаний	45
Х. Арыстанбеков — Кузница кадров	49
Ж. Айтуаров — Спасибо партии	53
М. Алибаев — В борьбе за упрочение Советской власти	55
М. Бегалиева — Светлый путь	58
К. Бекешева — Мое счастье	61

БОРЦЫ ЗА СЧАСТЬЕ НАРОДА

К. Назханов — Его знал Ильич	62
Х. Баймендин, А. Нурканов — Солдаты революции	68
А. Билялиев — От ячейки до губкома	72
Ш. Есмурзаев — Продолжение подвига	75
Из летописи КазССР и Компартии Казахстана	54—60

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

УГ05694.

Зак. 20.

Тираж 46701.

К. САҒЫНДЫҚОВ (бас редактор), З. АЙТМАҒАМБЕТОВ (жауапты секретарь), Ә. АХМЕТОВ, С. БЕЙСЕНБАЕВ, Ш. ЕСМҰРЗАЕВ, Т. ЖАНКЕЛДИН, Ә. КӘКІМЖАНОВ, С. ҚОЖАМСЕЙІТОВ, К. МЕНДІБАЕВ, Ә. РАХИМОВ, Т. ЫДЫРЫСОВ.

Редакция адресі: Алматы қаласы. Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 67-20-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 67-13-30, насихат және экономика бөлімдері — 67-14-04, редактор — 67-23-06.

10/VIII-1970 жылы басуға қол қойылды, қағ. 70×108^{1/16} 2,5 қағ. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы. Алматы, Ленин проспекті, 4.